№52 (1572)
31 желтоқсан
2020 жыл

ISSN 1999-5857

ANA TILI

1990 жылғы наурыздың 22-сінен бастап шығады

Ұлт Газеті

Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады

www.anatili.kz www.facebook.com/anatilikaz www.twitter.com/anatilikz e-mail: anatili_gazeti@mail.ru 16+

ТІЛБҰЗАРҒА – ТОСҚАУЫЛ

СӨЗДІКТЕР СЕРГЕЛДЕҢІ

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде іс-қағаздар жүргізгенде, қоғамдық қатынастарда қолданылуы мен ғылыми тіл ретінде дамуы тәуелсіздік алғалы дау-дамайдан шықпай келеді. КСРО кезінде қазақ тілінің орфографиясы, грамматикасы мен ғылыми тілі жүйелі қалыптасты, емлеге сәйкес қойылатын тыныс белгісі мен сөздің дұрыс жазылуы дау тудырмайтын. Қазір сол жүйенің не себепті өзгергені түсініксіз, әрине, тіл де даму үстінде болады, бір сөздер қолданыстан шығады, жаңа сөздер енеді, тағы бір сөздер көнереді немесе мағынасын өзгертеді. Бірақ жазба тілінде қатаң ереже сақталады, бұл сауаттылық. Сауаттылықты бір ізге келтіру мақсатында құзырлы мекемелер құрылып, олар арнайы сөздіктер дайындайды. Мемлекет бойынша мектептегі оқушыдан бастап барлық тіл қолданушы орта осы сөздіктерге сүйенеді. Сөздіктердің түрлері көп: тілдің түсіндірме сөздігі, орфографиялық, орфоэпиялық, ғылыми терминдер аудармасы, тілдік аударма сөздіктер, т.б. Осы сөздіктердің бәрінде кез келген сөздің жазылуы және бір мағына беретін сөздердің аудармасы сол сөзді қолданатын ғылымдардың барлық аударма сөздіктерінде бірдей болуы тиіс. Бұл қисын! Мысалы, тіктөртбұрыш. Бұл сөз барлық жерде дәл осылай бірге жазылуы тиіс, тік төртбұрыш емес. Егер сөздіктердің бәрінде осы сөз бірге жазылса, ешқандай дау тумайды, ал бір сөздікте бірге, екінші бір сөздікте бөлек жазылса, қолданушы не істеуі керек?

Енді қазақ тілінің сөздіктеріне тоқталайын. Бұл мақалада өзім жиі кездестіретін, әрі дау туғызып отыратын сөздердің кейбірін ғана қарастырамын. Кестеге назар аударсаңыздар, ең қарапайым, бастауыш сыныптан бастап қолданылатын сөздердің бірнешеуі ғана келтірілген, себебі сөздіктердің бәрін салыстырып, оған сараптама жасауды міндетіме алмадым, оған уақыт та жоқ. Өйткені тек ғылыми терминдік аударма сөздіктерінің ғана ұзын саны бір серияда 32-ден артады. Ал ондай сериялар бірнеше баспадан әр жылдары басып шығарылған және олардың бәрі қолданыста, тыйым салынғаны, қолданыстан алып тастағаны жоқ. Осы сараптама мақалада қолданылған сөздіктер:

Қазақша-орысша терминологиялық сөздік. Математика, 2-том. Рауан (қазіргі «Мектеп»), 1999, Алматы;

Қазақша-орысша терминологиялық сөздік. Математика, 2-том. ҚАЗақпарат, 2014, Алматы;

Қазақша-орысша терминологиялық сөздік. Физика, 1-том. Рауан, 1999, Алматы;

Қазақша-орысша терминологиялық сөздік. Физика, 2-том. ҚАЗақпарат, 2014, Алматы;

Қазақша-орысша терминологиялық сөздік, Электроника, радиотехника және байланыс. 6-том. Рауан, 1999, Алматы;

Русско-казахский словарь. Дайк-пресс, 2005. Алматы;

Орфографиялық сөздік. 6-бас., Тіл комитеті, Тіл білімі институты. Дәуір, 2013, Алматы;

Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 32 б, Тілтаным, 2011. Тіл білімі институты. (1-кесте)

Көріп отырғанымыздай, бір терминнің жазылуы сөздіктерде әртүрлі. Орфографиялық сөздіктерді тіл мамандары құрастырды, ғылыми терминдерді біле бермес деп ақталсақ, терминологиялық сөздіктерді мамандар құрастырды емес пе? Сөздіктерді құрастырушылардың ғылым саласындағы маман болсын, тіл маманы болсын бір-бірімен келіспейтіні көрінеп тұр. Айталық, жарты шар термині шардың жартысы деген мағына береді. Оның шардан бөліп алып жеке фигура ретінде қарастыратын өзгеше сипаты жоқ, тек оның элементтері толық шар элементтерінің жартысына тең екенін ескерсе болды. Демек, «жарты» сөзі қазақ тілінде сын есімнің рөлін атқарып, шар сөзінен бөлек жазылуы тиіс. Аударманы орыс тіліндегі полушар сөзіне сүйеніп жазғандар екі сөзді біріктіріп, біріккен сөзге, яғни зат есімге айналдырған. Ал қазақ тілінде приставка жоғын ескергендер сөздерді бөліп жазған, себебі полу – жарты сөзі приставка, приставка сөзден бөлек қолданылмайтындықтан бөлек жазылмайды. Жарты сөзі қазақ тілінде жеке қолданыла береді. Мұндай мысалдар әдеби қазақ сөздерінде де көп (2-кесте).

Гармоническое сөзін физиктер гармоникалық, ал математиктер гармониялық деп аударған. Мысалы, тербеліс гармоникалық па, гармониялық па? Осы тербелістердің анықтамасы және оларды сипаттайтын математикалық теңдеулері екі ғылымда да бірдей, бір тербеліс, ендеше не себепті әркім өзінше атайды? «Жорамал» сөзін 1999 жылы «Рауанда», қазіргі «Мектеп» баспасында басылған сөздікте тіпті екі түрлі жазған: Жор(ы)мал (кескін, тоғыс), 516 және Жор(а)мал (кескін, тоғыс), 216 б. Біздің елде шығатын сөздіктердің бәрін сатып алып, салыстырып, сосын өзіннің қисынына салып отырып қолданбасан, болмайды. Критический сөзінің аудармасы үш түрлі: сындық, критикалық, күдікті! Сонда нүкте (критическая точка) сындық па, критикалық па, әлде күдікті ме? Не себепті осы сөздердің біреуін-ақ қолдануға болмайды? Қысқасы, сөздіктер – сөздік емес, қолданушыны сараптамашыға айналдыратын құрал. Жоғарыдағы кестені жалғастырайық. (3-кесте)

(Жалғасы 2-бетте)

БҮГІНГІ САНДА:

Мәлік ОТАРБАЕВ:

Сирек кітаптардың сырына үңілгенде... 3-бет

Фольклор мен түркітану – ғалымның қос қанаты 5-бет

Театрдағы мерекелік шаралар 12-бет

БАСПАСӨЗ – 2021

Азаматтың суреті

ҰЛТ БАСЫЛЫМЫ «АНА ТІЛІНЕ» ЖАЗЫЛАЙЫҚ!

Қазір жер-жерде алдағы 2021 жылдың газет-журналдарына жазылу науқаны жүріп жатыр. Жұртшылық өзге басылымдармен қатар, өздері сүйіп оқитын «Ана тілі» газетіне де қолдау көрсетіп жатыр деген сенімдеміз.

Биылғы жылы отау көтеріп, құрылғанына 30 жыл толғанын атап өткен «Ана тілі» ұжымы оқырман көңілінен шығу үшін шығармашылық күш-жігерлерін аянып қалған емес. Әсіресе ұлтымыздың өзекті мәселелерін көтеруде қалтқысыз қызмет етіп келеді. Бұл елдік іс алдағы уақытта да жалғаса беретін болады.

Оқырман – газеттің тірегі, жанашыры. Кез келген басылым оқырманымен ордалы. Олай болса, біз де газетіміздің ел көлемінде көптеп таралып, әрбір қазақ шаңырағының сенімді серігі, ой бөлісер сырласы болғанына мүдделіміз. Ол үшін Сіздің қолдауыңыз қажет, құрметті оқырман!

«Ана тілі» газетінің «Қазпошта» АҚ бойынша 2021 жылға жазылу бағасы

Жеке жазылушы үшін Индекс: 65367		
Мерзімі	Аймақ-қала	Аудан-ауыл
6 ай	2391,00	2502,72
12 ай	4782,00	5005,44

Кәсіпорын мен мекеме үшін Индекс: 15367		
Мерзімі	Аймақ-қала	Аудан-ауыл
6 ай	3414,00	3525,72
12 ай	6828,00	7051,44

ӨНЕР

ҚҰРМАНАЙ

(«Біздің елдің сұлтаны мен ұлтаны» топтамасынан)

(Басы өткен санда)

II

Құрманай, ресейлік «білгіштер» айтатындай, ешқандай да жеңіл-желөкпе әйел емес, жұртпен бірқалыпты қарым-қатынас ұстайтын, байыпты, ойлы, орынды жерінде ашық-жарқын мінезді қыз болып шықты. Досым бұл жайында екі жерде мінездеме берген. Бірінде «Құрманайдың жаны жайсан, көңілі көл, мінезі аҳжарқын еді. Достың жолынан ештеңені аямайтын, ұнамағанды тік айтатын», – десе, еске алу мақалада: «Мінезі жайдары ашық болып шықты. Ансамбль жігіттерімен бірдей боп бірге жүрді. Ел аралап өнер көрсеткенде қыз баламын-ау деп ешқашан сыр бермеді. Оңашада, репетицияда өзіл-қалжың айтып, түрлі бастамаларға мұрындық болып, ән айтып, тыным таппайтын. Жігіттердің бәрін бірдей көретін, реті келгенде еркелеп қоятын» делінген.

Жалпы Құрманайдың «Дос-Мұқасандағы» алғашқы жылдары жайлы мәлімет тым аз. Жаңа ортада, оның үстіне шақпақ тастай өтөрім жігіттердің арасында жалғыз қыз болып жүріп өзін сақтауды айтпағанда, өнер жағынан келгенде, бұрын тек акустикалық ән айтып келе жатқан, тәжірибесі жетімсіз әншінің ынғай электрлі аспаптардан тұратын және шылғи ер дауысты ұжымда жалтақсыз жол тауып кетуі қаншалықты қиынға түскенін бүгінде тек ойша бағамдауға болады. Ансамбль бұл кезде дайындық жұмыстарын алдымен институттың төле қабатындағы киноларатория бөлмесінде, соныра «Самал» студенттер клубының АиВТ жатақханасындағы екі бөлмесінде жүргізген. Алғашқы жылдар жөнінде политехникалық институттың «За инженерные кадры!» көптиражды газетінен бірқатар мәлімет табуға болады. Солардың бірінде екінші курс студенті Ұлықпан Сыдықов 1969 жылғы 16 наурыз күнгі «Дос-Мұқасан» гастролирует» деген мақалада ансамбльдің институттың үгіт бригадасы құрамында Алматы түбіндегі ұжымшарларда концерт берген дігі айтылады. Осындай жарияланымдарға қарап, алғашқы кезде «Дос-Мұқасан» студенттік миниатюраларды, иллюзиондық жанрда өнер көрсетушілерді және әншілерді музыкамен сүйемелдеп тұратын, арасында өз нөмірлерін орындайтын эстрадалық ревю болған сияқты. Осындай жағдайды кейін «Песняры» деп қайта аталғанға дейін «Лявониха» тобы да бастан кешірген ғой. 1969 жылы 8 наурызда «Огни Алатау» газетінде жарияланған бір фотосуретте Құрманай ансамбльдегі жайдары сары түсті бірдей жейде киген төрт жігіттің ортасында ән салып тұр. «Своим изумительным голосом и манерой держаться на сцене покраяет слушателей солистка ансамбля Курманай Ажибаева» деп жазады Ұлықпан Сыдықов жоғарыдағы мақаласында.

Құрманай ансамбльдегі Досымнан өзге жігіттер секілді, нота білмеген, бірақ абсолютті музыкалық есту қабілетінін арқасында кез келген әнді бір естігеннен қағып алып, айтып кеткен. «Ән жаттау үшін оған бір түн жеткілікті еді» делінген естеліктердің бірінде. «Дос-Мұқасан» 1969 жылы «Студенттік көктем» қалалық фестивалінің жеңімпазы атанып, атағы шыға бастағаннан кейін студенттік құрылыс отрядтарын алмасу тәжірибесі аясында бір кезде өздеріне ат берген Янош Картош тұратын Венгрияға барғаны белгілі. Ансамбльдің бұл тұңғыш шетелдік сапары кезінде Құрманайдың «Дос-Мұқасан» құрамында болған-болмағаны мәлімсіз, ал «Дос-Мұқасан» 1971 жылы алтын медаль иеленіп, лауреат атанып қайтатын Ташкенттегі Бүкілодақтық техникаолық ЖООлар фестиваліне қатысуы әбден мүмкін. Өзге де Одақтас республикаларға гастрольдік сапарлармен барғаны анық. Бішкекте (ол кезде Фрунзе) болған кезде досмұқасандықтар мейрамханада сол түста қырғыз хиті атанып тұрған «Дзержинский проспектісі» дейтін әнді естіді. Ол «бискє» бірнеше қайыра орындалады. Осы аралықта Досым әуенін қағаз сұлғіге ноталап тұсіреді де, сөзін жатақханаға оралғасын қырғыз жігіттерінен жазып алады. Құрманай әнді сол түні жаттап алып, ертесіне концертте нәшіне келтіре орындап береді. Нөмір кезінде жазылып алынбаған, қазірде тыңдау мүмкін емес, хит қырғыз Ютубында да жоқ, сол сияқты әнге тақырып болған, бір кездегі Алматының Калинин көшесі сияқты «алтын қасық тістеп туғандар» тұрған «Дзержинканың» аты да бұл күнде Эркиндик гүлзары болып өзгеріп кеткен.

1971 жылы Құрманайдың репертуарында болған «Лето любви» әні де осының аяғын құшып тұр. Ол 1970-ші жылдары Кеңес Одағында экраннан түспеген бір жапон фильмінде музыкалық тақырып (қазіргіше айтқанда, саундтрек) ретінде қолданылғаны айтылады деректерде. Бірақ алғіндей атпен 1967 жылы экранға шыққан американ фильмі, 1970 жылы түсірілген Пәкістан мелодрамасы бар да, жапон фильмі жоқ. Есесіне осы елдің «Махаббат маусымы» дейтін атақты кинолентасы кездеседі. 1969 жылы экранға шығып, іле-шала «Сезон любви» деген атпен кеңестік прокатқа жолдама алған. Біздіншe, жоғарыдағы деректі берушілер айтқан «Лето любви» – арада көп көп уақыт өтуі себепті атын шатастырып алған ось «Сезон любви».

Режиссёр Умэцугу Инооуэ түсірген фильмнің жанры музыкалық мелодрама болғандықтан онда музыкалық материал молынан пайдаланылған. Барлығын да сол тұстағы танымал жапон поп-квинтеті Pinky&Killers орындайды. Солардың ішінен тез арада аты шығып, кеңінен жайылғаны – Koino Kisetsu («Махаббат маусымы») композициясы. Фильмде оны квинтеттің музыкалық және дауыс сүйемелімен монодауыста жапонның талантты әнші қызы, Pinky және Ёко Кон дейтін сахналық есімдерімен белгілі Ёко Имадзу шырқайды.

Саундтрек фильм экранға шыққан тұрып, яғни 1968 жылы Ёконың Koino Kisetsu альбомына сингл болып енген. Осы альбом аттас фильм 1970 жылдар басында Монғолия мен Кеңес Одағында ең кассалық шетел кинолентасы атанғаннан кейін Одақ көлемінде де таралуы мүмкін. Сонымен қатар әннің орысша нұсқасы да жасалған. Сөздері: *«Шепчется море с Луной, / Берег не видно вдали, / Где-то плывёт за кормой, / Белая лодка любви. / Я не могу без тебя, / Словно костёр без огня. / Но ты меня не поймёшь, / В сердце холодный лишь дождь... И полюбить не смог... / Был лишь сезон любви»* деп келеді (1990 жылдар басында бірқатар өзгерістермен Вадим Казаченко мен «Фристайл» тобы бірлесіп кавер-нұсқасын орындады). Құрманай ән әуенін фильмнен, не альбом нұсқасынан жаттап, жоғарыдағы орысша мәтінге түпнұсқа мәтінді араластырып, интерлингвистикамен айтуы да мүмкін (ол кезде қазақ әншілері арасында, мысалы, «Айгүл» ансамблінде, жапон әндерін өз сөзімен айту өзінше бір сән болған).

«Махаббат маусымы» – жеңіл әуенді, ырғақты ән. Түпнұсқада соль-минорда орындалады. Ёко Имадзудың диапазоны кең, әншілік дауысы не альт, не лирикалық сопрано. Осы қалпында контральто Құрманайдың оң жамбасына дәл келеді деп айту қиын. Бірақ, естігендердің айтуынша, қазақ әншісі оны Ёкодан кем орындамаған. Өз даусына лайықтап, ажарлап өңдеп, өзіндік кавер-нұсқасын жасап алған сияқты. «Жас әнші Құрманай Әжібаева махаббат хикаясына тереңдей бойлап, ондағы бүкіл нәзік сезім реңкерін шебер суреткердей ғажайып бояуларға бояп орындады.

(Жалғасы 6-бетте)

ТӘЖТАЖАЛДЫҢ ЫЛАҢЫ

Тумақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы, Ортасы – өмір, жоқтық қой екі басы. Сағымдай екі жоқтық арасында Тіршілік деп аталар біраз жасы. Шәкәрім Құдайбердіұлының осы бір өлеңі биыл көп адамның санасында ұялап жүргендей күй кештік. Өткен жылдың желтоқсан айында Қытайдың Ұхань қаласынан күш алып шыққан коронавирус әлем елдеріне тарап, күллі адамзатты алаңдатты. Осылайша, барлық халықты сергелдеңге салған вирус Қазақстанда алғаш рет биыл 13 науарыз күні тіркелді. Ковидті ең алғаш жұқтырушы ретінде Германиядан ұшып келген екі жолаушы тіркелді. Осыдан кейін жұқтырушылар саны күн санап өсіп, аталған індетке байланысты елімізде 16 науыздан төтенше жағдай режимі жарияланды.

Ақбота МҰСАБЕККҚЫЗЫ
«Ana tili»

Сәуір айының ортасына дейін созылған төтенше жағдай кезінде орталық мемлекеттік органдар, әкімдіктер, құқық қорғау органдары, денсаулық сақтау ұйымдары, азық-түлік дүкендері, дәріханалардың қоспаранда кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмысы уақытша тоқтап, азық-түлік дүкендері, ашық базарлар, ашық аспан астындағы тамақтану орындары, дәріхана, медицина орталықтары ғана жұмыс істеді. Қашықтан оқу мен онлайн жұмыс істеу де осы карантин кезінде халықты сыртта себепсіз жүрмеуге, үйден шықпауға үйретті. Осы уақытта табыссыз қалған азаматтарға 42500 теңге жәрдемақы үш рет төленді. Қалалар мен облыстар арасында блок-бекеттер қойылып, тұрғындардың аймаққа кіріпшығуы қатаң бақыланды. Осы кезде медицина қызметкерлерімен бірге, полициялар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен еріктілер қажырлықпен жұмыс істеді.

Көктемде басталған коронавирусқа жаз мезгілінде пневмония (өкпенің қабынуы) да қосылып, халыққа екі есе қатер төндірді. Осы уақытта ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой Қазақстанда күніне 2,5 мың адамнан пневмония анықталып жатыр деп дабыл қақты. Статистикаға сүйенсек, пневмониядан былтыр алты айда 1780, биылғы алты айда 1772 адам қайтыс болған. Ақ халаттылардың айтуынша, биыл пневмония ауруына шалдығу деңгейі 55 пайызға артқан. Бұл кезде коронавируспен де, пневмониямен ауырғандар да күрт көбейіп, соның салдарынан ауруханаларда орын жетпей, уй жағдайында ем алып жатты. Мамандар пневмонияның өршуін коронавируспен түсіндіруге толықтай негіз бар екенін айтты. Екеуі де вирус, екеуі де ауа арқылы жұғады.

Коронавирус өршіп тұрған кезде адамдар арасындағы мейірім де артып, халықтың көпшілігі қайырымдылықпен айналысуға ниетті болды. Ел басына күн туған шақта, «елдің басшылары не істейді» деп емес, «мен не істей аламын» деп қарлығаштың қанатымен су сепкендей көмек беруге ынталанған жандардың санында есеп жоқ. Биесін сауып, ауруханаға саумалы мен қымызын тасыған қарияны да, дәрі іздеп сандалған халыққа өз көлігімен дәрі-дәрмек тасыған такси жүргізушісін де, ауруханаға тамақ тасыған белсенділер мен кәсіпкерлерді де көрдік.

ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ КӨМЕГІ ЗОР

Бұл кезде дәрігерлер қауіптілігі аса жоғары, жоғары және орташа деген үш дәрежеге сай жұмыс істеп, сол бөлектеріне орай оларға үстемақы төлене бастады. Себебі COVID-19 пандемиясы белең алған кезден бастап бұл дертпен бетпе-бет келіп, күрескен дәрігерлердің еңбегі зор. 2020 жылғы 20 желтоқсандағы тіркелген жағдай бойынша, карантинде күндізтүні жұмыс істеп, айлап үйлеріне бармаған медицина қызметкерінің ішінде 13 172 маман вирус жұқтырған. Оның ішінде 3829 дәрігер COVID-19 белгілері бар пневмонияны жұқтырса, 110 медициналық қызметкер коронавирус инфекциясынан қайтыс болған. Адамдарды аман алып қаламын деп жүріп, өзі вирус жұқтырған 9300 медицина қызметкері қаржылай жәрдем алса, вируста қайтыс болған 215 медицина қызметкерінің отбасына өтемақы тағайындалды.

Ал маман тапшылығы алғашқы айларда катты сезілді. Денсаулық сақтау саласында 108 мың орта буын мамандары жұмыс істесе, маман жетіспеушілігін алдын алу мақсатында медициналық колледж бен медициналық ЖОО түлектері тартылды. Әсіресе, маман тапшылығы Атырау, Маңғыстау, Түркістан, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстары мен Нұр-Сұлтан қаласында байқалды.

Осы кезде Денсаулық сақтау министрлігіне Үкімет резервінен және республикалық бюджет қорынан 114 826,1 млн теңге бөлінді. Үкіметтен алынған 40 058,6 млн теңге бірінші кезектегі кажеттіліктерге, соның ішінде медициналық қызметкерлерді қорғауға жұмсалды. 21 184 млн тенгеге коронавирус инфекциясымен күреске жұмылдырылған барлық мамандар үшін жеке басты қорғайтын заттар алынды. Дәрі-дәрмек пен медициналық заттарды сатып алуға 2 030,8 млн теңге, зертханалық құрылғылар мен коронавирусты анықтайтын тест жүйесіне 2 503,3 млн теңге, коронавирусты анықтайтын реагенттерді әзірлеу және шығару үшін 100,0 млн теңге жұмсалды. ПТР әдісі арқылы зертханалық зерттеу қызметіне 13 799,4 млн теңге бөлінді. Тағы 310,0 млн теңге жедел медициналық жәрдем автокөліктерін жабдықтау үшін отандық өкпені жасанды желдету аппараттарын сатып алуға және 131,1 млн теңге азаматтарды эвакуациялауға бағытталды. 2020 жылға арналған республикалық бюджет қаражатынан 74 767,5 млн теңге қарастырылды. Оның ішінде 19 509,6 млн тенгесі медициналық ұйымдардың инфекциялық, провизорлық және карантиндік стационарларында жүргізілетін медициналық қызметтерге, 40 457,9 млн теңгесі карантиндік іс-шараларды өткізуге тартылған қызметкерлерді ынталандыруға және тағы 14 800 млн теңге Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы инфекциялық ауруханаларды орналастыру үшін үш тез салынатын кешен құруға жұмсалды.

ЖАҚЫНДАРЫМЫЗДАН АЙЫРЫЛДЫҚ...

2020 жылғы 25 желтоқсанда тіркелген коронавирус инфекция белгілері бар пневмония бойынша ақпаратқа сүйенсек, өткен тәулікте коронавирус инфекциясы белгілері бар пневмонияның 154 дерегі және 3 өлім жағдайы тіркелді. Оған қоса 73 адам емделіп шықты. 1 тамыздан барлығы: ауырғандар – 45105, қайтыс болғандар – 486, ал жазылып шыққандардың саны 32596-ға жетті. Жалпы пандемия кезінде 150 мыңнан астам адам ауырса, оның 137 мыңға жуығы жазылып, 2 мыңнан астам адам көз жұмған.

Дүниежүзі бойынша COVID-19 індеті 1 миллион 700 мың адамның өмірін жалмады. Қазақстанда да маусымның соңы мен шілдеде болған аурудың өршуінен талай адам жақындарымен қош айтысты, елдің бірқатар аяулы азаматтарынан да айырылып қалдық. Оның ішінде індет құрсауында көз жұмған белгілі композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кенес Дүйсекеев, белгілі дизайнер Берік Исмаилов, театр және кино артисі Дархан Дайырбек, танымал журналист Жолдасбек Дуанбай, Сарыағаш медресе колледжінің директоры Әбдіғаппар Сманов және басқалар коронавирус пен пневмониядан көз жұмды.

Мыңдаған азаматтарымызды жер қойнауына тапсырып жатқанда, көңілге демеу болып, өмір есігін ашып жатқан сәбилер де болды. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, Қазақстанда 2020 жылдың алты айында барлығы 64 968 адам қайтыс болса, бұл уақытта 197 265 сәби дүниеге келген. Бала туу саны бойынша Түркістан, Алматы облыстары, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары алғашқы бестікте тұр. Түркістан облысында – 27 512, Алматы облысында – 25 361, Алматы қаласында – 16 547, Нұр-Сұлтанда – 14 123 және Шымкент қаласында – 13 718 сәби дүниеге келген. Бұл тек алты айлық көрсеткіш. Сонымен, жарты жылда табиғи өсім +132 297 адамды көрсетіп отыр.

МАМАНДАР НЕ ДЕЙДІ?

Әсем ОМАРОВА, инфекционист:

– Медицина қызметкерлері коронавирус дертімен күресте алдыңғы шепте қызмет етіп жатыр. Мен де «Қауіптілігі орташа» карантиндік стационарлардағы дәрігерлер қатарында қызмет еттім. Індет тараған алғашқы айларда бірнеше ай үйімізге бармадық. Өйткені науқастармен тікелей жұмыс істеп жатқандықтан, өзімізі үшін де, отбасымыз үшін де жабық кеңістікте қалуымыз керек болды. Бізде маска, арнайы көзілдірік, резина аяқ киім, қорғаныс костюмі... бәрі болды. Бұл киімдердің өзін белгілі сағат арасында залалсыздандырып отырдық.
Қазір бәрі артта қалды. Дегенмен, қауіп жоқ деуге де болмайды. Дәрігерлер қашанда, қандай жағдайға болмасын дайын отырғымыз керек. Алғашқыда абдырап қалғанымыз рас. Бірақ, міне, бір жылға жуықтады. Осы тәртіпке, осы жағдайға үйрендік, тәжірибе жинадық. Алдағы уақытта қандай да бір мәселе туындаса, дайын екенімізді айтқым келеді. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болса деп тілеп отырмыз.

Ақмарал САТЫЛХАНҚЫЗЫ, мұғалім:

– Пандемия көп нәрсені қашықтан атқаруға үйретті. Оның ішінде қашықтан білім беру, онлайн оқыту. Бұл шынын айтқанда, біздің елдің тәжірибесінде жоқ болатын. Онлайн оқыту мұғалімдер үшін де, оқушылар үшін де, ата-аналар үшін де өте ауыр болды. Оған интернеттің, сервистердің дамымағаны, білім алушылар арасында техниканың жеткіліксіздігі де өз әсерін тигізбей қоймады. Карантин жағдайына байланысты биылғы оқу жылы да қашықтан, онлайн оқыту тәртібімен өтіп жатыр. Тәжірибеге сәйкес, онлайн оқыту бағдарламалық жүйелер мен тele-сабақтар арқылы жүзеге асырылуда. Қашықтан білім беру саласында жұмыс істейтін «Bilimland», «DDaryn. online», «Күнделік»,«Univer», «Platonus», «EduPage», БИЛ, «BTS education», «U-study» және «AGS» сынды ұйымдардың өкілдері және педагог-әдіскерлер, мектеп директорлары мен оқу ісі жөніндегі орынбасарлары және ЖОО проректорлары бірігіп, арнайы жұмыс тобын құрды. Дегенмен, қашықтан білім беру мектеп оқушыларының білімін сәл де болса төмендеткені жасыратын жағдай емес. Себебі бала ата-ананың алдында мұғалімнің алдында отырғандай оқымайды. Әйтсе де, бұл қиындықтардың бәрі артта қалып, дәстүрлі оқыту жүйесіне көшер кез туарына сенемін. Ең бастысы, балалар мен ата-аналарға сабыр тілеймін.

Айтөре ДУМАН, полиция қызметкері:

– Барлық саланың мамандары сияқты полиция қызметкерлеріне де оңай болған жоқ. Күндіз-түні елдің амандығын тілеп, сыртта жүрдік. Мен бірде блок-бекетте турсам, бірде шеткі аудандарды аралап жүрдім. Енді бірде қала ішіндегі сяйбақтар мен сауда орталықтарында тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етумен болдық. «Бүгін шықтым», «кеше шықтым» деп санасын жаттатын уақыт болған жоқ, бүйрық келді ме, шыға бердік. Өйткені елдің амандығы мен тынныштығы маңызды болды сол сәтте. Бір нәрсені айтайын, көп мәселе блок-бекеттер қойылған кезде туындады. Тұрғындар көп нәрсені түсінгісі келмеді. Облыстағылар қалаға, қаладағылар саяжайға шыққысы келді дегендей. Біз қолымызға беріген құжатпен жұмыс істедік. Бір кісі: «Сенің де әкең бар шығар, мені саяжайға шығара салшы» дейді. Мен оған: «Иә, менің де сіздей әкем бар, мен сол үшін осында 24 сағат аяғымнан тік тұрмын» дедім. Ана кісі үнсіз қалды. Кейде адамдар үшін жек көрінішті болып жатамыз, оған еш ренжімеймін. Ең бастысы қиындықты бірге еңсеріп келеміз, мен соған қуанамын.

P.S.

Міне, осылайша баршамызды абдыратқан Тышқан жылы да жылжып өтіп барады. Кейбіреулердің жаны жаралы... Дегенмен, өткенге салуат айтып, жылды шығарып салудамыз. Күнтізбе бойынша кіріп отырған Сиыр жылынан күтеріміз көп. Бастысы, еліміз аман, бауырымыз бүтін болып, кеңшілік пен тыныштық орнағай.

ТІЛБҰЗАРҒА – ТОСҚАУЫЛ

СӨЗДІКТЕР СЕРГЕЛДЕҢІ

(Басы 1-бетте)

Қазақтардың әрекет пен әсері шатастырып жүргеніне де ұзақ жыл болды. Барлық аударма сөздіктерде «действие» күшке катысты дәл мағынасында «әрекет», ал «воздействие» «әсер» деп аударылса да, терминологиялық аудармалар бір жерде әсер, екінші сөздіктерде әрекет деп жүр. Кестеге назар аударсақ, күшке катысты «Близкодействующая сила» сөзінің аудармасын біреулер қосып, біреулер бөлек жазған. «Равнодействующая сила» сөздерінің аудармасы әртүрлі және «тең» сөзін бір жерде қосып, екінші жерде бөліп тастаған. Дайк-пресс баспасынан 2005 жылы жарық көрген орысша-қазақша сөздікте «действие» сөзі 1.Әрекет; привести в действие әрекетке келтіру. 4. (воздействие) ықпал, әсер. 200 б. деп дәл аударылған. 1-мағынада Әрекет; привести в действие әрекетке келтіру, яғни күштің әрекеті жайлы сөз болуда. Дене күштің әрекеті нәтижесінде қозғалады. Сондықтан күштің әсерінен, ықпалынан дене қозғалыска келді деу дұрыс па? Денені қозғалту үшін оны иторесін, тартасын. Итеру мен тарту әрекет пе, әсер ме? Әрине, әрекет. Осы сөзге ерекше тоқталып отырған себебім, кейбір мектеп оқуыктарының авторлары «күш әсер етеді» деп қолданған.

Оқуыктарды сараптайтын Республикалық ғылыми-практикалық «Оқулық» орталығының сараптамашылары терминдерге қатысты жиі субъективті пікірін тыкпалап, «кол қоймаймыз, өткізбеіміз» деп жатады, кейде солай болады да. Мысалы, «күш әрекеті» сөзін «күш әсеріне» өзгертуді сараптамашылар да тыкпалап қоймайды. Біреуі әсерге, біреуі әрекетке ауыстыруды талап етеді. Кейде осы оратыктың сараптамашылары өздері естімеген сөздерді алып тастап, орысшасын жаз деп қикалан салады. Мынадай оқиға болған: сараптамашы «Жермай» деген не сөз? Аспаннан алып жаза бермей «керосин» деп жазындар» деп өлек салған. Жермай сөзі «Қазақ тілінің түсініктеме сөздігінде» бар. Оны қазақ тілін жете білмейтін сараптамашы сөздіктен іздесе табар еді.

Аузы қисық болса да бай баласы сөйлесін демекші, тілді жетік білмейтін сараптамашылардың қырсығынан кейбір оқулық авторлары олардың айтқанын жасап, қарсы келмей, қате жіберетін немесе қазақ сөздерін орыс сөздеріне ауыстыратын кездері де кездеседі. Сол баяғы оқулыған өткізбей қоя ма деген қоркыныш оқулықтарда қазақ тілінің дұрыс қолданылуына кері әсерін тигізіп жатады.

Сөздіктерге оралайық. Информатика саласында қазақ тіліндегі терминдер әлі қалыптасып болмады. Айталық, «Мышь» сөзін мектеп оқулықтарында «тінтуір» деп қолданып жүр (Орф.сөздік, Тінтуір (инф), 596 б). «Тінтуірдің» тінту сөзінен алынғаны көрінып тұр. Тінту – күдікті адамнан немесе үй, т.б. жерлерден қылмысты дәлелдейтін дәйектер іздеу. Демек, аударма сәтсіз. Ағылшындар маус (тышқан), орыстар мышь (тышқан) десе, қазақтар не себепті тышқан деп айта алмайды? Қазақта тімісқілау деген сөз бар. Тышқан иіскеп, тімісқілеп жүреді, тінтпейді. Егер бас қатырмай-ақ «тышқан» десе, курсорды қозғалыска келтіретін тетіктің мағынасы ашылар еді. «Мышь» сөзін «колтетік» (Ө.Айтбайұлы, Ж.Бұланбаева. Компьютер терминдерінің сөздігі. Глобус. Алматы. 2009 ж.136 б.) деп те аударған екен. Менің ойымша, бұл – аудармалардың ішіндегі неғұрлым дәл аударма. Бірақ оны қолданысқа енгізбеген, мүмкін мұндай аударманың барын информатика оқулықтарын жазып жүрген авторлар білмейтін болар.

Информатикада «курсорды» **сілтеуіш, меңзер** деп қолданады. **Стрелка** сөзін де **меңзер, сілтеуіш** және **нұсқағыш, нұсқама, көрсеткі, тіл** деп пайдаланып жүр.

Қысқасы, «қазаншының өз еркі қайдан құлақ шығарса». Сондықтан болар, қазақ тілінің ғылымилығы даму, жетілудің орнына кері кетіп барады.

Енді әдеби қазақ тілінің орфографиясына сал тоқталайық.

Яблоня – алма ағашы, 1143 бет (Русско-казахский словарь. Дайк-пресс, 2005. Алматы). Дәл осы жерде былай жазылған: яблоко от яблони недалеко падает алма алмағаштан жырақ түспейді. 1143 б. Назар аударыңыз: бір сөз екі түрлі жазылған: алма ағашы және алмағашы. Ал қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде алмаағашы деп жазылған. Осылайша, бір сөз үш түрлі орфографияға ие болған. Бұрын «Алма ағашы» деп жазатын, себебі бұл жеміс ағашының бір түрі. Жеміс ағаштары шие өсетін, жиде өсетін, алма өсетін, т.с.с. Оны қысқа шие ағашы, жиде ағашы, алма ағашы дейді. Әңгіме ағаштың түрі жайлы болған соң сұрақты былай қоятын: «Ағаш қандай?» Сонда шие, жиде, алма заттың түрін біздіріп, сын есімнің қызметін атқарады. Ал енді «алмаағашы» сөзі бірігіп зат есімге айналды, ал қалған сөздер бұрынғыдай бөлек жазылып жүр: шие ағашы, жиде ағашы, т.с.с. Қисын қайда, тіл мамандары?

Дәл осылай «жол» сөзін қарастырайық. Тасжол және қара жол, сокпақ жол. Неге тасжол бірге, ал қалғаны бөлек жазылады? Үшеуі де жол емес пе? Тас және қара, сокпақ сөздері жолдың түрін ғана білдіреді. Не себепті бұрынғыдай тас жол деп бөлек жазудан бас тартты? Киім сөзін алайық. Жол, ағаш сияқты киім сөзі де жалпы мағына береді. Ал оның түрлері бұрын бас киім, аяқ киім, сырт киім, іш киім болып жазылатын. Қазір олардың бәрі жеке атау, яғни зат есімге айналды, бәрін бірге жазады: баскиім, аяккиім, сырткиім, ішкиім. Ал енді сұрақ: «Баскиім дегенде шляпа, такия, бөрік, сәукеле, малақай, құлақшын, т.б. бас киім түрлерінің қайсысын алайық, әлде од жаңа бас киім түрі ме?». Бұрын «бас киім» дегенді жалпы атау деп түсінетін ми оның түрлері барын өзі аңғарып тұратын, енді бірге жазғанда оны жеке атау ретінде қабылдап, бөрік не такия сияқты басқа киетін киімнің бір түрі деп қабылдайды.

Мектеп оқулықтарында әр қалай, әр түрлі сөздері бөлек жазылады деп ереже берген. Орыс-қазақ сөздігінде Әр түрлі разный 822 бет (Русско-казахский словарь. Дайк-пресс, 2005. Алматы) бөлек, орфографиялық сөздікте әртүрлі деп бірге жазылған.

Елдің қабылдамай жүрген қыргуйек (бұрын қырқуйек), шегара (бұрын шекара) сөздерінің жаңа орфографиясын өздерінше түсіндіреді тіл мамандары. Осы екі сөздің қалыптасып кеткен жазылуын «сингармонизмге сүйеніп» өзгерткенде қазақ тілі катты дамып кетті ме? Барлық сөздерді айтылуы бойынша жаза берейік те бас катырмай, орфоэпия-орфография деп бөліп не керек?

Қорыта айтканда, қазақ тілінің мәселесі бітпейтін дауға айналмауы үшін сөздіктерді құрастырғанда, қайта басқанда әр ғылым саласындағы мамандар өзара келісіп және қазақ тілінде тән заңдылықтардан ауытқымағаны жөн. Тіл мамандары да өз өзегінде ғылыми терминдерді мамандармен келісіп, талдауы қажет. Сөздіктерді дайындағанда бірізділік, ғылыми және әдеби тілдер арасындағы байланыстың қатан сақталғаны абзал.

Терминологиялық сөздіктерді құрастырғанда толып жатқан комиссия мүшесі қарап, сараптамадан өтіп бекітілген. Бұл процеске ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, ҚР Білім және ғылым министрлігі, Педагогикалық Ғылымдар Академиясы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қатысқан. Осы жауапты органдар қазақ тілін дамыту, елдің сауаттылығын бірізді ету, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру және оны мемлекеттік деңгейде қолдану мақсатында көпшіліктің көтеріп жүрген мәселесін жеткізуге тырысқан менің осы мақаламды ресми хат ретінде қабылдап, жауап береді деген ойдамын. Ұзақ уақыт бойы жабулы қазан жабулы қалпында қалып, нәтижесінде мемлекеттік ҚАЗАҚ ТІЛІ өзінің лайықты тұғырына көтеріле алмай келеді.

Мемлекеттік тілдің тағдыры – мемлекет құраушы қазақ ұлтының тағдыры!

Жұлдызай БАДАНОВА
АЛМАТЫ

(1-кесте)

Кейбір математикалық терминдердің орфографиясы			
Реті	Қазақша-орысша терминологиялық сөздік. Математика, 2-том. Рауан, 1999, Алматы	Қазақша-орысша терминологиялық сөздік. Математика, 2-том. ҚАЗақпарат, 2014, Алматы	Орфографиялық сөздік. 6-бас., Тіл комитеті, Тіл білімі институты. Дәуір, 2013, Алматы
1	Жартыдөңгелек, жартыжазықтық, жартышар, жартыкеңістік, жартыосы, жартысфера. 45, 202 б.	Жарты дөңгелек, жарты жазықтық, жарты шар, жарты кеңістік, жарты өс, жарты сфера. 76,348 б.	Жартышар. Басқа сөздер жоқ 257 б.
2	Координаталық ось. 61, 64 б.	Координаттық өс. 151,330 б.	Орфографиялық сөздікте жоқ, бірақ «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» ось, 32 б, Тілтаным, 2011. Тіл білімі институты
3	Қисықсызықты, 67 б	Қисық сызықты, 118 б	Жоқ
4	Қисық сызық 67 б	Қисық сызық 118 б	Қисықсызық 373 б
5	Тіктөртбұрыш, 111 б, 212 б	Тіктөртбұрыш, 198 б, 366 б	Тік төртбұрыш, 593
6	Тік бұрыш, 111 б, 212 б	Тікбұрыш, 198 б	Жоқ

(2-кесте)

Кейбір терминдердің аудармасы мен жазылуы					
Орыс тілінде	Қазақ тілінде				
	Физика	Математика	Әдеби		
	Қазақша-орысша терминологиялық сөздік. 1-том. Рауан, 1999, Алматы	Қазақша-орысша терминологиялық сөздік. 1-том. ҚАЗақпарат, 2014, Алматы	Қазақша-орысша терминологиялық сөздік. 2-том. Рауан,1999, Алматы	Қазақша-орысша терминологиялық сөздік. 2-том. ҚАЗақпарат, 2014, Алматы	Орфографиялық сөздік. 6-бас., Тіл комитеті, Тіл білімі институты. Дәуір, 2013, Алматы
Гармоника, Гармоническое	Гармоника, 35, 175 б. Гармоникалық, 35,175 б	Гармоника, 49, 233 б. Гармоникалық, 49,233 б	Гармоника, 30, 141 б. гармониялық, 30,141	Гармоника, 245 б. гармониялық сөзі жоқ	Жоқ Жоқ
Мнимое (ая, ый)	Жор(ы)мал (кескін, тоғыс), 51 б Жор(а)мал (кескін, тоғыс), 216 б.	Жорамал, 69, 284 б	Жорамал, 48,175 б.	Жорамал, 82, 308 б.	Жорамал, 271 б
Критическая (точка)	Сындық (нүкте), 116, 208 б	Критикалық (нүкте), 95,272 б	Күдікті (нүкте), 64, 166 б	Күдікті (нүкте), 112, 406 б	-
Коэффициент полезного действия	Пайдалы әрекет коэффициенті, 97, 206	Пайдалы әсер коэффициенті, 130, 270 б			

(3-кесте)

Орыс тілінде	Физика		Электроника, радиотехника және байланыс	Әдеби	Әдеби
	Қазақша-орысша терминологиялық сөздік. 1-том. Рауан, 1999, Алматы	Қазақша-орысша терминологиялық сөздік. 1-том. ҚАЗақпарат, 2014, Алматы	Қазақша-орысша терминология лық сөздік 6-том. Рауан, 1999. Алматы	Русско-казахский словарь. Дайк-пресс, 2005. Алматы	Орфографиялық сөздік. 6-бас., Тіл комитеті, Тіл білімі институты. Дәуір, 2013, Алматы
Близко-действующая сила	Жақынәрекет күші, 163,46 б.	Жақын әрекет күші, 63,217 б.	-	-	-
Действие (сила)	Әрекет (күшке қатысты), 24 б.	Әрекет, 33, 240 б	Әрекет, 19 б.	I.Әрекет; привести в действие әрекетке келтіру. 4. (воздействие) ықпал, әсер. 200 б.	Әрекеттесуші (хим),
Равно-действующая сила	Теңәрекетті күш, 120, 244 б.	Теңәсерлі күш, 161, 324	-	-	Тең әрекетті күш, 553 б
Взаимодействие	Өзара әрекет 94, 167 б	Өзара әрекеттесу, 33,222 б	-	-	Өзара әрекеттестік, 465 б
Воздействие	Әсер, 24, 170 б	Әсер, әсер ету 33 б	-	Әсер, әсер ету, ықпал жасау, 112 б.	

ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы осы күні отандық және шет елдік мекемелерде жатқан, Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қатысы бар қолжазбалар мен сирек кітаптарды, құжаттарды анықтау, жинау, сақтау, қалпына келтіру, зерттеу, ғылыми айналымға қосу жұмысымен айналысып отыр. Қорында он мыңнан аса көне қолжазбалар мен сирек кітаптар жинақталған орталықтың осы күні атқарып жатқан ісі өте маңызды екені де белгілі. Осы орайда орталық директоры Мәлік Отарбаевпен әңгімелесіп, бұл орталықтың маңызы, атқарып отырған жұмысы, болашақтағы жоспарлары төңірегінде сұхбат құрған едік...

Мәлік ОТАРБАЕВ,
Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының директоры:

СИРЕК КІТАПТАРДЫҢ СЫРЫНА ҮҢІЛГЕНДЕ...

– Сирек кітаптар мен қолжазбаларды сақтау тұрғысынан алып қарағанда «Архив – 2025» жобасы бойынша атқарып жатқан іс-шаралар, жаңа жобалар туралы айтып өтсеңіз. Осы кезге дейін аталған бағдарлама аясында не жасалды, болашаққа қандай жоспар бар?

– Шығыстың дара ойшылы әл-Фарабидің «Тарихты білмей, өткенді, қазіргі жағдайды білу, болашақты болжау қиын» деген сөзі бар. Елімізде «Мәдени мұра», «Архив – 2025» мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылды және «Рухани жаңғыру» кешенді бағдарламаның аясында жалғасын табуда. Елбасы «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Тәуелсіздік жылдарында халқымыздың өткенін зерттеуге қатысты ауқымды жұмыстар атқарылды. Еліміздің тарихи жылнамасындағы ақтаңдақтарды қайта қалпына келтіруге жол ашқан «Мәдени мұра» бағдарламасы табысты іске асырылды. Бірақ бабаларымыздың өмірі мен олардың ғажап өркениеті жөніндегі көптеген деректі құжаттар, әлі де болса, ғылыми айналымға түскен жоқ. Сондықтан ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын барлық отандық және шетелдік мұрағаттар дүниесіне елеулі іргелі зерттеулер жүргізу үшін «Архив – 2025» жеті жылдық бағдарламасын жасауымыз қажет деп санаймын» деген еді.

«Архив-2025» бағдарламасы 2004 жылы басталып, 2011 жылға дейін кезең-кезеңімен іске асқан «Мәдени мұра» бағдарламасының жалғасы іспеттес. Бұл бағдарлама бойынша 30 мыңнан аса құнды құжат анықталып, елге 5 мыңнан аса құжат жеткізілді.

Елордамыздың төрінде орналасқан Қолжазбалар және сирек кітаптар Ұлттық орталығы «Архив – 2025» бағдарламасының толығымен жүзеге асырылып, оның дамуына өз үлесін қосу үшін тыңғылықты дайындалу жұмыстарын жүргізуде. Ұлттық орталықтағы арабтанушы, парсытанушы ғалымдардың арнайы тобы құрылды. Шетел мұрағаттарында сақталған тарихымыздың терең көкжиегін танытатын сирек мұралардың бірқатар тізімдемесі жасақталып, оларға түсініктеме андатпа-аннотациясы әзірленді. Атап айтқанда, Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» («Құтты білік») дастаны XI ғ. (Әл-Беруни атындағы Шығыстану институты мен Вена Ұлттық кітапханасы), Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» кітабы («Ақыл кітабы») XII ғ. (Санкт-Петербург Шығыстану институты), Насреддин ибн Бурханаддин Рабғузидің «Қысас ул-әнбия» кітабы (Пайғамбарлар қиссасы) XIV ғ. (Санкт-Петербург Шығыстану институты), Құтыбтың «Хұсрау Шырын» дастаны XIV ғ. (Париждің Ұлттық кітапханасында сақталуы), Қадырғали Жалайри «Жамиат-тауарих» жинағы («Жылнамалар жинағы») XVII ғ. (Санкт-Петербург университетінің кітапханасы) және т.б. сирек кездесетін мұралар бар.

Әрине, қазіргі таңда жаһан жұртын әбігерге салған пандемия адамзат баласының және қоғамның тұрмыс-салтын біраз өзгерістерге ұшыратты. Бұған қарамастан, еліміздің ғылыми-мәдениет салалары даму үрдісі жағынан тоқтап қалмай, әрі қарай жұмыстарын жалғастыруда. Ұлттық орталықтың мамандары көптеген шетелдің ғылыми мекеме-кітапханаларымен байланыс жасап, ұлттық мұраларды жинақтап отыр. Мәселен, дәл қазір Түркиядағы Ислам тарихы, өнері мен мәдениетін зерттеу орталығының (ИРСИКА) қызметкері профессор Ә.Мүминовпен бірлескен жобаны жүзеге асыру бойынша аяқтау үстіндеміз.

Алдағы уақытта «Архив – 2025» бағдарламасы арқылы Ұлттық орталығымызда құрылған арнайы топтың дайындаған қазақ елінің тарихы бойынша сыр шертетін шетелдердегі сирек мұралар тізімдемесі арқылы жұмысы одан әрі практикалық түрде жалғастыратынымызға сенімім мол. Бұл, сөзсіз, болашағымыз үшін иігі іс болмақ.

– Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының негізгі қызметі қандай? Нақты қандай кітаптар мен қолжазбаларды сақтау, жинау ісін жүргізеді?

– Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының негізгі қызметі – отанымыздағы және шет елдердегі Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қатысы бар қолжазбалар мен сирек кітаптарды, құжаттарды (көшірмелерін) анықтау, жинау, сақтау, қалпына келтіру, зерттеу, ғылыми айналымға қосу және пайдаланушыға ұсыну.

Ұлттық орталық құрылған кезде қорды толықтыру мақсатында сол кездегі Құжаттану және архив ісі жөніндегі ғылыми техникалық ақпарат орталығының қоры Ұлттық орталық қорына өтті. ҚР Ұлттық Академиялық кітапхана қорынан да сирек кітаптар тапсырылған болатын.

Сонымен қатар Ұлттық орталықта ғылыми мекемелер мен жеке тұлғалар өткізген кітаптар сақталған. Алдағы уақытта ел іші мен шет елдерге қорды толықтыру мақсатында экспедициялар жоспарлаудамыз.

Жинақталған көне мұраларды ары қарай сақтау үшін Ұлттық орталықта арнайы «Реставрация зертханасы» жұмыс істейді. Бұл зертхана көне қолжазбалар мен сирек кітаптарды тазалау, дезинфекция және дезинсекция, қалпына келтіру жұмыстары, түптеу, косервация жұмыстарымен айналысады. Реставрациялау арқылы көне қолжазбаны бастапқы деңгейіне келтірмесе де, кітапты зиянды нәрселерден тазалап, оныңары қарай сақталуына жағдай жасау, құрып кетуден сақтау қажеттігі туындайды. Оларды қайта қалпына келтіру жұмыстары ұзақ процесс екені белгілі. Көне жазбалармен жұмыстың маман денсаулығына да зиянды жақтары жеткілікті. Кітаптағы шаң, әртүрлі бактериялар мен саңырауқұлақтар арнайы қорғанысты қажет етеді.

Ұлттық орталықта көне мұраларымызды насихаттау мақсатында «Көрме залы» – Кітап музейі жұмыс атқарады. Көрмеде ұлтымыздың құндылықтарын айқындайтын қолжазбалар мен сирек кітаптардан «Ұлы дала тарихы жазба мұраларда» атты көрме жасақталған. Экспозицияда «Түркі дәуірі», «Шығыс мәдениеті», «Қазақ хандығының тұсындағы жазба мұралар», Төте жазу мен латын әліпбиінде жазылған сирек кітаптар және қазақ әдебиеті классиктерінің шығармалары, ел тәуелсіздігіне арналған сирек кітаптар қойылған. Көрмеде үнемі қалалық және облыстық музейлермен бірлескен жылжымалы көрмелер ұйымдастырылады.

Ал Ұлттық орталықтағы «Электронды оқу залында» қолжазбалар және сирек кітаптардың электрондық қорына қолжетімділікті қамтамасыз етуге және пайдаланушылар мен келушілерге ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсетуге арналған. Оқу залы зерттеушілерге арналған заманауи жабдықтармен жабдықталып, қолайлы жағдай жасалған. Оқырмен қордағы көне мұралармен электронды нұсқасымен немесе арнайы рұқсат арқылы түпдерекпен жұмыс істей алады.

– Қазір ұлттық орталық қорды қалыптастыру мақсатында алыс-жақын шетелдермен қандай келісімдер, келіссөздер жасалып жатыр?

– Қазіргі таңда, Ұлттық орталықта шет елдердегі Қазақстан тарихына қатысы бар жазба деректерді қорға жинау мақсатында шетелдік мекемелермен байланыс жасау жұмыстары жолға қойылып келе жатыр. Осы орайда, Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы халықаралық ғылыми-мәдени орындарымен ынтымақтастық орнатты.

Халықаралық деңгейде ғылыми-мәдени бағытта Сауд Арабиясы Корольдігіндегі Орыс-араб зерттеулері мен ақпарат қорымен (Әр-Рияд қаласы, Сауд Арабиясы Корольдігі), Ислам ынтымақтастығы ұйымы жанындағы Ислам тарихы, өнері мен мәдениетін зерттеу орталығымен (Стамбул қаласы, «ИРСИКА», Түркия Республикасы), Астан Кудс Разави кітапханалар, музейлер мен құжаттар орталығы ұйымымен (Мешхед қ., Иран Ислам Республикасы), Өзбекстан Республикасының Әл-Бируни атындағы Шығыстану институтымен, Халықаралық Ислам Академиясымен, Армения Республикасының Месроп Мештоц атындағы «Матенадаран» көне қолжазбалар ғылыми-зерттеу институтымен ынтымақтастық байланыс орнатылды.

Ынтымақтастық шеңберінде, Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының реставрация саласының мамандары Армения, Оңтүстік Корея, Түркия елдерінде болып біліктіліктерін арттырып келді. Біздің елімізде реставрация мамандарын даярлайтын арнайы оқу орны жоқ. Жоғары оқу орындарында да кафедралар жоқ. Сондықтан мамандардың шет елдерде осы сала бойынша курстардан өтуіне тура келеді.

– Көне жазба деректердің мазмұнын талдау және жан жақты сипаттама жасау үшін қандай іс-шаралар атқарылып жатыр?

– Өткенді зерделемей бүгінгіні жүзеге асыру, алға қадам басу мүмкін емес екендігі мәлім. Қолжазбалар және сирек кітаптар Ұлттық орталығы жазба деректердің мазмұнын талдап жан-жақты сипаттама жасау үшін бірқатар ғылыми-практикалық жұмыстарды атқарып отыр. Қазіргі таңда, араб және парсы тілінің мамандарымен қордағы 300-ден аса араб, парсы, түркі тілдеріндегі қолжазбалар мен сирек кітаптарға ғылыми аннотация берілді. «Книжное собрание Национального центра рукописей и редких книг» атты ғылыми каталогы дайындалу үстінде. Алдағы уақытта қолжазбалар және сирек кітаптарды қолдану және зерттеу бойынша әдістемеліктер мен жүйелеу және классификациялау бойынша әдістемелік материалдар әзірленуді жоспарлап отыр.

Сонымен қатар жоғарыда аталған мұраларды зерттеп-зерделеу мақсатында арнайы семинар мен дөңгелек үстелдер, дәрістер ұйымдастырылады. Атап айтқанда, «Алтын Орда мемлекетінен Қазақ хандығына дейін» атты ғылыми дөңгелек үстел, «Көне жазбалардың қайта жаңғыруы» атты дөңгелек үстел, Ұлттық орталық қабырғасында «Қолжазбалар сөйлейді» атты бейне-бағдарлама халық назарына ұсынылып отырады. Бағдарламада отандық және шетелдік ғалымдардың дәрістері қамтылған. Белгілі түрколог Қ.Сартқожаұлы, профессор Юлай Шамильоғлы сынды ғалымдар дәріс берді.

2019 жылдан бастап Ұлттық орталықта «Uly dala murasy» (Ұлы дала мұрасы) ғылыми-көпшілік журналы басылып шығуда. Журнал тоқсанына 1 рет қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жарық көреді.

– Көне мұраларды цифрландыру, көпшілікке қолжетімді ету ісі қолға алынды ма?

– Ұлттық орталықтағы цифрландыру жұмыстары қазіргі уақыттың талабына сай жүріп жатыр. Бірінші кезекте өте нашар сақталып, құрып бара жатқан көне кітаптар сканерден өткізілуде. Біз олардың көшірмесін алып қалуымыз керек. Қорымызда ондай кітаптар баршылық. Алдағы уақытта қорымыздағы барлық дүние көшірмесін жасап, оқырманға ұсынылу жолдары қарастырылуда.

– Қазір орталықтың қорында қанша құжат, кітап сақтаулы тұр?

– Ұлттық орталықтың қорында аз уақытта 10 000-нан аса көне қолжазбалар мен сирек кітаптар жинақталды. Оның 300-ден астамы араб, парсы, түркі тілдеріндегі қолжазбалар мен сирек кітаптар.

Қорға, негізінен, Қазақстан тарихына қатысты деген құнды мұралар жинақталады. Ұлттық орталық қазіргі таңда ең бірінші кезекте қорды жинақтау, қалыптастыру жұмыстарымен айналысуда.

Жалпы қазір жинақталған қор туралы айтсақ: араб, парсы, түркі тілдерінде жазылған XIX-XX ғасырларда жазылған қолжазбалар, литографиялық кітаптар, баспа кітаптар жатады. Оларға мысалы, ортағасырлық ақындар мен ғұламалар Ахмет Ясауидің, Ниджамидің, Бедильдің өлеңдері көшірілген қолжазба кітап, түркі халықтарының ежелгі шежіресін жазған ғұлама-тарихшы Әбілғазы Баһадұр ханның «Түрік шежіресі», 1928 жылы Ташкентте басылған Алтын Орда тарихына қатысты «Шайбани хан дастаны», Шәкәрім Құдайбердіұлының 1924 жылы Семейде жарық көрген А.С.Пушкиннен аударған «Дубровский әңгімесі», сонымен қатар XIX-XX ғасырларда жазылған құран, ислам ақидалары, фикх мәселелері, хадистер, хикмет сөздер мен тарих, әдебиет, география, этнография, логика саласын қамтитын қолжазбалар мен сирек кітаптар, «1929-1940 жылдар аралығында шыққан латын графикасында жазылған кітаптар, физика, математика, химия, геометрия секілді мектеп оқулықтары», «1912-1929 жылдар аралығында шыққан төте жазудағы қазақ және орыс классиктерінің еңбектері», «Ш.Уәлиханов, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, Ы.Алтынсарин, Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Тынышпаев, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин және басқа да қазақ ғалымдары мен ағартушыларының еңбектері», «Орыс және шетел зерттеушілері А.Левшин, Г.Потанин, Г.Миллер, Н.Рычков, В.Радлов, В.Бартольд және т.б. еңбектері», әл-Фарабидің баспадан шыққан кітаптары, Абай Құнанбайұлының баспадан шыққан шығармалары, Петр I мен Екатерина II-нің кезіндегі 1649 жылдан басталатын Ресей империясының зандар жинағының 600-ге жуық данасы сақталуда. Қазіргі кезде заң және құқық саласы зерттеушілерінің үлкен қызығушылығын тудыруда. Сонымен қатар 1890 жылдан басталатын Ақмола, Торғай, Сырдария, Орал, Семей облысы, Жетісу өңірі бойынша ауылшаруашылығы, демография, мал шаруашылығы, т.б. саланы қамтитын мәліметтер жинағы және басқа да маңыздылығы жоғары сирек кітаптар бар.

– Сұхбатымызды жеке шығармашылығыңыз туралы сауалмен қорытындыласақ. Кімді оқып, не жазып жүрсіз?

– Жуырда ұлт мақтанышы, жазушы Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» роман-эпопеясының екі кітабын – «Рысқұл» мен «Тұрарды» қайта оқып шықтым. Автордың бик таланты-на, сөз шеберлігі мен зергерлігіне, шығарманың ауқымдылығы мен құндылығына, философиялық ой терендігіне, кейіпкерлердің естен кетпес бет-бейнелері мен жан-дүниелеріне, олардың елдің рухын көтерер тыныс-тіршілігіне қайтадан көз жеткізгендей болдым. Енді алдағы уақытта үш кітабын оқып шығамын. Расында, бұл ескіримейтін туынды. Қайта уақыт өткен сайын мәні де, мағынасы да жаңаратын, ашыла түсетін ұлы шығарма.

Қазір белгілі жазушы Нұрғали Ораздың жақында ғана шыққан «Қыз мұнарасы» атты прозалық жинағын оқып отырмын. Көкірекке шуақ түсіретін, салқын шақта жанынды жылытатын кітап екен. Әсіресе «Шыбын жан көкке ұшқанда» атты хикаяты қазіргі кездің бояуы қанық картинасы іспетті. Негізі маған Нұрғали ағаның барлық шығармалары су бетінде жалт-жұлт еткен күннің көзіндей көрінеді.

Ұлттық орталықта қызмет етіп жүргендіктен, жұмыс барысында қорда сақталған шығыс философтардың туындыларымен, әлем әдебиетінің інжу-маржандарымен танысып, оқып отырамын. Қордағы сирек кездесетін дүниелер ой қозғайды, ойға ой қосады.

Биыл «Ана тілі» газетіне «Біз күткен бақыт» атты бірнеше эсселер топтамасы жарық көрген еді. Қазіргі оқырманның сұранысына байланысты осы топтамаларды жалғастырып, жазып жүрмін.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Қарагөз СІМӘДІЛ

> **Ұлттық орталықтың қорында аз уақытта 10 000-нан аса көне қолжазбалар мен сирек кітаптар жинақталды. Оның 300-ден астамы араб, парсы, түркі тілдеріндегі қолжазбалар мен сирек кітаптар. Қорға, негізінен, Қазақстан тарихына қатысты деген құнды мұралар жинақталады. Ұлттық орталық қазіргі таңда ең бірінші кезекте қорды жинақтау, қалыптастыру жұмыстарымен айналысуда. Жалпы қазір жинақталған қор туралы айтсақ: араб, парсы, түркі тілдерінде жазылған XIX-XX ғасырларда жазылған қолжазбалар, литографиялық кітаптар, баспа кітаптар жатады.**



> **Ұлттық орталық құрылған кезде қорды толықтыру мақсатында сол кездегі Құжаттану және архив ісі жөніндегі ғылыми техникалық ақпарат орталығының қоры Ұлттық орталық қорына өтті. ҚР Ұлттық Академиялық кітапхана қорынан да сирек кітаптар тапсырылған болатын. Сонымен қатар Ұлттық орталықта ғылыми мекемелер мен жеке тұлғалар өткізген кітаптар сақталған. Алдағы уақытта ел іші мен шет елдерге қорды толықтыру мақсатында экспедициялар жоспарлаудамыз.**

МЫҢ ҮГІТТЕН – БІР ҮЛГІ

– «Мың үгіттен – бір үлгі» деп, сіз аяғынан тік тұрғыңыз, толықканды қызмет етіп жатқан ұйым туралы әңгімені бастасаңыз?

– Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында біраз жыл тұрып, зейнетке шыққаннан кейін, 2010 жылы елге келдім. Одан бұрын Қызылорда қалалық партия комитетінің екінші хатшысы, облыстық еңбек бас басқармасының бастығы қызметтерін атқарған болатынмын. Зейнетке шыққан да үйде отырым келмей, ең болмаса қой жыл қызметте жүріп жинаған тәжірибемді қоғамдық ұйым арқылы ел игілігіне

Қазір елімізде атқарушы биліктің кейбір функциялары үкіметтік емес ұйымдарға берілді. Оған үкіметтік емес ұйымдар дайын ба? Шыны керек, тіркелуін тіркелгенмен, үкіметтік емес ұйымдардың көбінің кеңсесі, қажетті құрал-жабдығы, қызметкері жоқ. Мемлекеттік сатып алуға, сырттан келетін көмекке көбірек қарайлайды, өз бетінше жұмыс істеу жағы кемшіндеу. Осыны жолға қою жайын сараптау үшін Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Сәдуақас АҢСАТ мырзамен сұхбаттасып отырмыз.

айтып берген. Кеңес кезінде бізге Армениядан армян әліпбиінде бір іс келеді. Ал ол мезгілінде қарап жіберу үшін аударып, түсінуіміз керек болды. Қазір жұмыс істеп жүрген армянның бірін әкеліп хатты аудартып, істі бітірдік. Басшымыз ұлтжанды азамат еді, «біз енді біткен іс жайлы хаттың жауабын қазақ тілінде жазып жіберейік» деді. Ол жақта аударып беретін қазақ табылуы екіталай болатын. Сол кездің өзінде армандардың ұлттық тілін қадірлеу үшін ештеңеден сескенбейтінін

жаратқым келгендегі өтінішіме сәйкес сол кездегі облыс басшылары «Қазақ тілі» қоғамының облыстық филиалына жетекшілік жасауды ұсынды. Сөйтіп, облыстың зиялы қауым өкілдерінің қолдауымен «Қазақ тілі» қоғамының облыстық филиалына төраға болып сайландым.

Күтіп тұрған іс мұнда көп. Өткен ғасырдың 90-жылдары ерекше белсенділікпен басталған жұмыстың екпіні басылып, Арал, Қазалы, Қармақшыдан басқа аудандарда қоғамдық ұйымның аты ғана бар екен. Қызылорда қаласында бастауыш ұйымдар тарап кеткен. Облыстық филиалда кеңсе, құрал-жабдық, қажетті құжаттар, қызметкерлер, басқарма құрылымы жоқ. Содан ұақытша бөлме алып, өзімнің компьютеримді, телефон-факс, басқа да кеңсеге қажетті заттарды алып барып, іске кірістім.

– Осы айтқаныңыздың шет жағасынан хабарым бар. Көшеге ілген билбордтарыңызға байланысты түсінбестік те болған еді ғой.

– Жұмысты жаңа бастағанда жанжағымызға зер салып қарадық. Көшедегі жарнама түгелге жуық орысша. Әйтеке би көшесі мен Қорқыт ата көшесінің арасындағы Желтоқсан көшесінің бір орамында 17 жарнама мен мекеменің аттарының 3-еуі ғана қазақша екен. «Тіл туралы» Заңда мекеме атауына қатысты еш шектеу жоқ болатын, тек жарнама берудің тәртібі берілген. Соған қарамастан, барлық жерде жарнамада орыс тілі үстемдік етіп тұрды. Біз жұмысты осыдан бастадық. Қай нәрсеге де орыс тілі үстемдік етіп тұрды. Біз жұмысты осыдан бастадық. Қай нәрсеге де енжар, қашанда жайбарақат жүретін қазақтың намысын оятқымасы келді. Мемлекеттік тіл дегенде, бірінші болып мемлекеттік қызметкер атсалысуы керек, ал олар болса, жоғарыдан нұсқау болмай қимылдамайды. Содан қала көшелеріне билборд, баннер, ыңғайы келген жерде плакат ілдік. Оған қазақтың намысын оятатын, оқығанда селт еткізетін сөздерді жаздық. «Ана тілін шекараны қорғағандай қорғайық» деген сөзді І Петр заманында француз тілі үстем бола бастағанда орыс ақыны, Пушкиннің замандасы Петр Андреевич Вяземский айтқан. Ақын, композитор Паустовскийдің «Кто не уважает свой язык, тот – дикарь» деген сөзін біз басында «Туған тілге жаны ашымаған адам – жәндік» деп аударып, жазып қойған едік. Кейін «жәндікті» «тексіз» деп өзгерттік. Қала көшелеріне осындай 10-15 билборд ілдік. Олардың астына «Қызылорда облыстық филиалы» деп жазып қойғанбыз. Ұлар халыққа қатты әсер етті. Ұстаз, ақын Ділдахан Торғаева: «Ойпырым-ай, тілімізді қорғайтын ер келген екен ғой деп көзіме жас алдым» деген еді. Көлікте келе жатып оқыған қаланың белгілі бір азаматы «тексіз» деген сөз маған қамшымен салып жібергендей әсер етті» деді.

– Әлгінде басқа халықтың зиялы қауымы да тілі үшін оқыс қадамдарға барғанын айтып қалдыңыз...

– Билборда және плакаттарда жазылған сөздерді айтқан зиялылар туған тілін таза сақтап қалу үшін азаматтардың намысын оятқан. Сөздің құдіретінің арқасында ұлтжанды азаматтар топтасып, қазір олардың мемлекеті өз тіліне, діліне толық билік еткен мықты ұлттық мемлекеттер. Мысалы, әлгі екі билбордтағы сөздің авторлары ресейлік, сол сияқты Түркиянның, Қытайдың ұлттық көсемдері Ата Түрік пен Конфуцийдің де, өз зиялыларымыздың да сөзін пайдаланды. Әрбір халық өз туған тілінде жанашырлық жасауы керек. Осы тұста бір мысал келтіріейін, прокуроррмен әңгіме барысында мына жайтты көрдік. Қазақ прокурорынікі Абай айтқандай, «бір жақсыға ұқсап бақ, сондай жақсы көрсеңіз» болып тұр ғой.

«Сыр – Алаштың анасы» атанған Сыр бойында туған тілге деген жанашырлықты үлгі етіп, қазақ тіліне өзге өңірдегілерге әсер етсек деген мақсатымыз да бар. Оған мына бір мысалды келтірейін. Бұрындары мал бағып жүрген жылқышының бір жылқысы апан-құдыққа түсіп кетіпті. Содан құдыққа түскен жылқыны барлығы жабылып, әрі-бері тартып, арқан байлап амал жасаса да шығара алмапты. Көп жұрттың әуреге түсіп шығара алмай жатқан жылқысын бір адам көріп: «Е, мынау баяғы атышулы тұлпар ғой. Арқанмен шығара алмайсыңдар. Тұлпарлардың дүбірі керек» деген. «Осы жерден бір үйір жылқыны тездетіп айдандар. Сол кезде дүбірді естіген тұлпардың қаны қызып, бойындағы қуаты тасып, өзі-ақ бұл жерден шығуға ышқына ұмтылады, сол кезде демеп жіберсеңдер болады» депті. Әлгі айтқандай-ақ жылқының дүбірінен тұлпар еш әрекетсіз-ақ құдықтан шыпыпты.

– Жұмысты енді бастаған кезіңізде көрнекіліктер қымбатқа түскен жоқ па?

– Әр билборд 30 мың теңге тұратын. 30-50 теңгеден қоғам мүшелерінен жиналған жарнапұлдан жасаған тіршілігіміз. Сол кезде Ғ.Мүсіреповтің «Ана тілінен айырылған адам өз халқы жасаған мәдени мұраның бәрінен құралақан қалады» деген сөзін билбордқа жаздыртып, Желтоқсан мен Қорқыт Ата көшелерінің қиылысына іліп қойып едік, оны алып тастап, бір банктің 3 млн теңгені жарнамалаған жарнамасын қойпыты. Осыдан-ақ байқай бересіз, қаладағы қазақ басшылық жасайтын билікте отырғандардың тіл мен ақшаның арасында қайсысына басымдық беретінін? Ал біздің 30 мыңымыз бір ай тұрып желге ұшып кетті.

Біз жоғарыдан айтылмаған жаналықка, өзгеріске ұрпие қарайбмыз. Кезінде Тіл басқармасына басшы болып келген азамат: «Сәке, ана билбордтарыңызды алып тастаңыздар, қоғамдық пікір тұғызып отыр» деді. «Сізді бізбен бірлесіп, тіліміздің төрге шығуына көмектеседі ме десек, жұмысыңызды бізбен күресуден бастадыңыз ба?» дедім мен. Ал «Ақмешіт ақшамы» атты газетте «Билбордта да билборд бар» атты мақала жазып, біздің билбордтарымыздың сөзі орынсыз деп сынап жазды. Мен редактормен сөйлесіп, жаңдайды түсіндіріп, газетке сұхбат бердім. Обалына не керек, ол қарындасым екеуара болған әңгімені «Сәті түскен сұхбат» деп атап, ол мәселеге үлкен мән берген болатын.

– Билборд – үлкен істің бір бөлігі ғана ғой...

– Біз тек билборд жасаумен шектелген жоқпыз. Қазақтың ұлтшыл азаматы Б.Момышұлының қазақтың тіліне жаны ашып, қан майданнан Алматыға келген 1944 жылы 33 жасында қазақ тілінің бұқаралық ақпаратта, әдебиетте орыс тілінің ықпалынан қойыртпақталып бара жақтанына жаны төзбей Орталық партия комитетінің хатшысы Мұхамеджан Әбдіхалқызовтың атына жазған хатын арнайы күнтізбе (календарь) етіп жасаттық. Жарнапұлдан жиналған қаржы есебінен 200 мың теңге қаржыға 400 дана жасап шығарып, билік басындағыларға таратттық. Әр басшының үстелінің үстінде тұрса, ең болмағанда күнтізбені қарағанда қазақтың тілі есіне түсер, жанашырлық керек екенін ойлаған дедік. Енді дайындалып жатқан плакаттарымыздың біріне: Алаш анасының кейпіндегі әйелдің:

«Айналайын балам!
Ақ сүтімнен бойыңа дарытқан,
Шешендігімен жаныңды балқытқан,
Ана тілінді өгейсіткенің өлгенің,

Баба рухын қара жерге көмгенің!» деген сөздерін жазып, әр мекеменің кіре берісіндегі қабырғаға ілдірдік. Сондағы ойымыз: көшеде болсын біздің қоғамдық ұйым өз дегеніне жеткенше өз азаматтарымызды ана тілінің төңірегіне ұйыстыру.

Бұны ұлттық эгоизм деп түсінбеу керек, бұл – ұлттық патриотизм. Әйтпесе, банктердегі, өзге де компаниялардағы қазақтың тіліне деген көзқарас өзін де, өзгені де алдаусырату. Өткенде бір келісімшартты оқып отырсам, соның бұлай деп жазып қойпыты: «Келісімшарттағы жазуларға түсініспеушілік туындаған жағдайда орыс тіліне басымдық беріледі». Ондай болса, несіне қазақ тілінде жазып әуреміз?! Сол кездегі тәуелсіздік алған жиырма жыл уақыт кейбір өзге ұлт өкілдері үшін кеңес өкіметінің кезеңіндегідей, ештеңе өзгермеген сияқты. Сол баяғыша, орыс тілінде сөйлейді, орыс тілінде жазады. Оларға қазақ тілінің қажеті жоқ. Тәуелсіз мемлекетте тұрып, қазақтың жерінде жүріп, ең болмаса 20 жылда 20 сөз үйренейінші деген ынта байқалмады. Себебі біз олардан талап етпейміз, өзіміз оларға еріп, басқа тілде сөйлегенді мәртебе көреміз.

– Күрескерлік – жақсы қасиет, бірақ қай нәрсенің болсын жолын табу керек.

– Ең бірінші, жұмысты бастауыш ұйымдарды қайта құрудан бастадық. Ол үшін мекеме басшыларына хат жаздық. Банктерге, компанияларға өз ұжымдарыңызда қазақ тілінің бастауыш ұйымын құрыңыздар деген хат жіберсем, еш жауап жоқ, тырс етпеді. Жазған хатымызға жауап бермеген, телефонды көтермеген теміржол бөлімшесінің бастығына, банк директорларына теледидар тілшісі мен операторын алып бардық. Ашық сөйлесейік дедік. Содан кейін шұғыл қозғалғанын да көрдік. Осылайша, кей адамдарды сабасына түсірдік.

Туған тіліме мен де жанашырмын деп айту аз, туған тілдің мәртебесін көтеруге өзіміз жанашырлық танытып, құрметтеуге атсалысуымыз керек.

– «Үш тұғырлы тілге» байланысты да өз пікіріңіздің барын біледі...

– Мына жайды білген дұрыс, билікті мемлекет, Отан деп түсінбеу керек. Биліктің қайнар көзі – халық, ал орынтақта отырған адамдар халықтың қызметшісі. Сол сияқты саясатта да бұқарамен санасу керек. Онсыз да тіліміз шеткақпай көріп жүрген ұлтпыз, ал енді ағылшын, орыс тілдері алға шықса, тіліміз құриды, жақ ұрпақты дубәра етіп, нағыз қазақ ете алмаймыз. Ауызекі сөйлеу тілі – толыққанды тіл емес, қазақ тілі ғылымның тілі, кеңсенің тілі, техника мен технологияның тілі болуы керек.

Біз шет тілін білуге, игеруге қарсы емеспіз. Көп тіл білу – мәдениеттің ең биік шыңы. Баланы ана тілінің уызына әбден қандырып, 10-12 жастан бастап үйрету керек. Сонда ол тілдер қазақка қызмет ететін болады.

2013 жылдан бастап республикалық «Тіл сақшысы» газетін шығарып келемін, оның таралымы қазір 13000 данаға жетті. Жылына 2 рет газетке шыққан таңдамалы мақалалардан құрастырылған «Тіл сақшысы» – Намыс қамшысы» кітабын 500 данамен шығарып, оны кітапханаларға, тіл жанашырларына таратудамыз.

Әңгімелескен
Смайыл БАЗАРБАЙ

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейіне басшылық жасаған үш жарым жылды өмірінің ең мәнді кезеңі деп санайтын танымал журналист, қаламгер Болат Жүнісбеков өз оқырмандарына бала жасынан жүрегіне жақын тақырыбы төңірегінде «Абай сәулесі» және «Абайдың ақын ұлдары» деген екі көлемді де күрделі еңбекті тарту етті. Қазақ әдебиетінің қоржынын қалың қатпарлы ойлы дүниелермен байытқан Болат Жүнісбековтің бұл еңбектері ұлттық руханиятымыздың кеңістігін кеңейтіп бүкіл адамзат баласына киелі сөз өнері арқылы ақыл-парасат еккен ғұламның ақыл сәулесі туралы сөз қозғайды. Бір ұлт пен ұлыс деңгейінен көтеріліп бүкіл әлемдік рухани құндылықтарға, адамзаттық ақыл-ой кеңішіне өлшеусіз қазына байлық сыйлаған біздің алып классиктеріміз жүрегі соғып тұрған әрбір жан үшін, әрбір ұлт өкілі үшін қаншалықты қымбат екенін бүгінгі көзі қарақты пенде жақсы білсе керек. Қандай азаппен, қатерлі қиындықпен ғұмыр кешсе де бүкіл саналы өмірлерін бір ғана бағытқа сарп етіп, адамзатпен жағаласып, жеңілмей келе жатқан, тоғышарлықпен алысқын, өздерінің ақыл-ойымен санаға сәуле, жанға жылу беріп, халқының қамын жеген қайсар кемеңгерлер – Абай, Шәкәрім, Мұхтар, т.б. сынды тұлғаларымызды улықтаған екі кітап та қазаққа аса қажет және құнды дүние.

АБАЙ
МҰРАСЫНДАҒЫ МӘҢГІЛІК МӘСЕЛЕЛЕР

Қоршаған ортамен терең қарым-қатынас орнату арқылы адамзаттың тәжірибесі мен ақыл-ойы толысып, күрделі нәрселерге көңіл аударып, кемелдікке келуі кәміл. Болат та Абай тақырыбына ұзақ ізденістің, өзін-өзі жетілдірудің, тынымсыз оқыптоқудың нәтижесінде келді. Оның Абай туралы бірнеше жылдардан бері жүйелі түрде тебіреніп, толғанып, жанкештілікпен жазып жүруінің жемісі – «Абай сәулесі».

«Абай сәулесі» – Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Омарханұлының шығармашылығы, олардағы мәңгілік құндылықтар мәселесі туралы зерттеулер мен әсселер, новеллалар жинағы. Кітапқа Болаттың ұлтымыздың көрнекті тұлғаларының асыл мұралары жайында әр жылдары жазылған туындылары топтастырылыпты. Жинақтағы көсемсөз жанрындағы шығармалар олардың өмірі мен еңбектері туралы еркін ой тұрғысынан жаңаша көзқарасты пайымдатады. «Абай ізімен немесе «У»дан ұрттап, «отАсу»да «Абай сәулесімен ояну» атты алғы сөзінде автор Абай ізімен ақиқаттың, өнердің ғасырлар бойы тұйықтан шығар жолды іздестіріп келе жатуы тегін емесін, сол сан сауалдың жауабын ізден аңтарылғанда «Абай сәулесі» адасқанға жол, тоқырағанға ой беріп, көкірек даушы деген ой түйінін ұсынады.

«Қазақ халқын надандықтың айсыз қараңғы түні ғылым сәулесінен бүркеп, тұншықтырып тұрған кезінде, егіне дем болуға, қараңғы жерге нұр болуға, надандық-аждаһаны өртеуге құдай жіберген хақиқаттың ұшқыны Абай туды» деп Мұхтар Әуезовтің «Абайдың өнері һәм қызметі» деген алғашқы мақалаларында-ақ әлемге жар салуы тегін емес-ті. Тағы да сол «Абайдың санасы – ел көсегесін көгертер кемеңгердің, адамзаттың ақыл-ой кеніші болар даныштпанның дүниеге келгенін дәлелдеді емес пе?! Олай болса, Болат та қателеспепті. «Абайдың сәулесі» арқылы өзінің өмірлік, өнерлік ұлтқа қызмет ету ұстанымын айқындап, дұрыс бағытта келеді екен.

Бұған дейін автордың Абай аманаты және ұлы қазақ ізімен жазған «У» атты роман-эссесі, «отАсу» романдилогиясы мен «Шуақ» новеллалар мен әңгімелер жинағы, сондай-ақ «Алаш-Алжир» екі томдығы мен «Алжир.Қорқынышты түстей», «Неповторимое многоцветье» кітаптары жарық көрген. «Абай туралы естеліктер» жинағының құрастырушысы әрі редакторы болды. Жазушының алғашқы үш кітабы да өзі өскен және өмір сүріп отырған қоғамдық орта мен айналасына деген көзқарасының айнасы деуге лайық. «Абай сәулесімен» Ақиқат пен Әділет нұрын сезініп, Адамдық шуағына шомылып, осыншама мол сәулеленген сезімдері арқылы саралап, салмақтайды.

«Абай сәулесі» жинағы «Күншуақ (зерттеулер мен әсселер)», «Жаншуақ «новеллалар мен әңгімелер)» деген екі бөлімнен және «Ақиқат ізімен (түйінсөз)» дегеннен тұрады. Мұндағы ғылыми талдаулар да, дәдеби сипаттамалар да «Абайдың сәулесі» негізінде нақышталып, баяндалады. Мұқағали ақынның:

«АтысУ, андысУ мен таласУдың,
Санасу, табысу мен жарасудың,
Мінезін мынау адам баласының
Білсем деп құпиясын аласұрдым»

дегеніндей, үлкен әріппен белгіленген «У», бір ғана әріпке өмірдің барлық жақсы мен жаманының философиялық ойларын, азап үшін жаралған адамзаттың экзистенциналдық мәселелерін жүйелеп, жинақтан көркем проза жазу да Болаттың қаламгерлік ерекшелігін, қолтаңбалық қырын танытса керек. Әлі әзірге қазақ әдебиетінде бір ғана әріпке «У», соншама мазмұн-мағына беріп, терендік танытып, тақырыптық дәрежеге жеткізген бірде-бір шығарма жоғы да өтірік емес. Тағы да бұл таптырмас тәсілді тәжірибеге енгіреді. «У»-ды оқып, ой қумауының мүмкін емес. Бір әріптің тасасындағы талай толғақты толғамдар, астарлы ойлар сіздерді қаншама сана қақтығысына соқтырары да сөзсіз. Дауы мен даулы көп бұл жалғанда ой қумай, «У» ішпей өту мүмкін бе?

Дана бабасының өсиетіне адал Болат: «Қазір өз басым уақытты аяймын. Мұны өзімді аяғанды десе де болады» дейді бір сөзінде. Бұл ойлы адамның сөзі. Бұл – өмір, өнер, «У», «Абайдың сәулесі» секілді адамның ұмыры, оның мәні мен мағынасы, болмыс мәселесін философиялық тұрғыдан пайымдайтын жанның, ар-ождан, ақыл, «шындық деген не?» деген сұрақтың жауабын ізден өзімен-өзі алысып өтетін жанның сөзі. Бұл адамның қайда істейтініне емес, халық таңдыры үшін қабырғасы қайысып, не істеді, қалай еңбек етті деген сауалға жауап беретін жанның сөзі. Бұл орайда Болатта бір кісіге лайық ұялмай үсынар өмірбаяны бар. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген 1980 жылдан бері қол кезендегі Семей облыстық «Семей таңы» газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, кейін тәуелсіз еліміздің тұңғыш Парламентінің ұнжариясы «Халық кеңесі» газетінде бөлім редакторы, халық депутаттарының Алматы қалалық кеңесінде баспасөз хатшысы, қалалық Тіл басқармасында басшының орынбасары, 17 жылдан астам уақыт Алматы қаласының Ішкі саясат саласында, Алматының нағыз шығармашылық жұмыспен жанкештіліктен айналысып, бірнеше ғылыми танымдық еңбектер жазып, бірнешеуін құрастырып, жарыққа шығарып, бұрындары әдеби ортаға беймәлім болып келген мұраттық мәтіндермен оқырманды қауыштыруы да қуантарлық жайттар. Мысалы, Абай мұражайының баға жетпес қазынасы саналған Әрхам Қәкітайұлы, Тұрағұл Абайұлы, Көкбай мен Төлеу ақындардың естеліктері жинақталған «Абай туралы естеліктер» жинағының жарыққа шығуы ұлт руханиятына қосылған үлкен олжа. «Абайдың сәулесімен» рухтанған оқырман жұрт асыға күткен бұл асыл мұра қазақ әдебиеттану ғылымы, оның ішінде абайтану саласына да қаншама құнды деректер мен ақын өміріне қатысты тарихи мәліметтер тарту етті. Жинаққа енгізілген естеліктер, негізінен, бұрын ешқандай жарияланбаған, ал бірлі-жарым жарық көргендері ішінара қысқарып кеткен немесе одан бергі 20 жылда ұмыт болуға айналған жазбалар болатын. Ұлы ақын тұлғасының сан қырын адамгершілік, адалдық пен әділеттілік тұрғысынан сомдап, ұрпаққа аманат ету де елін сүйген ердің ісі. Болаттың Абайды танытудағы табанды еңбегі осындай ұжымдық еңбектерді білгірліктен ұйымдастырып, басшылық жасауымен де жақсы танылып, бағаланды.

Сондай сүйекті де сүбелі еңбектің бірі – «Абайдың ақын ұлдары» атты көлемді жинақ. 600 бетке жуық күрделі еңбектің маңыздылығы туралы бір мақалада таратып айту мүмкін емес.

...Қайым Мұхамедханұлының «Абайдың ақын шәкірттерінен» кейін сол бір өнерлі де өнегелі ұрпақтың – «Абайдың ақын ұлдарының» жаңа ғасырда оқырманмен, бұл бірінші, бірақ соңғы кездесуі емесі және ол әңгімемің барған сайын мазмұнды да тартымды бола түсері кәмілі».

Жалпы мазмұны бай, тың мәтіндері мол бұл жинақ, сөз жоқ, қазақ әдебиетіне қосылған құнды қазына. Абайдай алыптың тұрмыстағы қарпайым тіршіліктері адамды қалай қызықтырса, оның ұрпақтарының мұрасымен, өмірімен танысу да өте кереті, танымды дүние.

Танымал журналист, жазушы Болат Жүнісбековтің Абай шығармаларындағы ұлттық құндылықтар, мәңгілік мәселелер, адами қасиеттер «Абайдың сәулесімен» ұғындырылып, ұрпақ санасына өз сәулесін түсірері сөзсіз.

Гүлзия ПІРӘЛІ,
М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Әуезов үйі» ҒМО-ның бас ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы

ФОЛЬКЛОР МЕН ТҮРКІТАНУ – ҒАЛЫМНЫҢ ҚОС ҚАНАТЫ

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін үздік бітірген (1968–1973) Шәкір (Шакимашрип) Ыбыраев 1974–1976 жылдары Мәскеудегі КСРО Ғылым Академиясының М.Горький атындағы Дүниежүзі әдебиет институтының стажер-ізденушісі болып, 1976–1979 жылдары КСРО ҒА Шығыстану институтының түркология бөлімінің аспирантурасында оқыды. 1979 жылы Мәскеуде кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін елге келіп, 1980–1989 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің доценті болды. Шәкір Ыбыраев отандық әдебиеттану ғылымының, кешенді ғылым түркітанудың дамуына аянбай еңбек сіңіріп келе жатқан ірі ғалым. Ол ғылыми ортада сырбаздығымен, сабырлылығымен танымал, ішкі мәдениеті жоғарылығымен ерекшеленіп, тіпті оқшауланып тұрады. Не айтса да, не жазса да тереңнен толғап, нағыз ғалымға тән парасат-пайыммен ой қорытып, тұжырым жасайды. Бойынан бір ақсүйектік аңғарылып тұрса да, тәкаппар емес, өзін өте қарапайым ұстайды. Оны қашанда ұстамды, ойлы қалпында көресіз. Ректор, директор, халықаралық ұйым президенті сияқты лауазымды қызметтер атқарғанда да асқан-тасқан, айналасына жоғарыдан қараған кезін көрмеппіз, қазір де солай. Классикалық академиялық мектептен өткен ғалым, халқының ізгі қасиеттерін бойына сіңірген ұлт зиялысы ақырын жүріп анық басып жетпісіне жетіп отыр.

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ,
ҚР ҰҒА академигі,
филология ғылымының
докторы, профессор

ДӘРІСКЕР ДОЦЕНТ

1986 жылы филология факультетіне оқуға түскенімізде 1-курстың басында Шәкір ағай бізге «халық ауыз әдебиетінен» дәріс берді. Жүріс-тұрыс, киім киіс, өзін ұстауы мен сөз саптауынан мәдениеттілігі, зиялылығы көзге бірден шалынатын жас доцент аудиторияға кірген сәттен-ақ бәріміздің назарымызды бірден аударды. Оның сабағын: «Кәне, киіз кітабымызды ашып көрейік» деп, шағын журналына қарап, студенттерді түгендеуден бастайтыны әлі көз алдымызда. Ал дәрісін бастап, фольклордың жанрларын, ертегілердің түрлерін, батырлар жырларын талдап, жіктеп-жіліктеп түсіндіре бастағанда аудитория үйып тыңдап, тып-тыныш бола қалатын. Дәріскердің жағымды, әуезді қоңыр даусы, баяндау мәнері баурап алатын. Ал оның сабағындағы келтірілген деректер мен дәйектері, табан тірейтін ғылыми дереккөздері мен ол ғылыми тұжырымдарына сүйенетін ғалымдар еңбектері өте бай болатын. КСРО ҒА-ның академигі, әйгілі әдебиеттанушы В.М.Жирмунскийдің, академик А.Н.Веселовскийдің, фольклортанудағы салыстырмалы-типологиялық әдістің және мәтін теориясының негізін қалаған ғалым В.Я.Проптың, саяхатшы-фольклортанушы ғалым Б.Н.Путиловтың, теориялық фольклортанудың ірі маманы Е.М.Мелетинскийдің, әдебиеттанушы В.А.Келтуяланың, көне эпос сырына үңілген Ж.М.Лебедеваның атын да алғаш рет осы Шәкір ағайдың аузынан естідік. Ол, әсіресе, В.М.Жирмунский мен В.Я.Пропп атын жиірек атап, еңбектеріне көбірек сілтеме жасап отыратын.

Орыс ғалымдарын айтпағанда отандық ірі фольклортанушылар Ә.Қоңыратбаев, академик С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов есімдері мен еңбектерін де бізге таныстырған Шәкір ағайымыз. Қырымның қырық батырын, «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази» жырларын жырлап, олардың хатқа түсіп, біздің заманымызға жетуіне себепкер болған атақты Мұрын жырау Сеңгірбекұлының есімін де сол сабақта естігенбіз.

Дәріскер айтылған ойды қоштап, онымен келіскен жағдайда: «әлбетте», ал ойын түйіндеп, қорытындылар сәтте: «демек» сөзін, бұрынғы пайымдаулардан өзгеше өз ойын айтқысы келгенде: «шынтуайтқа келгенде» тіркестерін жиірек қолданатын. Мұны жас дәріскердің стильдік ерекшелігін айқындайтын детальдардың бірі десек болды.

Оның алғашқы дәрістерін тыңдағаннан кейін-ақ студенттердің «жапжас болып мына ағай қандай білімді» деген таңданыстарын жасырмағаны да жадымызда қалыпты. Оның болмыс-бітімі бір жағынан ҚазМУ сияқты мандайалды оқу орнында жұмыс істейтін маманның қандай болуы керегінен хабардар етіп тұрса, екінші жағынан өзі дәріс беріп жүрген жастардың кімге қарап ой түзеп, мамандану қажеттігін де көрсетіп тұратын еді. Бәріміздің біліміділігімен сүйсіндіріп, оған қарап бой түзеп, үлгі алғымыз келіп жүрген дәріскеріміз сол кезде отыз бес-ақ жастағы жігіт екен ғой.

Жас ғалым-педагогтың айтқан ойы мен сөзі, кейбір сөз саптау мәнері сырт көзге оны өз жасынан әлдекайда ересек көрсететіндей де көрінетін. Соны байқаған бізбен оқыған топтастарымыздың бірі оған «өзі жапжас болғанмен сөзі кәрі» екен деген сипаттама беріп еді.

Осы курс басталарда «Фольклор» деген ертегі, аңыз, батырлар жыры ғой» деп қана ойлаған біздің түсінігіміз, курс аяқталғанда мүлдем өзгеріп, фольклортанудың тамыры тереңде жатқан ғылым екенін пайымдай бастадық. Бізге халық ауыз әдебиетінің қазыналы сарайының есігін ашып, оның іші толған байлық екенін ұқтырған Шәкір ағайымыз болды. Мәскеудің академиялық ғылыми мектебінен өтіп келген жас ғалым, дарынды доцент біздің қазақтың халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығымызды оята білді.

Филфакта Шәкір ағай өткізетін «фольклор үйірмесі» болды. Сол үйірмеге 1-курста Ләйла Аскарова, Сәбит Ахметов, Айгүл Шыныбекова, Талғат Ожанов және осы жолдардың авторы да қатыстық. Ағайымыздың дәрісінен қанаттанған біз сол үйірмеге өз қалауымызбен, шын ықыласымызбен барып едік. Біздің арамыздан фольклортанушы шықпаса да, жалпы ғылымға бет бұруымызға, ұлтымыздың фольклорының қайтқасиетін ұғынуымызға дәріскеріміздің себепкер болғаны анық.

Ғалым-педагогтардың жетістігі мен еңбегінің нәтижесін бағалайтын олардың ғылыми атақ-дәрежелерінен, мемлекеттік марапаттарынан, шығқан кітаптары мен «Скопус» сияқты жоғары рейтингті журналдарда жарияланған мақалаларынан өзге де өлшемдер бар. Соның бірі – оларға шәкірттері тарапынан берілген баға. Кез келген қызмет сапасын сол қызметті тұтынушылар анықтайды. Бұл тұрғыдан қарағанда ЖОО оқытушы-профессорының жұмысы оның қызметін пайдаланған студенттер тарапынан бағаланса, өте әділ болады.

Біздің курстастардың ашқан «курстастар» деген чаты бар. Оған жазуға уақыт болмаса да, анда-санда көз жүгіртіп өтеміз. 91-жылғы түлектердің сол чатында ұстаздары жөнінде жазғандарының арасында Шәкір ағайлары туралы мынадай жазбалар бар екен:

Арқалық университетінің аға оқытушысы Ш.Әуезова: «Шәкір ағайдың сабағын ұйып тыңдаушы едік. Негізі ағайдың лекциясын бірде-бір студент жібермейтін еді ғой. Ағайдың даусы әлі құлағымда» деп жазса, Атырау облысы Қызылқоға ауданы Тасшағыл орта мектебінің мұғалімі Айгүл Құбашева Шәкір ағайдың 1989 жылғы 3 шілде күні филфак жатақханасында кезекшілік атқарғанда журналға: «Жатақханада кезекшілік өткіздім. Бәрі де тыныштық. Студенттер даярлық үстінде. Ешқандай келеңсіз көріністер көзге түспейді. Барлық қабаттарда студенттердің жүрісі сирек, олар бөлмелерінде. Ибраев Ш. (қолы)» деп өз қолымен жазып, қолын қойған жазбасын 31 жыл бойы сақтап келеді екен. Ол журналда студенттік жатақханада кезекшілік атқарған біздің басқа ағай-апайларымыздың жазбалары да болғаны анық. Бірақ 3-курс студенті солардың арасынан бір-ақ бетті, Шәкір ағайының қолтаңбасын ғана алуды қажет деп санапты. Ал ҚазҰУ-дың доценті А.Шыныбекова ағайдың оқыған лекцияларын ең үздік, ең нақты да жүйелі оқылған дәріс деп санап, сол дәрістер жазылған жасыл дәптерін сонау 1986 жылдан бері сақтап келеді екен. «Шәкір Ибраевтың лекция дәптері менде әлі бар. Лекциясын қатты ұнаттым. Шегелеп беретін, айтқандары мида толық сақталатын» деп жазыпты ол. 35 жыл сақталған студент дәптері арқылы доцент Ш.Ыбыраевтың 1986 жылдың 11 қазаны мен біздің курсқа «Қазақ халқының ауыз әдебиеті туралы ғылым» (11.10.1986) «Ауыз әдебиеті» (24.10.86), «Новеллалық ертегілер және сатиралық ертегілер» (3.12.86), «Қазақ эпосы» (15.12.1986) сияқты дәріс өткізгенін қайта есімізге түсіріп, шолып өттік.

Біздің курста оқыған оның бір кездегі студенттерінің алды бүгінде алпыстан асқан, соңы елуді еңсерген азаматтар, өздері де сабақ беріп, шәкірт тәрбиелеп жүрген мамандар. Бұл пікірлер – көпшілікке арналып газетке жазылған мақала немесе теледидардан жұртшылық көріп отыр ғой деп әсіреленген әдемі сөз де, көзге айтылған мадақ та емес, құрдас-курстастардың өз арасында болған, чаттағы шынайы жазбалар. Сондықтан олар ҚазМУ доцентінің, біздің Шәкір ағайымыздың орда бұзар отыздан асқан шақтағы ғылыми-педагогтік бейнесін боямасыз береді деген ойдамыз.

Бұл чатта сабақ берген оқытушылардың бәрін жаппай мақтаған жазбалар жазылады екен деп қалмаңыз. Онда: «С. ағайдың лекциясында дым жаза алмаушы едім. Лекциясының басы бар, ...аяғы жай әңгіме», «Пәленше ағайдың не айтып тұрғанын түсіну қиын еді. Жақсы ғалым болғанымен, лекция оқи алмайтын еді» деген сияқты бағалаулар болды. Ал доцент Ш.Ыбыраев туралы оның пәнінен төмен баға алған студенттер де ондай бір ауыз сөз жазбапты. Өйткені дәріскер доцент Шәкір Ыбыраев өз пәнін жетік біліп, тыңдаушыларына сапалы қызмет көрсетті. Одан бері арада 35 жыл өтсе де ол туралы тек жақсы сөз айтылуының бар сыры осында жатыр.

КӨРНЕКТІ ФОЛЬКЛОРТАНУШЫ

Біз үшінші курста оқып жүрген 1989 жылы Шәкір аға ҚР Ғылым академиясына жұмысқа ауысып, 1995 жылға дейін сондағы Қолжазба орталығын басқарды. Кейіннен 1995-2001 жылдары М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры болды. Бұл кезеңде ол педагогтіктен гөрі ғылымға көбірек ден қойып, негізінен бірыңғай ғылыми-шығармашылықпен айналысты. Ғылыми-ұйымдастырушылық, басшылық жұмыспен қатар мәскеулік ғалымдардың мектебінен өткен, кәсіби даярлығы мықты Ш.Ыбыраев өзінің ғылыми-шығармашылығының өзегі болған фольклортану саласындағы ізденістерін терендете түсті. Ол қолжазба қорындағы қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтап, «Ақ сандық, көк сандық» (1988) атты жинақ шығарды. «Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы» (монография. –Алматы: «Ғылым», 1993. –297 б.), «Поэтика огузского героического эпоса». (монография. – Алматы: «Ғылым», 1997. –128 б.), «Бастау. Қазақ халқының фольклоры туралы зерттеулер». (–Алматы: «Баспалар үйі», 2009. –160 б.) сияқты іргелі еңбектер, көптеген ғылыми мақалалар жазды.

Фольклортанушының аталған әр еңбегінің өзіндік орны бар. Олардың әркайсысын жеке-жеке сөз етуге болады. Дегенмен, солардың арасында оның «Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы» атты монографиясының алатын орны айрықша. Бұл зерттеу – ғылымның эпос табиғатын жан-жақты ашып, терең ғылыми талдаулар жасаған іргелі еңбегі. Зерттеуде батырлық жырлардың жанрлық түрлерге жіктелуінен бастап, қазақ эпосының поэтикасы мен типологиясы, тарихи поэтика, байырғы эпос пен қаһармандық жырлар, эпостағы уақыт пен оның түрлері, эпикалық кеңістік, эпикалық дәуір, эпикалық уақыт, эпостың сюжеті мен көркемдік тәсілдері кеңінен қарастырылып, ғылыми құндылығы жоғары әрі тың тұжырымдар жасалады. Еңбекте көне мифтерден, батырлық ертегілерден, байырғы жырлардан бастау алатын қаһармандық эпостың жеке жанр ретінде қалыптасуы тарихи шындықпен, санадағы өзгерістермен тығыз байланыста қарастырылады. Ғалым батырлық жырлардың одан бергі рулар аясындағы уақыты мен рулар бірлестігінің дәуіріндегі түрленуі жырлар мәтінін салыстыра отырып талдап, олардың арасындағы тарихи сабақтастықты және уақыт пен кеңістік туғызған өзгешеліктерді анықтайды. Мифтік және ертегілік уақыттың қаһармандық уақытпен алмастырылуы өте нанымды дерек-дәйектер, нақты мысалдар арқылы дәлелденеді. «Ер Көкше», «Ер Қосай», «Құбығұл» сияқты көне дәуір жырлары оқиғаларының ноғайлы дәуіріне телінуін әр дәуірдің өзіне тән сипаттарын қатаң ескере отырып айқындауынан фольклортанушының жыр табиғатын тап басып тани білгендігін көруге болады. Ғалымның батырлық жырлар қаһармандарының мифтік кейіпкерлермен арасаға қатар жүріп, қалыдық іздеуін, олармен соғысуын байырғы эпостар оқиғаларының бергі дәуірлер жырларына көшкенінің айғағы ретінде келтіруі де оның эпос сырына терең бойлай отырып жасаған өте маңызды тұжырымдарының бірі.

Фольклортанушы ғалым осы еңбегінде эпостың көркемдік жүйесін өте жақсы аша білген. Ол сюжет құрылымын әулиеден бала сұрау, шілдехана, той, тұс көру сияқты ұлт танымымен тығыз байланысты мотивтер арқылы таратып береді.

«Біздіңше, мотивтің сюжетке дейінгі қызметі эпостың тілдік, стильдік, көркемдік бейнелеу құралдарының деңгейімен тікелей байланысты. Оның өз құрылымдық жүйесі бар және ол сөйлем, көркемдік бейнелеу құралдары баяндау тәсілдерімен қарайлас. Мағынасы жағынан мотив сюжет аясында жинақталады да, құрылымы бойынша поэтикалық тіл деңгейінде сипатталады. Оның бұл ерекшелігін поэтиканың екі деңгейі – сюжеттік және тілдік деңгейді бір-бірімен жалғастырып жатқан аралық компонент болуынан деп түсінеміз» деген пайымға келген ғалым, батырлық жырдың поэтикалық табиғатын танудың ең бір нәзік тұсын аңғара білген.

Автор одан әрі мотив-суреттеу, мотив-мінездеме, мотив-ситуация, мотив-сөз, мотив-әрекеттің жырлардағы қолданысын, атқаратын рөлін нақты мысалдар арқылы көрсетеді. Мәселен, ол теңеудің мотив-мінездемеде, ұлғайту мен әсіреледіңі мотив-әрекетте, ал ауыстыру, астарлау, алмастырудың мотив-сөзде жиі қолданылатын айқындайды. Бұл тұжырымдарының бәрін батырлық жырлар мәтінінен алынған мысалдармен дәйектеп отырады.

Көрнекті фольклортанушы ғалым Ш.Ыбыраевтың сөз болып отырған еңбегінің жетпістен астам батырлық жыр үлгілерін зерттеп-зерделеу негізінде жазылуының өзі оның мәлімет көзінің мейлінше мол, зерттеу нысанына қатысты қамтыған ауқым аясының өте кеңдігін көрсетеді. Ғалымның бұл еңбегі қазақтың батырлық жырларының көркемдік болмысын тануға қосылған елеулі үлес екенине күмән тұғызбайды. Оның бұл еңбегімен танысқан кез келген әдебиеттанушы ғалым оған көз жеткізе алады. Біз әдебиетші, оның ішінде фольклортанушы болмағандықтан көктей шолып, жалпы баяндап отырмыз. Іргелес ғылым өкілінің өзіне бұл еңбектің халқымыздың батырлық жырларын тереннен толғай отырып жазылған іргелі ғылыми-зерттеу еңбегі екені көрініп тұр. Ал еңбек мазмұнына тереңірек үңіліп, кәсіби тұрғыдан талданса, сарап деңгейіне сай ғалымның жаңалықтары, ғылымға қосқан тың тұжырымдары аз болмасына көп күмәніміз жоқ.

Ш.Ыбыраев ғылымдағы алғашқы ізденістерінен бастап ғылыми қауымға талантты фольклортанушы маман ретінде танылды. Ол кандидаттық, докторлық диссертацияларын да фольклортану саласы бойынша қорғады. Қазақ фольклорының, негізінен батырлық жырлардың ыңғырсырын жан-жақты әрі терең зерттеуге арналған көптеген еңбектер жазды. Ғалымның әр ғылыми мақаласын, монографиясын оқыған зерделі оқырман оның жазған еңбектерінің санына сапасы сай келетін, әр сөзіне аса жауапкершіліктен қарайтын ғалымдар санатынан екеніне көз жеткізе алады.

Ол түркі әлемінде мойындалған ғалым. «Милли фольклор» (Анкара), «Біліг» (Анкара) халықаралық ғылыми журналдарының редакция алқасының мүшесі (Түркия), Халықаралық Фольклор комитетінің мүшесі (Мәскеу, 1992 ж.). Ш.Ыбыраев қазақ фольклортану ғылымына бергені көп, оның дамуына әлі де қосары мол ірі ғалым.

ТАНЫМАЛ ТҮРКІТАНУШЫ

Әдебиеттанушы ғалым Ш.Ыбыраевтың ғылыми ізденістеріне арқау болған саланың бірі фольклортану болса, екіншісі – түркітану. Фольклорменттүркітануоның ғылымдағы қос қанаты. Ш.Ыбыраев 2000 жылдардан бастап кейінгі жиырма жылдан астам уақыт аралығында түркітану саласына көп еңбек сіңірді. Ол 2000-2001 жылдары Түркиядағы Эгей университетінің профессоры, 2001-2004 жылдары А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің проректоры, 2004-2007 жылдары осы университеттің Ғылым орталығы директоры болды. Осы жылдары ол түркі елдерінің ғалымдарымен, ғылыми орталықтарымен тығыз байланыс орнатып, туыстас елдер арасындағы ғылыми нытымақтастықтың нығаюына атсалысып, көптеген нақты істер атқарды. «Түрік дүниесі әдебиетінің тарихы» (Анкара, 2000-2007 жж. 30 том) академиялық көптомдық басылымның Қазақстан бойынша жауапты редакторы, редколлегия мүшесі, қазақ әдебиеті томдарының негізгі авторы болды. Атқарылған қыруар жұмыстың бел ортасында, басы-қасында жүрді. Осы кезеңде (2002-2007) ол, сонымен қатар Түркістан қаласында шығып тұрған Халықаралық «Түркология» журналының бас редакторы қызметін де қоса атқарды. 2004 жылдан бері Дүниежүзі түркологтары Ассоциациясының атқарушы директоры болды. Одан кейінгі Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің ректоры (2007-2010) болған, Түркі академиясын басқарған 2010-2014 жылдары да, одан кейін де ол түркітану саласындағы зерттеулерін жүйелі түрде жүргізді. Әсіресе Түркі академиясының Президенті болған жылдарда түркітану саласындағы ғалымның басшылығымен атқарылған жұмыстар ауқымы өте кең болды. Жалпы осы академияның ғылыми ұйым ретінде қалыптасуына, іргесінің бекуіне ғалымның қосқан жеке үлесі айрықша. Жаңадан құрылып жатқан халықаралық ұйымның тізгіні оған жайдан-жай ұстатылған жоқ. Оның түркітанушы ғалым ретіндегі түркітілдес елдер арасындағы танымалдығы мен ғылыми беделі, ғылыми мәкемелерді басқарудағы көп жылдық тәжірибесі де ескерілді. Ол сол сенім үдесінен шығып халықаралық ұйымның жұмысын жүйеге салып, барлық түркі елдерінің ғылыми орталықтарымен байланыс орнатты. Түркітану саласы бойынша белгілі түркітанушы ғалымдардың көптомдық еңбектерін, түркі тілдері халықтарының сөздіктерін шығарды. Бұл еңбектерді түркітанушылар кітапханасының ең бір құнды дүниелері десек қателеспейміз. 2014 жылдан бастап ғалым Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Түркітану кафедрасының профессоры. Тәжірибелі түркітанушы ғалым түркітану саласындағы ғылыми-зерттеулерін жалғастырып, шәкірттерін тәрбиелеп жатыр. Ғалымның «Түркі мәдениеті ұлы мәдениет болды. Европа өркениеті, араб өркениеті, қытай өркениеті деген терминдердің қатарында «түркі өркениеті» деген ұғымды да қолдануға тиіспіз. Себебі сонау сақтар дәуірінен бергі, тіпті империя құрған, көк түріктерге дейінгі мемлекеттердің ұлы мәдениеті болды» дейтін түркітанушы ғалым. Түркі өркениетінің әлемдік ғылыми қауымдастықтық алдында мойындалуы, түркі тарихы мен мәдениетінің арғы-бергісін терең білетін Шәкең сияқты салиқалы ғалымдардың салмақты еңбектері арқылы ғана жүзеге асары анық.

2016 жылы Ш.Ыбыраев пен Қ.Келімбетовтің редакторлығымен «Түркология: дүниежүзі түркологиясының тарихы» атты ұжымдық монография қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде жарық көрді. Бұл еңбекте түркітанушылық зерттеу парадигмасының географиялық және хронологиялық аясы жан-жақты қамтылып, бірнеше ел түркологиясының тарихы жүйеленді. Мұндай іргелі еңбек істің басында беделді де білікті түркітанушы тұрғандықтан ғана жүзеге асты.

Ғалымның ғылымдағы, түркітанудағы еңбегі елеусіз қалған жоқ. Оған 1991 жылы ҚР ҒА Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығы, 2006 жылы «Түрік дүниесі қызмет сыйлығының иегері» (Түркия) сыйлықтары берілді. «Құрмет» орденімен (2009ж.) марапатталды.

Мерейлі жас биігіне көтеріліп отырған ғалымның, қазақтың ардақты азаматының отандық ғылымға, ел игілігіне ұзақ қызмет етіп, адал еңбегінің зейнетін көре беруін тілейміз.



ҚҰРМАНАЙ

(«Біздің елдің сұлтаны мен ұлтаны» топтамасынан)

(Басы 1-бетте)

Оның тап-таза даусы және эстрадалық-сахналық шеберлігі қайран қалдырып, қуаныш сыйлайды" деп жазды «Ленинший жас» газетінің 1971 жылғы 19 тамыздағы нөміріндеғі журналист-жазушы Қаржабай Омарұлы.

Жаңа бастаған жас әнші үшін бұл, әрине, үлкен баға. Автор негізінде әлгі сөздері арқылы қазақ артисі өнінің тереңіне бойлап, ондағы тұрткі, мотивациялық сезімдерді сәтімен анғарып, қазақтану ағысы шалқар деген ойға бет ұстаған. Кім-не сөзсіз бойынша бас кейіпкер – жас қыз Ёко бір оқыс оқиға кезінде танысқан сақа жігітке көңілі кетеді, ал ол құрғақ – Қуракова өзіне ойда-жоқта жабысқан қалған көркіті де жас бойжеткеннен қарадай ұқпқн, ат-тонын ала қашады. «Мұны алсам, ертеңгі күнім не болады, жас қызға шамам жете ме?!» деп, әдетте осы жастағы еркектерде болатын сарыуайымға салынады. Онысы, әрине, «жауапкершілік» дегенді желеуретіп қиындықтан қашу ғой. Валентин Распутин «Рудольфио» дейтін әңгімесінде психологиясын әдемі ашқан қоркак еркектердің өзіреншіе ойлап тапқан жасырынбағы. Содан, басында не ауыртайын, Қуро-екен қашқанная қашып отырып, қиын Бразилиядағы бір-ақ шыққан Дарнелия қызды ойлап жүре алмайды. Бірақ енді кеш. Ұялжып піспіп тұрған алма жерге үзілген түспей қашанны тұрады, Куроекенді күтіп-күтіп, болмағасын бұрынғы жігітіне қайта қосылады. Осы бір драмалық жағдай – мойынша жауапкершілік ала алмайтын, сүйіспендік сезімін уақытында уалай алмайтын жасқаншақтық әлгі саундтрек әнде қыз атынан айтылатын «И полюбить не смог... Был лишь сезон любви...» деген шерлі де күйікті сөздермен берілген. Бұрын да болған, қазір де көптеген қыздарымыздың басында бар жағдай – махаббатты тәлкек етіп, маусымдық нәрсеге айналдырып жүрген «Алаштың азаматтары» аз ба арамызда!? Құрманай өмірдің осы ащы шындығын ұзақ андап, терең ғарлап анғарып, әнпің өнбойына басты мотив ретінде өрген сияқты. Егер осы айтқанымыз рас болса, онда «Махаббат маусымы» әнінде Құрманай кейін өзінің бұқіл әншілік қапалы желі боп тартылатын шынайлықты, әнге даусты бұрын жүректі сапып айтуды бастап қолданған десе лайық.

Құрманай Әжібаевпың әншілік шығармашылығынның айырым белгісі болып саналатын бұл ыңғай сөз болып отырған шамада «Сағынудың сені» композициясында логикалық жалғасын тапты.

Бірқатар дерек көздерінде «Сағынудың сені» әнін Ескендір Хасанғалиев Құрманайдың даусына арнап шығарған делінеді. Бұл дәл емес сөз. Шын тарихы басқа.

Кеңестік жүйе кезінде социалистік экономиканың манызды құрылыс жобаларына жиі-жиі өнер ұжымдарын жіберіп алып отырған. Сол ізбен «Дос-Мұқасан» да 1970 жылдардың басында бүкіладтық өкпінді комсомол құрылысы болып жариялаған Арқалық қаласына, Армениянын Севан көлінідегі су тарту жүйесіне және Тәжікстандағы Нурек ГЭС-іне барып, құрылысшылардың алдында өнер көрсеткен. Соңғы аталған құрылыска баратын делегацияны жасақтаған кезде республика комсомолының орталық комитеті оған «Дос-Мұқасанды» да қосады. Одан басқа Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаттары – әнші Нұрғали Нұсіпжанов, композитор Ескендір Хасанғалиев, ақын Надежда Лушникова бар. Алматы қалалық партия комитетінің жауапты қызметкері Марат Шормановтан басқарған делегация Тәжікстанға 1971 жылдың көктемінде келеді. «Сол сапарда Ескендір ағамыздың өте сырлы, нәзік «Сағынудың сені» деген жаңа ән шығарғанын біддік, – деп жазады Досым мен Ұлықпан еске алу мақаласында. – Бірақ әлі ешкім орындамапты. Әфирге шықпаған, жұртқа таралмаған. Автордың өзі де басқа бір әншіге орындатуға қимайтын сияқты, өзіне тым ыстық көрінетіні байқалады. Құрманай бұл әнмен таныса салысымен-ақ өте ұнатты, қатты ден қойды, жарты күнге жетпей-ақ игеріп алып, бәрімізідің алдымызда жан-тәнмен берілін тұрып орындап бергендегі біздің жағдайымызды көресің! Ерекше күйге бөленген Есекен аса ыңғайсыздықпен Құрманайдың мандайынан сүйді...»

Иә, бұл рас, композитор әлі күнге Құрманайды өзінің осы әнін ең мықты орындаушы деп санайды және атап айтар нәрсе – Бәкір Тәжібаев ән мәтінін жігіттің қызға бағыштаған сөз етін жазса да, оны Құрманайға сенің тапсырғанда түйсігі алдамаған. Досым мен Ұлықпан ағаларымыз да жоғарыдағы еске алу мақаласында: «Бұл әнді Құрманайдай жан дүниесімен, терең музыкалық сауатпен, сан-катпарлы, құпиясы мол ғажап дауспен шырқаған басқа әншіні әлі кездестіргеніміз жоқ деп, ағынан жарылады.

Ән көктемде, бүкі таудағы Нуректе алғаш рет түнде айтылғанған кейін сол жылы шыққан ансамблдің тұңғыш миньон табағына енді. Бұдан басқа, әлгі туста «Қазақтелефильм» студиясы «Дос-Мұқасан» көнінде түсірген фильм-концертте Құрманай «Сағынудм сеніні» ансамбль сүйемелімен орындайтын арнауды кадр бар. Бұл – Құрманайдың кинолентаға тартылған және даусталмы жалғыз нөмірі.

Әншінің перформинг үстіндегі бүкіл жан тебіренісін, сезім құбылысын барынша ашып көрсететін жоғарыдағы бейнекөріністі «боямасыз даусы, бояусыз әлпет» деп әліптеуге болар еді. Бұл баға болғасын Құрманай, әрине, шаш ұстісіне мен беріп, оны өзгертіп отырған. Ансамбльге алғашқылардың ішінде мен қатысқанымнан тоғізілдіп тұрып, мандайынан жоғары қарай жарты шеңбер қағынышелен капсырып қойса, жоғарыдағы фильм-концерттегі шаш үлгісі – карэ. Екі көріністе де көздерін жиектей жеңіл тушь жүргізіп қойған. Бар косметика сол. «Құрманай «Көктем» шағынауданыңда тұрды, әлі есімде – бет-әлпетінде неміс киноактрисасы Роми Шнайдерге бір ұқсастық бар еді» деп жазады Ютубтағы бір фалловер. Дағыстандық және бір әкелі пайдаланушының ол жөнінде айтқан: «Я здесь, чтобы слушать Маса чёрного тмина» деген сөзі әлеуметтік қанатты сөз болып дәнде тарап кетті. Айтса айтқандай, шынында да, Құрманайдың көзі – қара зиреніп мағыс: тұнжыр қарашық және батыс қазақтарының айнымайтын ен-танбасы бойынша көзінің бірі үлкенірек, екіншісі ұзынша боп, екі түрлі формада келеді. Осы бір ерекше көз жанары бір жағынан шыттқыл мінез адай қызының бүкіл конституциясын, ішкі дүлылығын да беріп тұрғандай. 1979-1980 жылдары Құрманай политехтың сәулет және құрылыс факультетінің даярлық тобына сабақ беріп жүргенде оның алдын көрген сыныптасқы Санақкали Қалжығаровтан бірде: «Құрманай институттағы өмірде қандай ед, кездері өлен айтқан кездегідей мұңды, тұнжыр ма еді?» – деп сұрағанын бар. «Тұнжырлығын байқамадым, әйтеуір сабақ өткізіп отырды, бір нәрсе айтар алдында ойланып алған кезінде көз жанары ауадағылып-тұнжырлығын тұратын секілде қалыпты» деді Санак.

Бұдан жай өмірде ашық-жарқын адам ән айтқан кезде оған қарама-қарсы, мұлдем басқа қиырға барып енетіні, соған сәйкес көзі, қарасы, жалпы бет бәдені өзгеше тұр-кейін алатыны көрінеді. Жоғарыдағы бейнекөріністі көргендердің көпшілігі әнші «Сағынудм сені» композициясын бір мезгілде әрі өжет, әрі мұңды кейіпте орындайтынын, даусына бір мезгілде әрі сезім, әрі қуатты серпін бояуы араласып келетіндігіне назар аударады. «Шынылтыр сезімшілдік, шынайылық, мұң – осы үшеуі бір әнде бір құтыға құйылған. Бұл көріністі көріп отырғанында, сол кездегі адамдардың махаббат сезімін, қайғы-шерге батуын жіті сезінгендей боласың, сонда да ондағын өзара жарасымдылықты сақтап, ертеңге деген зор үміттен өмір сүргенін анғарып, қайран қаласың» деп жазады солардың біреуі. Сэм Безруков есімді келесі ресейлік фалловердің ыңғайы әне жоғалтып, өнін тайдырып алмау үшін тұпұсқа тіще келтіреміс: «Ляжу на неё и отрываться взгляд не могу, хочу понять этой песни – Я скучаю по тебе». Что-то в ней есть такое, что мне хочется понять. Красивая и серьёзная, и в меру строга она была, всё-таки, о чём или о ком она думала при исполнении этой песни, мы никогда не узнаём».

Толықтай келісемін. Жан дүниесі теніздей терең мұндай адамдар көп нәрсені сыртқа шығармай, өздерімен бірге жүрегіпі бар. Өз басым бұл жағынан Құрманайды шығармашылық және өмірлік жолы тылсым жұмбақтарға толы болған біртұрлі актриса, көзі тұз тағысынын көзіндей Татьяна Самойлованы және атары шығып, кемеліне келіп тұрған шағында із-тұзсіз жоғалып кеткен және бір түсініксіз өнер иесі – голландиялық әнші Индрид Кулис (Кэп) ұқсатар едім. Бүкіл ән бойында Құрманайдың кірпік қақпай кіреукелене дымданған тұнғыс нәзік жұмыр жанарларынан енді болмаса бір-екі тамшы үзіліп түсіп, жөнелердей... Жан тыныштығына орнаған не деген ұлы қайғы бұл?! Музыканы магия дейміз, ал одан да бөлек мына тылсымды немен түсіндіресің...

Міне, осы Затаевич жазатын қазақ әйелдеріне тән «апатиялық» алабөтен жұмбақ табиғи сұлу келбет табиғи таза дауспен айқын үйлесе келіп, «Сағынудм сені» әнін нағыз шедеврге айналырған. Композицияда сезім, вокал және музыка ғажап та сирек үйлесімнен қабысады. Әншінің іште ешбір құлта қалдырмай, ақтарыла айтқан әндегі ұзақ шынайылығы екіншіі шұмақтың аяғын ала бере даусты еріксіз фальцетпен жоғары көтеріп жібереді, одан әрі мешідан толыққа жуық сопраноға ауысып, шыңылтыр биік дыбыстармен өрлеп, әуелей береді, бірақ әннің «крещендо» делінетін шарықтау шегіне жетпей, шынғалмай кейін қайтады. Әлдене жетпегендей, еріксіз жұтынып қаласың. Тонды келте қылып тұрған даусс дейтіндей емес – Құрманай жоғары ноталарды еркін алды және оның арқаңыдағы бик регистрлерге шамасы әдемі келетіндігі көрінпп тұр. Соған қарамастан әнші алдеңете өзін-өзі тежегені байқалады. Әдетте дәстүрлі қазақ әншілері мұндай өреді өлеп қолға тие қалса, өзін шектемей, Әсетше айтқанда, дәсерлетін, қырық қарпып, тоқсан толған, мың құбылтып, өрлетіп, шалқытып, әуелетіп әкетіп, сонында тік шаншылтып, Хан-Тәңіріпің шыңына апарып дік еткізіп бір-ақ қадар еді. Құрманай олай етпейді, рас, әннің қазақы ырғағын, шаршы-ұялы құрылымын бұзбайды, жазушы Қуандық Тұменбай жазғандай, ондағы ұлттық сурет, қазақы сағынышты да бояуын әлсіретпей жеткізеді, десе де бұрынғы Әсеттердің, Мухитардың шыған даусы мұнда жоқ. Дұрысы: ондай табиғи даусс бар, бірақ сол мүмкіндікті өзі қолданбады. Неге? Әлде бірқатар сыдрекі, кәсіпкер ағалардың сияқты пернесіпілерін сақтау үшін әріге барысы келмеді ме? Көбінесе мұны классикалық ән өнері дамыған Батыс артистері ұстанады. Бірінщіден, жоғарыда айтқанымыздай, даусс аппаратына кесел келтірмеу үшін, екіншіден, оларда гасырлар бойы қалыптасқан вокалдық дәстүр бойынша ән айтудың ең әдемі үлгісі алдындағы шырақтың жалынын ешқашан шалқытпай шығатын бель канто стилі болып саналатындықтан көбінесе перформинг жалынсыздау, құштарсыздау болып келеді. Қазақтың ән өнері 1930 жылдардан бастап жалпы модальдық Шығыс саз мектебінде тән құшырмен орындау (пассионато) дәстүрінен қол ұзіп, Ресей арқылы келген, даусты шектеп отыратын әншілер сияқты пернесіпілерден

Композитор әнді өзі басқаратын ансамбльдің көмегімен өте нәзік ажарлаған. Әсіресе екінші шумақтан соң, әннің әндетпе бөлігі мен кездесі аралығында келетін ерекше сазды иониканың (электрорганның) интродукциядан кейін ұшінші шумақты бастап кеп жібергенде кім-кімнің де жүрегі еріксіз шым ете қалады (осы тәсілді «Достар» «Сағындым сені» композициясында да ұтымды қолданған). Бір тыңдарман жазғандай, бүткіл өмірінді үш-төрт мүйнеттің ішінде елгезектен өткізгендей боласың. Әнші қашанғыдай ұлы жолы да жүректің сазын айтқанда соншалық, оны тыңдап отырған Досымның көзіне жас келіп қалады. Кейін бір сұхбатында ол: «Әндерімнің ішінде өзіме ең ұнайтысы – Құрманайдың орындауындағы «Жан досым» деді. Айтса айтқандай, бұл ән «Достардың» бейресми гимні сияқты.

Әдетте Мүслім Магомаев орындайтын «Нөктюрн» қашықтан шырқалатын сүйіспеншілік гимні деліседі. «Нөктюрн» бұл күйінде жалғыз, ал Құрманайда қазіре жиі айтылатын әлеуметтік қашықтықты сақтап шырқалатын жақсы көрудің ұран-әні екеу. Олар – «Сағындым сені» және «Жан досым». «Нөктюрнды» Арно Бабаджанян, Роберт Рождественский және Мүслім Магомаевтың зор таланттары туғызса, «Сағындым сені» мен «Жан досымды» Ескендір Хасанғалиев, Бәкір Тәжібаев, Досым Сүлеев, Тұманбай Молдағалиев және Құрманай Әжібаева-Омарованың зор таланттары туғызған.

«Жан досым» «Дос-Мұқасанның» құрылғанына 40 жыл толуына арнап 2008 жылы шығарылған CD-ге енді. Ютуба аудиоформаттан бейнекөрініске көшірілген нұсқасы бар. Осы күнге дейін бұл әннің Роза Ерназарованың орындауындағы бір ғана кавері белгілі. Оның өзі көпшілікке аса мәлім емес. Әннің орындауға қаншалықты қиын екенін осыдан да анғаруға болады. Мұның себебі, сүйсек құлай сүйетін, сенсек қалтқысы сенетін, күншілдікті бауыр, алтауысы дос болса білетін заманнан өтіп кеткенімізден бе, әлде адал достықтан шығып, адал достықтан, сүйек көрсе ырыздасқан ешқандай өтіп ат достықтың заманына келіп жеткенімізден бе, ол жағы маған беймағлұм. Білетінім, Құрманай «Сағындым сеніні» айтқандағыдай, «Жан досымды» да дауысына ғажайып бір сыршылдық араластырумен қоса, алыстан талып естілетін, қулаққа еміс-еміс шалынатын әлдебір ноталық дыбыстар береді. Сырт қарағанда тыныда, сында да бірге болатын дос жайында, сол арқылы, журналистердің тілімен айтқанда, қазір де өзектілігін жоғалтпаған ахиреттік достық жайында сыр шертіп тұрғандай болғанымен, одан да бөлек, басқа да бір сыр ұқтырысы келетіндей. «Дос-Мұқасан» сайтындағы бір материалдың авторы дал осы жағдайды ағатсыз танып, «Ол осы сәтте басқалармен мәнгіне қоштасып тұрғандай болып көрінеді» деп қиындаңдатты.

III

1974 жылдың жазында «Дос-Мұқасан» комсомол лауреаты атанған оқиғадан кейін ансамбліді кәсіби өнер ұжымына айналдыру мәселесі көтерілді. Политехтен алынып, мәдениет министрлігінің қарамағына – «Қазақконцерт» бірлестігіне берілетін болды. Бұл жағдай ансамбліде кімдер қалады, кімдер кетеді деген мәселені де айқындай кетті.

Осы жерде «Дос-Мұқасанның» тарихы әу баста жатақханадағы бірнеше дос жігіттің өздеріне жиналып, бірігіп ән шырқаушан басталғанын айту жөн. Сол 1968 жылы институттың джаз-квартеті болғанда да ешқайсысы ада кәсіби музыкант болмаған деп ойламаған да, жоспарламаған да. Тағдырдың солай болды. Пешенелеріне ұлттық эстрадада төңкеріс жасауды жазды. «Есейдік, егдейдік, енді бір жағына шығатын уақыт та келіп жетті, – депті Шәріп Омаров кейінгі бір сұхбатында. – Не бәріміз бірге сахнаға кетіп, басыбайлы эстрадамен айналысуымыз, не өмірден өз жолымызды табуымыз керек болды».

Шәріп ол кезде Алматы қалалық комсомол комитетінің хатшылығына ауысқан, ал бастығы болса дындай жастар жетекшісінің сахнада жалбақ шаш жігіттермен бірге гитара безілдетіп тұруына түсінбестік көзбен қарайды, бірақ Шәріп бұған елең ықпайды, қатан партиялық тәртіп пен өнерлін арасынан ашық «конспирациялық» ұйымдастырулар да, 1975 жылдың өзінде ансамбліге қатысуын жалғастыра береді. Соның алдында, яғни 1974-тің жазында Досым ансамбльден шығып, Мәскеу болат және қорыпталар институтынын аспирантурасына оқуға кетіп де Шәріп қозғалмаған, тек бір жылдан соң ғана кету жөнінде ақи-таки шешім қабылдайды. Сөйтіп, бұрынғы құрманан Мұрат, Бақытжан, Нұртас қана қалады. Жанадан он шақты жігіт келіп қосылып, құрам толыққа жуық жанарады. Кәсіби ұжым болғанған кейін «Достар» бұрынғы бағытын өзгертіп, жаңа арна табады. 1980 жылдардың ақ шенінде өзіммен «Горизонт» – «Өркен» газетінде бірге істеген Арсен Бияновтан («Дос-Мұқасанның» 1975-1985 жылғы құрамында барабаншы болған) осындай жайын сұрағанымда, ол: «Е, 1975-тен бастап «Достар» екіге бөлінің кетті той, шартты түрде алғанда онда екі «фракция» болды» деп күліп, бір сырдың шетін басып өткен. Кейін сол әңгімені газетке бажайлап жазды да. Бұл инсайдерлік хикаядан ұғатынымыз – ансамбльде бір топ ештенені де өзгертікі келмеген, бұрынғы фольк-рок бағытын жалғастыра беруді діттеген, ал екінші топтың бүйрегі сол кезде танымал болып тұрған роктың хард, психоделика, джаз-рок сияқты заманауи стильдерінде бұрады. Бұл ынғайды сол 1975 жылы Мұрат Құсайынов пен Кенес Одағындағы алғашқы да бірден-бір психоделиялық рок музыка – «Бетпақ дала» аспаптық рок-композициясын жазуынан да анғаруға болады. Назар аударар бір жағдай, Досым «ғылым мен ән – екі жағалау» десе де, «өнерде қалуыма анамның бір сөзі тоқтау салды» десе де, ғылымға ауысқанымен, жоғарыдағы Шәріп сияқты, ансамбльден біржола кеттім деп ойламаған. Жалпы өзіңді бір уландырып алғасын өнермен қоштасу оңайға түспейді. Осы жағдайды 1974-те, Мәскеуде аспирантурада жүріп берген бір сұхбатында Досым: «Оқуымды бітіргеспі институтқа, әлбетте, онымен бірге «Дос-Мұқасанға» да ораламын, себебі, ән – менің өмірімнің жан серігі ғой» деп, өзі де бажайлап айтқан. Бірақ кейінгі және бір интервьюінде ынғарттандай, ансамбль кәсіби ұжымға айналғанған кейін гастроль қуалап, іденіске, репертуар жанартуға уақыты қалмауынан стиль бұзылды деп есептеп, әуелгі ойынан айныған сияқты. Ойлай болмай, Досым қайтып келгенде Шәріп те бұрынғы орнынан табылуы әбден мүмкін еді. Кім біледі, сол туста «Бумеранг» деген атпен джаз ансамблі, «Арай» деген атпен классикалық эстрада ансамблі болып, бір уақытта екі сахнада өнер көрсеткен Тахир Ибрагимовтың тобы сияқты «Дос-Мұқасан» да рок музыканың екі бағытын да қатар алып жүргенде әлгі құрамда Құрманай да бағысынша өнерін жалғастыра бере ме еді.

Біздіңше, Шәріптің ансамбльден кетуі Құрманайдың да өнермен қоштасуының елеулі себебіне айналған. Иә, елеулі себебі, бірақ басты себеп деп те айта алмас едік. Саясаттағы «уақытты бастау – уақытты тоқтау» деген сөз бар. Саясатта көбінесе ер адамдар жүретіндіктен соларға қарата айтылған әңгіме. Сол сияқты әйел адамдардың да уақытылы тоқтатпынды болады. Әйел заты болуына байланысты. Себебі саясатта да, өнерде де қыз бала ер адамға қарағанда уақыттың дегенине көбірек бағынады. Көріпкел Ванга кемпір бірде Лили Ивановаиын болашақ тағдыр жолына бат ашып отырып, «Шырағым-ай, сен баршаны күн сәулесімен жылытқандай жылытасың, бірақ жан баласы сені жылыта алмайды, себебі тағдырың әнмен байлаулы екен» депті. Лили бірнеше рет тұрмыстанған, бірақ пұшпағы қанамаған адам ғой. Ал Құрманай – отбасылы. Күйеу құту, бала тәрбиесі дегендей әйел адамның таусылмайтын да қоймайтын құрып шаруасы бар. Осыған байланысты шамалы ұзіліс бола қалса әйел кісі сахналық форманы жоғалтып алады. Кәсіби сахна типп-кашып айналасынан көркемөнерпаздық емес. Ол сахнадағы қате-кемшілікке төзбейді. Кәсіби ұжымда жұмыс режимі айрықша: онда арнайы жасалатын концерттік бағдарламаны күніне пысықтап, уақытпен санаспай тер төгіп, дайындалып отыру қажет. Мұндайды Құрманайдың жүрегі аса қалай да бермейді, ол о баста кәсіби әнші болуды армандамаған, кейін, атағы шыға бастағанда да мұны алдына мақсат етіп қоймаған. Сіңлісі Ұлғанымның айтуынша, бар ойы көңілі қалаған мамандығын – оқытушылықты жалғастыру болыпты. Оның үстіне біздей жауапты қызметкердің әйелінің гастрольдетін, секектеп ән салып жүрген сөкеттік сағаған сияқты. Күйеуінен сында да, Мұсылда Магомаевтың зор таланттары тұғызса, «Сағындым сені» мен «Жан досымды» Ескендір Хасанғалиев, Бәкір Тәжібаев, Досым Сүлеев, Тұманбай Молдағалиев және Құрманай Әжібаева-Омарованың зор таланттары тұғызған.

«Жан досым» «Дос-Мұқасанның» құрылғанына 40 жыл толуына арнап 2008 жылы шығарылған CD-ге енді. Ютуба аудиоформаттан бейнекөрініске көшірілген нұсқасы бар. Осы күнге дейін бұл әннің Роза Ерназарованың орындауындағы бір ғана кавері белгілі. Оның өзі көпшілікке аса мәлім емес. Әннің орындауға қаншалықты қиын екенін осыдан да анғаруға болады. Мұның себебі, сүйсек құлай сүйетін, сенсек қалтқысы сенетін, күншілдікті бауыр, алтауысы дос болса білетін заманнан өтіп кеткенімізден бе, әлде адал достықтан шығып, адал достықтан, сүйек көрсе ырыздасқан өтіп ат достықтың заманына келіп жеткенімізден бе, ол жағы маған беймағлұм. Білетінім, Құрманай «Сағындым сеніні» айтқандағыдай, «Жан досымды» да дауысына ғажайып бір сыршылдық араластырумен қоса, алыстан талып естілетін, қулаққа еміс-еміс шалынатын әлдебір ноталық дыбыстар береді. Сырт қарағанда тыныда, сында да бірге болатын дос жайында, сол арқылы, журналистердің тілімен айтқанда, қазір де өзектілігін жоғалтпаған ахиреттік достық жайында сыр шертіп тұрғандай болғанымен, одан да бөлек, басқа да бір сыр ұқтырысы келетіндей. «Дос-Мұқасан» сайтындағы бір материалдың авторы дал осы жағдайды ағатсыз танып, «Ол осы сәтте басқалармен мәнгіне қоштасып тұрғандай болып көрінеді» деп қиындаңдатты.

III

1974 жылдың жазында «Дос-Мұқасан» комсомол лауреаты атанған оқиғадан кейін ансамбліді кәсіби өнер ұжымына айналдыру мәселесі көтерілді. Политехтен алынып, мәдениет министрлігінің қарамағына – «Қазақконцерт» бірлестігіне берілетін болды. Бұл жағдай ансамбліде кімдер қалады, кімдер кетеді деген мәселені де айқындай кетті.

Осы жерде «Дос-Мұқасанның» тарихы әу баста жатақханадағы бірнеше дос жігіттің өздеріне жиналып, бірігіп ән шырқаушан басталғанын айту жөн. Сол 1968 жылы институттың джаз-квартеті болғанда да ешқайсысы ада кәсіби музыкант болмаған деп ойламаған да, жоспарламаған да. Тағдырдың солай болды. Пешенелеріне ұлттық эстрадада төңкеріс жасауды жазды. «Есейдік, егдейдік, енді бір жағына шығатын уақыт та келіп жетті, – депті Шәріп Омаров кейінгі бір сұхбатында. – Не бәріміз бірге сахнаға кетіп, басыбайлы эстрадамен айналысуымыз, не өмірден өз жолымызды табуымыз керек болды».

Шәріп ол кезде Алматы қалалық комсомол комитетінің хатшылығына ауысқан, ал бастығы болса дындай жастар жетекшісінің сахнада жалбақ шаш жігіттермен бірге гитара безілдетіп тұруына түсінбестік көзбен қарайды, бірақ Шәріп бұған елең ықпайды, қатан партиялық тәртіп пен өнерлін арасынан ашық «конспирациялық» ұйымдастырулар да, 1975 жылдың өзінде ансамбліге қатысуын жалғастыра береді. Соның алдында, яғни 1974-тің жазында Досым ансамбльден шығып, Мәскеу болат және қорыпталар институтынын аспирантурасына оқуға кетіп де Шәріп қозғалмаған, тек бір жылдан соң ғана кету жөнінде ақи-таки шешім қабылдайды. Сөйтіп, бұрынғы құрманан Мұрат, Бақытжан, Нұртас қана қалады. Жанадан он шақты жігіт келіп қосылып, құрам толыққа жуық жанарады. Кәсіби ұжым болғанған кейін «Достар» бұрынғы бағытын өзгертіп, жаңа арна табады. 1980 жылдардың ақ шенінде өзіммен «Горизонт» – «Өркен» газетінде бірге істеген Арсен Бияновтан («Дос-Мұқасанның» 1975-1985 жылғы құрамында барабаншы болған) осындай жайын сұрағанымда, ол: «Е, 1975-тен бастап «Достар» екіге бөлінің кетті той, шартты түрде алғанда онда екі «фракция» болды» деп күліп, бір сырдың шетін басып өткен. Кейін сол әңгімені газетке бажайлап жазды да. Бұл инсайдерлік хикаядан ұғатынымыз – ансамбльде бір топ ештенені де өзгертікі келмеген, бұрынғы фольк-рок бағытын жалғастыра беруді діттеген, ал екінші топтың бүйрегі сол кезде танымал болып тұрған роктың хард, психоделика, джаз-рок сияқты заманауи стильдерінде бұрады. Бұл ынғайды сол 1975 жылы Мұрат Құсайынов пен Кенес Одағындағы алғашқы да бірден-бір психоделиялық рок музыка – «Бетпақ дала» аспаптық рок-композициясын жазуынан да анғаруға болады. Назар аударар бір жағдай, Досым «ғылым мен ән – екі жағалау» десе де, «өнерде қалуыма анамның бір сөзі тоқтау салды» десе де, ғылымға ауысқанымен, жоғарыдағы Шәріп сияқты, ансамбльден біржола кеттім деп ойламаған. Жалпы өзіңді бір уландырып алғасын өнермен қоштасу оңайға түспейді. Осы жағдайды 1974-те, Мәскеуде аспирантурада жүріп берген бір сұхбатында Досым: «Оқуымды бітіргеспі институтқа, әлбетте, онымен бірге «Дос-Мұқасанға» да ораламын, себебі, ән – менің өмірімнің жан серігі ғой» деп, өзі де бажайлап айтқан. Бірақ кейінгі және бір интервьюінде анғарттандай, ансамбль кәсіби ұжымға айналғанған кейін гастроль қуалап, іденіске, репертуар жанартуға уақыты қалмауынан стиль бұзылды деп есептеп, әуелгі ойынан айныған сияқты. Ойлай болмай, Досым қайтып келгенде Шәріп те бұрынғы орнынан табылуы әбден мүмкін еді. Кім біледі, сол туста «Бумеранг» деген атпен джаз ансамблі, «Арай» деген атпен классикалық эстрада ансамблі болып, бір уақытта екі сахнада өнер көрсеткен Тахир Ибрагимовтың тобы сияқты «Дос-Мұқасан» да рок музыканың екі бағытын да қатар алып жүргенде әлгі құрамда Құрманай да бағысынша өнерін жалғастыра бере ме еді.

Біздіңше, Шәріптің ансамбльден кетуі Құрманайдың да өнермен қоштасуының елеулі себебіне айналған. Иә, елеулі себебі, бірақ басты себеп деп те айта алмас едік. Саясаттағы «уақытты бастау – уақытты тоқтау» деген сөз бар. Саясатта көбінесе ер адамдар жүретіндіктен соларға қарата айтылған әңгіме. Сол сияқты әйел адамдардың да уақытылы тоқтатпынды болады. Әйел заты болуына байланысты. Себебі саясатта да, өнерде де қыз бала ер адамға қарағанда уақыттың дегенине көбірек бағынады. Көріпкел Ванга кемпір бірде Лили Ивановаиын болашақ тағдыр жолына бат ашып отырып, «Шырағым-ай, сен баршаны күн сәулесімен жылытқандай жылытасың, бірақ жан баласы сені жылыта алмайды, себебі тағдырың әнмен байлаулы екен» депті. Лили бірнеше рет тұрмыстанған, бірақ пұшпағы қанамаған адам ғой. Ал Құрманай – отбасылы. Күйеу құту, бала тәрбиесі дегендей әйел адамның таусылмайтын да қоймайтын құрып шаруасы бар. Осыған байланысты шамалы ұзіліс бола қалса әйел кісі сахналық форманы жоғалтып алады. Кәсіби сахна типп-кашып айналасынан көркемөнерпаздық емес. Ол сахнадағы қате-кемшілікке төзбейді. Кәсіби ұжымда жұмыс режимі айрықша: онда арнайы жасалатын концерттік бағдарламаны күніне пысықтап, уақытпен санаспай тер төгіп, дайындалып отыру қажет. Мұндайды Құрманайдың жүрегі аса қалай да бермейді, ол о баста кәсіби әнші болуды армандамаған, кейін, атағы шыға бастағанда да мұны алдына мақсат етіп қоймаған. Сіңлісі Ұлғанымның айтуынша, бар ойы көңілі қалаған мамандығын – оқытушылықты жалғастыру болыпты. Оның үстіне біздей жауапты қызметкердің әйелінің гастрольдетін, секектеп ән салып жүрген сөкеттік сағаған сияқты. Күйеуінен сында да, Мұсылда бірге болып, қосағымен қоса ағаруды діттейтін, елге көрік, ерге серік қазақ әйелінің ежелгі тәрбие түсінігі.

Шәріп бар жерде Құрманай бар, Шәріп жоқ болса, Құрманай да жоқ. Сондықтан ол әрі 1988 жылы Алматы жоғары партия мектебін бітіргесін Мәскеуде әуелі комсомолдың орталық комитетінде, партия орталық комитетінің халықаралық бөлімінде ұжымсыз істегеп кезде де оның жанында болады, сондағы бір жоғары оқу орнында сабақ береді. Шәріп 1990 жылы қайта құруды аяқтап еліне оралып, республика Жастар комитеті төрағасының бірінші орынбасары боп тағайындалғанда музасы оның қасынан табылады. Опера және балет театрында 1990 жылы күзде берілген «Дос-Мұқасанның» қайырымдылық концертіне Шәріп қатысты, ал Құрманай көрінбеді, ессіне дереуі екі жыл салып Тәуелсіздік сарайында қойылған ансамбльдің жиырма бес жылдық мерейтой концертінде ұзақ үзілістен кейін сахнаға шығып, «Сағындым сені», «Жан досымды» және жанадан бір ән – Мұрат Құсайынов Шөмішбай Сариевтің сөзіне жазған «Ғашық жүректі» орындап, тыңдармандардың сағынышының сарығын басқандай болды. Сапасыз телекамерамен реверберациясы кемшін заңда түсірілген әлгі концерттің бейнетаспаларындағы битрейт те болғандай нашар, соның өзінде де Құрманайдың сирек мещо-контральтосы өнін, әрін жоғалтпай, бұрынғыша қарап тұрғаны байқалады.

Келесі, 1993 жылы қантарда Құрманай құрамында Шәріп те бар ансамбльмен бірге Шымкент қорғасын заутының шаруашылығын онтүстік өнірге келіп, шымқалалықтардың алдында өнер көрсетеді. Бұл онын сахнаға соңы рет шығуы болды. Келесі 1994-тің жазында денсаулығына онкологиялық ақау іліпіп, емдом қабылдау үшін ауруханаға түседі. Сол туста Мұрат Құсайынов жанадан шыққан бір әнін қосылып орындау жөнінде ұсыныс айтқан екен, «Жарайды, ауруханадан шыққасын жазайық» депті. Соған қарағанда әкетін бара жатқандай ауыр дерті болмаған. Бірақ көп кешікпей, сол жылғы 2 шілдеде кенеттен қайтыс болып кетеді. Білетіндердің айтуынша, қан күйған кезде медбикенің қатесінен қанына В гепатитінің вирусы түскен. Ағзаға парентеральдық жолмен, тоғыз залалсыздандырылмаған медициналық құрал арқылы тап болатын бұл вирус бауырдағы жіті гепатит, цирроз, бауыр обыры кеселіне апарып соғады. Фредди Меркьюри де СПИД-тен емес, алгі В гепатиті вирусынан қайтыс болыпты дейтін дерек бар. Қалай болғанда да, дәрігерлер араша тұра алмаған.

Мистика дерсін: қазанның 2-ші жұлдызында дүние есігін ашыпты, оныншы шілдеде үйленіпті, бұл жалғанда небәрі қырық төрт жыл жасап, тағы да сол шілдеңнің 2-ші жұлдызында бақи дүниеге көшіпті. Бар қызық көрген түстей бол, містық жасқа айналып, ауруханаңын көпшігіне тамған...

«Досмұқасандықтар» Құрманайды Кеңсай зиратына дейін «Жан досым» әнімен шығарып салды. Чехия мен Словакияда елпіп болып жүрген жерлерінде ауыстырып қайтыс болған Шәріп те 2008 жылы қосағының қасына келіп жатты. Бұл күнде екеуінің басында ұш тал ағаш өсіп тұр. Кейбір материалдарда «ұш қызы еккен екен» деген ынғайда әңгіме айтылып қалады. Неге олай дейтіндерін білмедік. Білетініміз, екеуінің қос қауырсыны – Дана мен Аида арнайы музыкалық білім алған: Дана Мәскеудегі Гнесиндер атындағы музыкалық училищеде, Аида сондағы Орталық музыка мектебінде оқыған. Қазіре Дана жеке кәсіпкерлікпен айналысады, Аида болса анасы қайтқаннан кейін бір кезде әке-шешесі тиындап қаржы жинап алып берген скрипкасын қабына салып тастаған да, басқандай болып кеткен. Ол – Аида. Ол – Аида. Ол – Аида

ҰЛТ ПРОЗАСЫНЫҢ БАСТАУЛАРЫ – ҒАЛЫМ НАЗАРЫНДА

Қазақ әдебиеттану ғылымында өзіндік орны бар ғалымдардың бірі, ұстазы Бейсенбай Кенжебаевтың ұсынысымен XX ғасыр басындағы қазақ прозасының зерттеуін тақырып етіп алған Зинол-Ғабден Бисенғалидің алғашқы зерттеу еңбегі тәуелсіздікке дейінгі кезеңде жазылып, жарияланды. Әдебиет тарихын зерттеу мен дәуірлеудің кеңестік кезеңдегі қағидатына сәйкес, үлкен бес дәуірге бөлгенін біледі. Соның ішінде XX ғасыр басындағы әдебиет (1900-1917 жж.) деп арнайы қарастырылатын болғандықтан да жас ғалым ұлттық проза жанрының жаңа ғасыр бастауындағы қалыптасу тарихын, өзіне тән даму ерекшеліктерін айқындауға белсене кірісіп, осы кезеңдегі көркем әдебиет тынысын зерделеген еңбек жазып шықты. Мұның ішінде көзі қарақты оқырманға, ғылыми-әдеби қауымға бұрынған таныс туындылармен қатар, әлі де болса әдеби-ғылыми айналымға толық түсіп үлгермеген, тіпті авторы да, шығармасының аты-жөні де беймәлім болып келген әдеби жәдігерлерімізді анықтап, айқындап, түрлі себептермен жете көңіл аударылмай келген көркем прозаның үлгілерін елеп-екшеп, соның ішінде, «Айқап» журналының сандарынан хронологиялық тәртіпті сақтай отырып, қазақ қаламгерлерінің осы саладағы өзіндік ізденістерінің ерекшелігін, жетістігі мен кемшілігін саралап, көкейтесті мәселелердің басын ашып беруге атсалысты.

Кәсіби прозаның қалыптасып, дамуының алғышарттары, ізашарлары секілді бұл дүниелердің де өзіне тән көркемдігі, жүріп өткен жолы, қоғамдық өмірімен байланыстылығы, дәуір шындығын көркемдік тұрғыдан игерудегі әр қалам иесінің өзіне ғана тән тәмсіл-тәсілі, мәнер-машығы бары анық. Зерттеушінің әлі жазу-сызу тәжірибесі қалыптасып үлгермеген, көркемдік тәжірибесі кемшін, көркемдік деңгейі әркілы прозалық туындылардың ара-жігін, жанрлық-идеялық, тақырыптық ерекшелігін, ізденістері мен іркілістерін айқындап, өзара салыстыру, ғылыми жүйеге түсіру, мәні мен маңызын тұжырымдау бағытындағы ізденісінің нәтижелі болуы ғалым үшін – үлкен абырой болса, ғылым үшін – зор табыс болмақ. Зинол-Ғабден Бисенғалидің осынау ғылыми маңызы зор, жауапты, қиын да күрделі істі мейлінше ғылымға тән тиянақтылықпен, ыждағаттылықпен атқарғаны, әлі де атсалысып келе жатқаны білеміз.

Зерттеушінің «XX ғасырдың басындағы қазақ прозасы» еңбегі жарық көрген уақытта (1989) кеңестік идеологияның тегеуріні бәсендемей, ықпалы өз дегенін жүргізіп тұрған шақ болатын. Сол себепті ағартушылық-демократиялық бағыт ұстанғандардың үні болып есептелетін «Айқап» журналының бетінде жарияланған жазба прозаның алғашқы үлгілері зерттеу нысанына алынған, сол арқылы өткен ғасыр басындағы көркем прозаның туу, қалыптасу тарихы, әдеби-ғылыми сипаты талданғанын баса айтар едік, байқар едік...

Әсілінде, зерттеуші-ғалымның бір «Айқаптың»өзінен, айналасынан, төңірегінен өткен ғасыр басындағы қоғамдық санадағы, рухани саладағы, әдебиет майданындағы үлкенді-кішілі өзгерістерді, қоғамдағы ілгерілеушілікті, соның ішінде, қаламгерлік ізденістерді бір арнаға сыйғызып, көркемдік ойлау дүниетанымымыздың дәреже-деңгейін айқындауға қосқан үлесі қомақты-ақ.

Алдымен «Айқаптың» әдебиетті дамытудағы айрықша маңызына тоқталып, дәуір тынысын сездіруге қолдан келер көмегін аямай-ақ кіріскен қаламгерлердің ерен еңбегін атап өтеді. Одан әрі журнал бетінде жарияланған проза жанрындағы әдеби-көркем дүниелерді хронологиялық тәртіппен жүйелеп, әр туындыға арнайы тоқталып, идеялық-көркемдік, тақырыптық-мазмұндық, жанрлық-стильдік ерекшеліктеріне көңіл бөліп, жеке-жеке талдайды. Көркем прозаның әлі жетілмеген, балаң үлгілері қатарынан көрінген туындыларды елеп-екшеп, көркемдік талап деңгейінен шыға алатын шығармаларды іріктеп, оларды әңгімелер, жолжазба очерктер және аудармалар деп үш топқа бөліп қарастырады.

Ғалымның әңгіме деп айдар тағып, топтастырған дүниелерінің бәрі бірдей көркем проза табиғатына, талабына жауап бере алмасы анық. «Көңілдегі көрікті ойдың, ауыздан шыққанда сүрені қашар» деп Абай айтқандай, ойдағыны, сандағыны қағазға түсіруге келгенде өзіндік машақаты мен мехнаты барын сезінгенмен, түсінгенмен, оны шеберліктен, көркемдіктен игеруге келгенде қаламның қиналысы, авторлың тәжірибесіздігі анық байқалады. Ұлттық жазба әдебиеттің бастауына көз жіберсек, үйрену, шындалу мектебі, уақыттан келетін тәжірибе жоғын ескерсек, туындаған мәселенің мәнісін түсінетініміз аян. Зерттеуші әңгіме жанрындағы көтерілген басты тақырыптарды, оны жеткізудегі автор ұстанымын, идеясын саралап, қандай да бір көркемдік әдістерді, баяндау стилі мен суреттеу барысындағы ілкі ізденістерді қалт жібермей, оралымды ойды анғарыға тырысады, келісті сюжеттің құрылымына дөп қояды. Диалог пен монологты қолданудағы ерекшеліктерін, табиғат көріністерін суреттеудегі сәтті ізденісін, шымыр құрылған композициясын ғылыми тұрғыда зерделеп, ғылыми-әдеби айналымға түсірудің, алып келудің мәселелерін күн тәртібіне қояды. «Айқаптағы» әңгімелердің басты арнасын, тақырыбын, идеясын жүйелеп, көркемдік, шеберлік тұрғысынан кемшін тұстарын айқындап, оның себептерін ғылыми негізде тұжырымдайды.

Көркемдігі солғын, идеясы бұлыңғыр, кезеңдік сипаты басым шығармалармен қатар, сол кездің өзінде-ақ шығармашылық қарым-қабілетімен ерекшеленген С.Торайғыровтың «Ауырмай есімнен жаңылдым», Б.Майліннің «Болған іс» секілді алғашқы, тырнақалды туындыларындағы тілге ұсталығы, кейіпкер психологиясын берудегі, сюжетті дамытудағы өзіндік ізденістері зерттеуші тарапынан тыс қалмайды. Бір жағынан, аталмыш авторлардың көсіби прозадағы алғашқы ізденістеріне ғылыми тұрғыда баға берілсе, екінші жағынан, «Айқаптың» көркем әдебиетті, әңгіме жанрын жолға қоюда, насихаттауда, жариялауда өзінен кейінгі басылымдарға жолбасшы, ізашар болғанын аңғартады. Шеберлік үрдіс, көркемдік әдіс тұрғысынан да кейінгі қаламгерлерге үйрену мектебі, үлгі-өнеге аланы болғаны да жасырын емес. Журналда жарияланған жолжазба очерктердің, аудармалардың да өсер әдебиетке өріс, үлгі тұтам деушілерге үйрену мектебі болғаны анық. Сапасы сан алуан, стилі әр қилы очерктердің көркем белгілерімен қатар, танымдық, деректік, елшілдік сипатының да маңызы зор екенін ескертеді. Баяндау стилінің жатық, көрген-білгендерінен ой түюге, пайым жасауға келгенде айтары анық, жазу стилі, құрылымы-құрылысы, ой жүйесі, сөз саптауы жүйелі жазбалардан заман тынысын, дәуір үнін, кейіпкерлерінің сана-сезімін, дүниетанын көркөкиегін де аңғартатын тұстары баршылық.

Мәселен, «Айқап» журналының 1913 жылғы 5-санында жарияланған М.Қашімовтің «Әулие ата мен Шымкент арасы» очеркіндегі жазушы стилі, баяндау тәсілі көркемдік үдесінен көрінетінін аңғарып, автор шеберлігінен хабардар ету үшін шығармадан үзінді келтіріп, назар аудартуы да бейжай қалдырмайды.

«…Жолға шыққан екі адам болып, көрмеген жердің ой, шұңқыры көп дегендей өз елімізің алыс қалғандығы, оның үстіне таныстардан да айрылғанға көңіл жұқарып келе жатқанда елде жүргенде, Алатау, Қаратау деп естігенде, жердің шеті ме деп таңғалатұғын Алатау һәм Қаратауды көреміз, һәм Алатаудың басы аппақ қар, етегі қоңыр ала болып көрінеді. Қаратаудың басының мұнарланып мұнайып тұруы біздің көңілімізді тағы жұқарта түссе де, күмістей жарқырап, сарқырап аққан арықтың сулары шуақ болып тұрған күннің көзі бізді жұбатып аяндап келе жаттық».

Зерттеу еңбекте, сондай-ақ Қ.Ғабдолрахманұлының «Омскіден Атағы саяхат», М.Кәшімовтің «Әулие Ата шаһарында русско-киргизский школ», «Шабдан батырдың асы», «Қытай қазақтарының жайынан» очерктеріне арнайы тоқталып, ұлттық прозаның даму үдерісіне ұн қоса алғанын саралап, көркемдік, танымдық, тәрбиелік қырларын зерделеу арқылы аңғартады. Сонымен бірге журнал бетінде аударма саласына да көңіл бөлінің, орыс, батыс және шығыс әдебиетінің тамаша туындыларын қазақ оқырмандарына таныстыру қолға алынды. Сейтіп, өз халқын дүниежүзі әдебиетінің үлгілерімен таныстырды. Зерттеуші журнал бетінде жарияланған аудармаларға, соның ішінде, прозалық туындыларға жеке-жеке тоқталып, ол туындылардың қазақ қоғамына қажеттілігін, әдеби үдерістің дамуына әсерін айқындап, бірқатар еңбек атқарды. Зерттеуші сапасы түрлі деңгейдегі, көлемі әр қилы аудармаларды сараптай келе, олардың ұлт мүддесімен үндес келетінін, ал классикалық туындылардан жасалған аудармалардың ұлт әдебиетінің ілгерілеуіне де ықпалы болған деп тұжырымдайды.

Өткен ғасырдың бастауында тарих табалдырығын аттап, жаңа өмірдің жаршысындай болып руханият әлеміне өзгеше құбылыс болып енген жаңа жанрдың бірі роман болғаны даусыз. Қазақ қаламгерлерінің тың жанды игерудегі сәтті-сәтсіз ізденістері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Әуезов бастаған талай зиялылардың, әдебиет жанашырларының, зерттеушілерінің назарына ілігіп, көңілін аударғаны да белгілі. Одан бергі уақыта романның қазақ әдебиетіне қосқан үлесі, алатын орны, маңызы мен мәні турасында том-том зерттеулер, кітаптар жарияланды. Қадау-қадау мәселелері іргелі монографиялардың зерттеу нысанына айналып, ұлттық әдебиеттану ғылымының дамуына үлес болып қосылды. Жанр әдебиетімізің жетекші саласына айналды. Дегенмен, жаңа ғасыр көкжиегінде дәуір тудырған бұл жанрдың тәуелсіздік кезеңінде ұлттық мүдде, жаңаша бажайлау тұрғысынан зерделеу, ақтаңдақ болып келген туындылардың бүгінгі әдебиеттану ғылымы тарапынан жүйелі, кешенді зерттеу өзекті болғаны даусыз.

Бұл зерттеу еңбектің алдына қойған мақсат-міндеті жайында әдебиет зерттеушісі З.Бисенғали төмендегідей тұжырым жасайды: «XX ғасыр басында жазылған, 1928 жыл соңына дейін жазылған, жарық көрген көптеген романдар жүйелі түрде осы дәуір әдеби үдерісі мен тарихы аясында толық қарастырылған емес. Сондықтан да бұл зерттеу – осы бағыттағы алғашқы еңбек. Оның зерттеу нәтижесі мен қорытындылары әдеби тарихи деректер, жүйелі, салыстырмалы, тарихи-генетикалық, объективті-аналитикалық талдаулар негізінде алынды. Теориялық байламдар солардың әдеби процестегі алгоритмдік байланыстар өрнегіне талдаулар арқылы жасалынды». Зерттеуде XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы тарихи-әлеуметтік жағдай, тарихи-қоғамдық санадағы өзгерістер нәтижесі, оның роман жанрының дамуына әсер ықпалы, ол туындылардағы тақырыптық-идеялық, көркемдік ерекшеліктер, әрбір қаламгердің өмір құбылыстарын игерудегі мәнер-машықтары, әдіс-тәсілдері, ұстанымқағидаттары жан-жақты талданып, жүйелі, кешенді зерделеніп, ғылыми маңызы айқын түйін-тұжырымдар жасалған.

Ғалымның өзі атап көрсеткендей, бұл жанр төңірегіндегі сан алуан, әр қилы зерттеу-зерделеулерді, пікір-пайымдауларды ғылыми негізде жүйелеп, бір арнаға тоғыстырып, өзара салыстыра-салғастыра отырып, роман дамуының ортақ заңдылықтарын, жанрлық-типологиялық ерекшеліктерін, реалистік, психологиялық сипатын, бейнелеу амалдары мен характер сомдау болмысын саралау арқылы «Роман не зат?» (Ә.Бөкейхан) екенін айқындау. Қазақ романының тарихын жүйелеп, бастау-бұлағын, ағыс-арналарын түгендеп, көркемдік нәрі мен рухани маңызын, әдебиеттану ғылымындағы орны мен мәнін саралау – зерттеудің ғылыми сипатын таныту, өмір болмысын айқындап тұр. Яғни роман туралы ілгерілі-кейінді жазылған еңбектердің қатарында өзіндік орны бар, ғылыми маңызы сүбелі зерттеу.

Жиыны 14-15 романды (1928 жылға дейін жазылған) зерттеу нысаны етіп ала отырып, әрбір туындыны жеке-жеке талдап, көтерген проблемасына тоқталып, әр қаламгердің әдіс-тәсілін, көркемдік ізденісін, күрделі жанды игерудегі өзіндік қолтаңбасын көрсетуді мақсат тұтқан. Жаңа әдебиет жасаудағы әрбір сәтті-сәтсіз қадамы, тақырып игерудегі талпыныстары мен идеялық шешімдері, қоғамдық сананы оятудағы қозғаушы күші мен кейіпкер санасындағы өзгерістердің эволюциялық әрекеті мен дүниетанымындағы қабылдаулар әсері де нақты талдаулар негізінде жүзеге асырылып, ортақ мәселелері жүйеленіп, біртұтас сабақтастықта қарастырылған. Тұңғыш рома «Бақытсыз Жамалдан» бастап «Адасқандарға» дейінгі аралықтағы туындылар ғылымның зерттеу нысанына алынып, жоғарыда аталған жайттардың көрінісі табуын айқындап, түйінді тұжырым, байыпты байлам жасайды.

Әсіресе, ғалымның әдеби-ғылыми айналымға кеш қосылған алаш ұранды әдебиет өкілдерінің туындыларын талдау жасап, қағажу көрген шығармалардың шынайы болмысына, көркемдік мәніне терең бойлайды. Атап айтқанда, М.Дулатовтың, Ш.Құдайбердіұлының, Ж.Аймауытовтың, М.Әуезовтің, т.б. «ұлы әңгімелері» өз кезеңінде қоғамдық санаға қозғау салғанымен, кеңестік идеология әдеби айналымнан алып тастағанын біледі. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттерін ашып айтуға еркіндік туған сәттен алаштекті қаламгерлердің әдеби-шығармашылық мұрасын, соның ішінде, романдарын дендей, терендей зерттеуге мүмкіндік туды. Осы тұста жазылған З.Бисенғалидің «XX ғасыр басындағы қазақ романы», «Қазақ прозасы. XX ғасыр басы: Жаңа роман жолында» атты зерттеулері өткен ғасырдың алғашқы ширегінде жазылып, жазба әдебиеттің дамуының алғашқы кезеңін қалыптастырып, аяғынан тұруына зор үлес қосқан жаңа романдарды талдап, көркем әдебиеттің дамуындағы орнын, жұз жылдан аса тарихы бар роман жанрының мәселелерін көркемдік-теориялық тұрғыдан, дүниетанымдық-эстетикалық талап деңгейінен зерделеп, жан-жақты қарастырғанын біледі.

Мәселен, «Бақытсыз Жамал», «Қилы заман», «Ақбілек», «Қартқожа» сынды туындылардың жазушы дүниетанымы тұрғысынан қалай зерделенгені, ұлттық сана мен психологиялық өзгерістерді бейнелеудегі шеберліктері, дәуір шындығын көркемдік шешіммен астастырудағы қаламгерлік ұстанымдары, азаттыл идеясы мен бостандық рухын суреттеудегі сезімталдығы, көркемдік әдіс пен бейнелеу амалдарының сонылығы, шынайылығы жан-жақты қамтылып, жаңа тұрпатты туындылардың рухани қазынамызға қосылған сүбелі үлесін айқындайды. Дәстүрлі әдебиет арнасында дамуды бастан кешкен жанды әр қаламгердің қал-қадерінше игеріп, тұтас әдебиетті дамытуға өзіндік ықпалын саралайды. Әсіресе, ғалымның жазушы дүниетанымының шығармашылық ізденістері орны жайлы М.Әуезовтің «Қилы заманын» арқау ете отыра пайымдауы, таптық көзқарас, коммунистік идеология ықпалының Ж.Аймауытовтың «Қартқожасынан» көрініс табуы, «Ақбілектегі» кейіпкерлерге саяси сананың ықпал етуін суреттеуі, Ш.Құдайбердіұлының «Әділ-Марияларындағы» өзгеше көркемдік тәсіл, авторлық көзқарас тұрғысынан зерделеуі, т.с.с. мәселелерге айрықша назар аударып, көңіл бөледі.

Нақтырақ тоқталсақ, әдебиеттанушы ғалым З.Бисенғали өз зерттеулерінде Шәкәрім Құдайбердіұлының «Әділ-Мария» романы XX ғасыр басындағы қазақ романының жанрлық, стильдік, көркемдік тұрғыдан дамуына айрықша ықпалы болғанын жанжақты тоқталып өтеді. Шәкәрімнің романына Шыңыстаудың бөктерінде өткен оқиға арқау болғаны белгілі. Шәкәрім поэзиясының, шағын прозалық туындыларының негізгі тіні болып келетін философиялық пайымдаулардың бұл романда да айрықша көрінетінін байқаймыз. Өмір құбылыстарын өзінше түйсініп, түйін-тұжырым жасау Шәкәрімнің шығармашылығына тән ерекшелік десек, артық айтқандық емес. Осы жайттарды профессор З.Бисенғали роман жанрын игерудегі өзгеше қадам, соны тәсіл екенін аңғартып, «Шығарма құрылымында бірінбірі толықтырып, қатар өрілетін екі өрім бар. Бірі – трагедияға ұшырған жастар өмірі, тағдыр тарихы да, екіншісі – сол тарихтың әр тұсына үніле қарап, мәңгі өмір, табиғат туралы толғаныста отырған автор» деп тұжырымдайды.

Автордың кейіпкер болмысын танытудағы, характер психологиясын ашудағы, адамның жан әлеміне үнілудегі, өмір құбылыстарының сан алуан нірімдерін өзгеше танытудағы суреткерлік әлеуеті, шеберлік машығы мейлінше оқшау, дара сипатты болып келетіні де зерттеу өзегіне айналған. «Жазушының тақырыпқа бірден өзге көзбен, талдай, терендей қарауы, оның әлеуметтік, философиялық астарларын аңғаруға ұмтылуы, ақтара бейнелеуге талпынуы нақты уақиға, фабуладан шығуды қажетсінеді. Бұл – жаңа үлгіге жол. Шәкәрім жаңа пішін іздейді. Біз үшін маңыздысы – қаламгердің XX ғасыр басындағы қазақ романы тарихында өмірлік уақиғалар мен адамдар тағдырын философияға бөлей баяндайтын жаңа түр іздеуінде» деп тұжырымдайды ғалым. Зерттеушінің Шәкәрім романының көркемдік сипаты, ғылыми маңызы, әдеби мәні, философиялық құндылығы тұрғысына қатысты пайымдаулары оның қазақ әдебиеті тарихындағы орнын анықтауға да септігін тигізеді.

Қорыта айтқанда, әдебиеттанушы ғалым Зинол-Ғабден Бисенғалидің Қазақ әдебиетіндегі проза жанрының туып-қалыптасу тарихын, көркем әдебиеттің өсу, кемелдену жолындағы үдерісін, романның даму заңдылықтарын, ерекшеліктерін, өзіндік дәстүрін жан-жақты қарастырған зерттеулері әдебиеттану ғылымындағы өзіндік орны бар еңбектер.

Шоқан ШОРТАНБАЕВ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы

ЖИЫН

БАЙЫРҒЫ ТҮРКІ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде белгілі түркітанушы ғалым Немат Келімбетовті еске алуға арналған «Байырғы түркі тілі мен әдебиетін зерттеу мәселелері» атты халықаралық ғылыми жиын өтті.
Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы Немат Келімбетов атындағы Түркітану орталығы ұйымдастырған конференцияға Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан Өзбекстан және Түркия елдерінің түркітанушы ғалымдары қатысты.
Жиында көне түркі тілі мен әдебиеті мәселелері талқыланды.

Онлайн-конференцияның ашылуында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры Такир Балықбаев, ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы, «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Қайрат Келімбетов, Түркия мемлекеттік Түрік тілі қоғамының президенті Гүрер Гүлсевин қатысып, сөз сөйледі.

Жиын барысында Ұлы ақын Абайдың 175 жылдық мерейтойына орай Немат Келімбетов атындағы Түркітану орталығының ғылыми қызметкерлері Шерубай Құрманбайұлы мен Мәрлен Әділовтің «Абай тілінің ерекшеліктері» атты жаңа кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті. Кітапта Абай шығармаларындағы қазіргі қазақ әдеби тілінде кездеспейтін немесе өте сирек қолданылатын тілдік ерекшеліктер морфологиялық, фонетикалық және лексикалық айырмашылықтар тұрғысынан қарастырылған. Фонетикалық ерекшеліктер дегенде ұғыл, ұлық, тұғры, тұғралы, түзік және т.б. көне түрік және қазақтың ескі жазба тіліне тән фонетикалық ерекшеліктер зерттелді. Бұлар көне түрік және қазіргі түрік-моңғол тілдеріндегі деректермен салыстырылып, олардың ескі қазақ жазба тілі мен қазіргі қазақ тіліне қатыстылығы жайлы тұжырымдар айтылды. Сонымен қатар қазіргі қазақ әдеби тіліндегі сөздердің Абайдағы дыбыстық варианттары талданды. Оның ішінде айлану, ашау, беркіну, беркіту, бұлыт/бұлұт, біротала, езгу, есіту, жолғасу, инану, кезегендік (кезбелік), қары (көрі), құры (күр сөз), нажағай, сонра, сүру (сүрту, жағу), тәнрі, тұл бой, ұжымақ, ұсап, шүйінші, ылай, ылау, т.б. түрінде құбылған немесе, керісінше, бастапқы формаларында қолданылған сөздер де бар. Фонетикалық ерекшеліктер тарауында кірме сөздерден «қазақы» формада жұмсалғандары да талданды, мәселен кірме сөздердің Абай тілінде амантау, асық, әжеттес, әз тұту, әм, бейіс, бұл (пұл), дұспан, еннатайына қолкөусар, қаса, пышана, сұңғат, шылдахана, ылаж, ырза, ырас, зақуншік, лапке, мәліш, бияншік, ваенной, салдат, самародной, ыстаршын ыздраваймыслящий, ішшөт сияқты «қазақы» тұлғада өзгертіліп жұмсалуына назар аударылды. Кірме сөздердің әдеби тілдегіден өзгеше әрі бастапқы формасына жақын түрінде жұмсалуына мән берілді. Абайда шет тілдерінен, әсіресе араб, парсыдан енген сөздердің біразы сол тілдердегі негізгі тұлғалары сақталып қолданылған. Бұлар да қазақ тіліндегі нұсқаларымен салыстырылып зерттелді, мысалы: алал (адал), бихабар (бейхабар), ғафыл қалма (қапы қалма), ектиһат (ыждағат), мағлұм (мәлім), махрұм (мақұрым), му'мин (момын мұсылман), наме (нама), руза (ораза), таслим (тәсілім), хақ (ақы), хисап (есеп), т.б. Морфологиялық өзгешеліктер деп аталатын бөлімде қазіргі қазақ әдеби тілінде ұшыраспайтын (немесе өте сирек жұмсалатын) кейбір морфологиялық формалардың қолданылу мәселесі талқыланды. Мысалы, «мыш», «дұр», «тұғын/тұрған», «бірлән/білән, «дағы», «дек», «аның үшін/оның үшін, т.б. Лексикалық ерекшеліктер тарауында ақын шығармаларының сөздік құрамын актив-пассивтігіне және лексикалық қолданыстарының ерекшелігіне қарай көнерген сөздер, пассив лексика, этнографиялық ұғымдар, ақын тілінде тән қос сөздер, фразеологизмдер, мақалмәтел мен афоризмдер деп қарастырылды. «Зерттеушілер ақын тілін көне ескерткіштермен салыстырып зерттеп, Абай тілінің тамыры тереңде жатқанын дәлелдеді» дейді түркітанушы ғалым Мұрат Сабыр. Зерттеуші сөзін «кітап авторлары Абайдың тілдік тұлға ретінде қалыптасуын көне жазба ескерткіштерінде жатқанын көрсетті» деп жалғастырып, кітапты «түркология саласына қосылған зор еңбек» деп бағалайды. «Абай тілінен шағатай әдеби тілінің элементтерін іздеу Кеңес кезеңінде «бос әурешілік» деп айтылып, ғалымдар ақын шығармаларындағы осындай тұстарды кең қарастырмаған еді. Қолымыздағы еңбек бұл олқылықтың орнын толтырды» деген пікір білдірді филология ғылымының докторы Қаламқас Қалыбаева.

Халықаралық отырысқа ф.ғ.д. Шәкір Ыбыраев, профессор Мехмет Өлмез (Түркия), ғылым докторлары Ташполот Садыков (Қырғызстан), Темірхан Тебегенов, Нодирбек Жұрақузиев (Өзбекстан), Елчин Ибрахимов (Әзербайжан) сынды түрколог ғалымдар көне түркі тілі мен әдебиетінің мәселелеріне қатысты ғылыми баяндамалар жасады.

Еске сала кетейік, көрнекті түркітанушы ғалым, белгілі жазушы, талантты аудармашы, ҚР гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, Халықаралық Күлтегін, Франц Кафка сыйлықтарының иегері Немат Келімбетов бұдан он жыл бұрын 15 желтоқсан күні өмірден озған еді, алқалы жиын осы датаға орайластырып өтті.

Н.БАТЫР

Ұлтымыздың ардақты тұлғаларының қатарында Жұмабек Тәшеновтің есімі ерекше аталады. Оның жарқын ғұмыры көпке өнеге. Намысты да жігерлі азаматтың перзенті, техника ғылымының кандидаты Саян Жұмабекұлымен Ілияс Омаров атындағы облыстық қазақ драма театрына келген бір сапарында арнайы жолығып, сұхбаттасудың сәті түскен еді...

Саян Жұмабекұлы ТӘШЕНОВ, техника ғылымының кандидаты:

ХРУЩЕВТІҢ ӨКТЕМДІГІНЕ ҚАРСЫ ШЫҚҚАН

– Сұхбатымызды Жұмабек Тәшеновтің шыққан әулеті, тәрбиелеген ата-анасынан бастасақ?

– Әкем Жұмабек Ахметұлы Ақмола облысына қарасты Аршалы ауданы Танатұл деп аталын елді мекенде 1915 жылы 20 наурызда дүниеге келді. Тәшен атамның аман шақырып қойған аты Тәшмұхамбет екен. Олардың ұмыр кешкен құтты қоныстары «Тәшен ауылы» деп аталған. Атамыздың бәйбішесі Гүлсім әжеміз де ұлтымыздың әйелге тән барлық асыл қасиетін бойына сіңірген аяулы кісі-тін. Бір-бірін өмір бойы сыйлап, қадірлеп өткен Тәшен Жақсыбаев пен оның жұбайшан Қасым, Қасен, Манап, Жұмабек, Бибінұр, Сақыпжамал деген ұл-қыздары киелі шаңырақтың шаттығын арттыра түскен. Кейбір дерек көздеріне қарағанда, атамыздың алғашқы перзенті Қасым ерте шетінен кеткен. Қазақтың бауырмалдығы мен салт-дәстүрге деген құрметі ерекше ғой. Сондықтан да әулет басшысының көзі тірісінде-ақ өзі жақсы көретін ұлдары Манап пен Жұмабекті інісі Ахметтің балалары болмағандықтан оларға берген. Олар ағасының ұлдарын бауырына басып, тәрбиелеп өсірген. Сол себептен де өзіміз білін жүргендей, шаңырағымыздың тірегі Жұмабек Ахметұлы болып құжаттарында айқын жазылған.

Таратып айтсам, әкеміздің кейінгілерге өнеге болатын қыры – отансүйгіштігі, ұлтқа деген терең сезімі, халқының тарихына деген құрметі дер едім. Ол жастайынан ұйымдастырушылық, іскерлік қырларын да жарқырата көрсеткен. Сол кезендерде, негізінен, партиялық қызметтерге осындай жігерлі бозбалаларды тартатын. Оның болашағынан көп үміт күткен жұрағдағы басшы азаматтар оған үлкен сенім артып, 1934-38 жылдары солтүстік өңірдегі Красноармейский, Ақмола, Вишнев, Нура аудандарына жауапты қызметке жібереді. Ол кезінде оқыған Ақмола құрылыс техникумын аяқтап та үлгермеді. Сол шақтары кенес, партия органдары әкем секілді арнаулы орта білімді, қос тілде еркін сөйлеп, сауатты жаза білетін жігерлі де қарымды қазақ жігіттеріне өте зәру-ді. Ол 1934 жылы Бейнеткор ауданы атқару комитетінің хатшысы, жер бөлімінің басшысы секілді қызметтерде өзін шындайды. Көп өтпей бұрынғы Қарағанды облысында жаңадан құрылған Красноармейский ауданына барып, жұмысын одан әрі жалғастырды. Араға төрт жыл салып, өзін жақсы жағынан көрсете білген азамат әлгі өңірден Солтүстік Қазақстан облыстық қоғамдық тамақтандыру бөлімінің басшысы болып бекітіледі. Содан ол 1952 жылға дейін жоғарыда тілге тиек етілген Солтүстік Қазақстан облысының шаруашылық, кеңес-партия органдарында түрлі қызметтер атқарып, әбден шыңдалды. 1952 жылы Ақтөбе облысы партия комитетінің бірінші хатшысы лауазымды әрі жауапкершілігі көп қызметке тағайындалды.

Бұл лауазымды жұмысқа кіріскенде ол өмір көрген, жақсы мен жаманды ажырата білетін жаста еді. Одан кейін де туған жерінің нағыз патриотынын енбегі бағаланып, 1955-1961 жылдары Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Төралқасының және Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің торағасы секілді кез келген іскер жанның қолы жете бермейтін, мәртебелі қызметтерді үлкен абыроймен атқарып, халықтың айрықша құрметіне белденген-ді.

Әкеміз қайда жүрсе де көмекке мұқтаж жеке басының қамын ойлаған емес. Жоғары лауазымдар мен мансаптың құлы болмады. Туған халқының мүддесін әркашан да жоғары қойды.

Кешегі алып Одақ дүркіреп тұрған кезде де Н.С.Хрущевтің көксеген ойы мен жымысқы саясатын жүзеге асыртпады. Оның республикамыздағы бес облысты біріктіріп, өткен тарихтан белгілі «Тың өлкесі» деген аймақты құрып, уақыт өте Ресейге қоспақ болған арам ниеті мен пиғылының жолы кесіліп, күтпеген жерден қарсылыққа тап болды. Әлгі аталған өлкенің тізгінін Т.И.Соколов басқарды. Ол кісі Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Төралқасының торағасы болып тұрған кезде ауыр батылдық пен ерлікке ие болыпты...

– Дұрыс айтасыз, ол кісі мәдениет және өнер саласында жүрген қайраткерлердің еңбегін жоғары бағалауға тырысты. Шығармашылықпен айналысатын тұлғалардың беделін көтеруге барын салды. 1959 жылы қаңтар айында арнайы қаулы бойынша халық артистері Шабал Бейсекова, Шолпан Жандарбекова, Қөукен Кенжетаев, Сәбира Майқанова, Бибігүл Төлегенованы құрметті атақтар беруге ұсқап етті. Басқа да қаншама адамдар осындай құрметке бөленді. Сонымен қатар халық ақыны Кенен Әзірбаевтың 75 жасқа толуына орай қалың жұртшылық алдындағы мәртебесін асқақтатуға барын салды.

Өз үкіметке басшылық етіп тұрған шақта, яғни 1960 жылы Алматы шаһарындағы Қонаев пен Қабанбай батыр көшелерінің қиылысында 212 пәтерлік үлкен әуәлім үйдің бәрін де өнер және мәдениет қайраткерлеріне бергізуге тікелей ықпалын тигізді.

Сондай баспанаға ие болғандардың қатарында есімдері қалың оқырманға жақсы таныс Ілияс Омаров, Бибігүл Төлегенова, Гүлфаруз Ысмайылова, Қөукен Кенжетаев пен Шабал Бейсекова, Жамал Омарова, Сейфолла Телғараев, Құрманбек пен Шолпан Жандарбековтер, Шара Жиенқұлова, Қапан Бадыров, Жүсіпбек пен Хабиба Елебековтер, қаламгерлер Хамза Есенжанов, Зейін Шашкин, Жүсіп Алтайбаев және басқалар бар.

Осы алыстан жұрттың назарын бірден аударатын имаратты зиялы қауым әлі күнге дейін ерекше ілтипатпен «Қазақ ауылы» немесе «Тәшенов үйі» деп те атайды. Сондай-ақ Алатаудың баурайындағы аса көркем шаһардың қақ ортасындағы үлкен даңғылға ұлы ақын, үстіміздегі жылы 175 жасқа толғалы отырған Абай Құнанбаевтың есімін берігізді. Республика Сарайының алдында ұлтымыздың бас ақынының ескерткішін орнаттырып, оның лентасын қиюға қатысты.

Өзі Үкіметті басқарып тұрғанда аса батылдық танытып, қайсар мінезінің арқасында кешегі асыра сілтеу заманында жазықсыз жала жабылып, «халық жауы» атанған ұлы ақынымыз Мағжан Жұмабаевтың асыл жары Зылиха апамызға жоғарыда аталған мәнгі жасқыл шаһарда салынған үйден пәтер берігізуі тек нағыз азаматтың ғана қолынан келетіні ағайындарға түсінікті болса керек.

– «Ұлтшыл» деген айып тағылып, Жұмабек Ахметұлы лауазымды қызметінен босатылды. Бұрынғы Шымкент облыстық атқару комитеті торағасының орынбасары болып төмендетілді. Шырайлы өңірдің халқы оны қаһарман азамат ретінде құшақ жая қарсы алды. Өнір жұртшылығы есімін әлі күнге дейін ардақ тұтады. Сіз ол кезде жаз едіңіз. Осы кезендерге қысқаша тоқталып өтсеңіз?

– Арыстан жүректі әкем шын мәнінде байлық қуып, мансапты жоғары қойған емес-ті. Облыстық деңгейдегі қызметке барса да өзінің іштей адалдығына ық сенді. Біз Шымкент шаһарында ұзақ жыл тұрдық. Сондықтан бұл қала өте көркем, халқы дархан, сыйластыққа жете көңіл бөледі. Ұлтымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерін ұстанады.

Әрине, адал еңбекескерусіз қалмайды. Әкеміз Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталғаны оның мен қатарлас жүрген кісілердің жадында болса керек.

Өнтүстіктегі ағайын әкемді қатты құрметтеді. Ол қолы бос кездері ғылымға ден қойды. Сондықтан да шығар, экономика ғылымының қандидаты атанды. Докторлық диссертацияны қорғауға кедергі жасағандар да болмай қойған жоқ. Әкем 1986 жылы қазақ айбында жүрек талмасынан қайтыс болды. Шымкент шаһарында жерленді. Сол кезде де оның халық арасында қаншалықты қадірлі, сыйлы екенін жас та болсақ терең сезіндік. Әкемді Өнтүстіктегі ағайындар соңғы сапарға құрметпен шығарып салды. Сондағы тұрған үйдің қабырғасына мемориалдық тақта орнатып, үлкен кешке есімін берді. Бұл да болса ондағы бауырларымыздың оған деген айрықша құрметінің бір белгісі болса керек.

– Еліне ардақты болған азамат отбасында қандай еді?

– Анамның тұрмыска шыққанға дейінгі тегі Әлімбаева еді. Олар ұзақ жыл бойы, яғни жарты ғасырға жуық бақытты ғұмыр кешті. Екеуінен бес бала тарадық. Ізімді басып келе жаттқан Саят есімді інім осыдан біраз уақыт бұрын дүниеден өтті. Болат зейнеткер, Шымкеннтте тұрады. Шаңырағымыздың ең кішісі Мурат – ғылым докторы, профессор. Алматыдағы Қазақ ұлттық университетінде қызмет атқарады. Әулетіміздегі жалғыз қыз бала, яғни Алла есімді әпкеміз – Мәскеу тұрғыны. Менің негізгі мамандығым инженер-электрик. Кезінде қазіргі Қаныш Сәтбаев атындағы ұлттық техникалық университетті тамамдадым. Көп жыл бойы Қазақ энергетикалық ғылыми-зерттеу орталығында жұмыс істедім.

Жалпы әкеміз өте балажан еді. Оның мейірімі мен махаббатын Болат інім сырқаттанған кезінде байқадық. Бала кезімізден бізді оқу-білімге тәрбиеледі, руханиятқа көп көңіл бөлді. Салауатты өмір салтын берік ұстанды. Шыншылдықты, әділдікті, ұқыптылықты, жинақылықты, адам баласына қиянат жасамауды осынау ардақты жаннан үйрендік.

Менің туйгенім, елі мен халқына адалдық танытқан кісіге құрмет те ерекше болады екен. Ол көзімізден кеткенмен көңілімізден ешқашан кетпейді. Шымкент шаһарын айтпаганның өзінде, Арыста, Елордамыз Нұр-Сұлтанда оның атында мектеп бар. Бас қаламызда ескерткіш те қойылды. Солтүстік Қазақстан облысының орталығы Петропавл қаласындағы бір білім ордасы да оның атында. Сондай-ақ осы қалада да ескерткіш қойылған.

– Өзіңіз құр болғандай, Жұмабек Ахметұлы хақында естелік мақалалар, зиялы қауымға ой салар драмалық туындылар да қойылды. Осы жөнінде де өз пікіріңізді білдірсеңіз?

– Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Михаил Шолохов атындағы Халықаралық сыйлықтың иегері Сәбит Досановтың еңбегін ерекше атап өтер едім. Оның «Ақбас бүркіт» деп аталатын драмалық туындысы әкемнің рухына арналды. Бұл жастарды патриоттыққа жетелеген шығарма Ілияс Омаров атындағы Қостанай облыстық драма театрында өте сәтті қойылды. Драматург пен артистердің жұмыстарын жергілікті ағайындар жоғары бағалады.

Сөзден сөз туады. Әкемнің көзін көргендер сонау бір жылдары руханяттың үлкен жанашыры болғанын жиі еске алады. Сонау бір кезендері «Қазақ әдебиеті» газетін жабылудан, «Социалистік Қазақстан» басылымын «Казправдаңын» аудармасы етуден қорғап қалғаны қолына қалам ұстағандардың жадында мәңгілік қалды ғой.

– Әңгімелескен Оразалы ЖАҚСАНОВ

СЫР-СҰХБАТ

Найманғазы САПАНҰЛЫ, аудармашы, редактор:

АУДАРМАШЫҚТЫ жас кезімнен қаладым

Азаматтың суреті

– Әңгімемізді туған жер туралы сауалдан бастасақ?

– Шынжанның Тарбағатай аймағы, қазіргі Толы ауданының Майлы деген жерінде, Нарынсу бұлақ бойында 1941 жылы 29 тамызда дүниеге келгем. Негізінен Толы ауданының Барлық таунда және Шәуешектің жанындағы Құлыстай ойпатының Жиек деген жерінде өстім, бастауыш мектепті сонда оқыдым, 1953 жылы Толы ауданының орталығындағы орталау мектепке келіп оқуға түстік. Орталау мектепте Қазақстан оқулықтарымен оқыдық. Абайдан тартып, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин және орыс әдебиетінің классиктері Л.Толстой, М.Шолохов, М.Лермантов, А.Пушкин, М.Горкий секілді әдебиет алыптарының шығармаларын, Қазақстан ақын-жазушыларын кітаптары мектептің шағын кітапханасында сіресіп тұратын. Бір деректерде 1940 жылдардың соңынан 60-жылдың басына дейінгі аралықта Шынжаңға екі жарым миллиондай қазақша-ұйғырша газет-журнал, кітап Кенес Одағынан енгізілітті.

Ол кезде Толыда жалғыз ғана орталау мектеп бар еді. 1956 жылдың маусым айында осы мектептің 7-сыныбын бітіргеннен кейін, сол жылдың күзінде ішкі өлкеге оқуға кеттім. Бізбен бірге оқыған ересек балалардың түрлі қызметке алып қалды да, ұсақ-түйектерімізді курстарға жіберді. Ол кезде «оқуға барасыңдар» деп айтпайтын, «курсқа барасыңдар» деп айтатын, қандай курсқа кетіп бара жатқанымызды өзіміз де білмейтінбіз.

– Сонымен, ішкі өлкенің қай қаласынан шықтыңыз?

– Шанши өлкесінің Ши-ан қаласынан бір-ақ шықтым, барған мектебімізі Көмірден техникумы екен. Сенен «қандай оқуды оқисың, қандай мамандық таңдайсың?» деп ешкім сұрамайтын заман. Барғаннан кейін он айдай дайындық курста қытай тілін оқыдық. Сабаққа деген құлшынысымның арқасында мен он айда қытай тілін түсіне алатын, оқи алатын, ептеп ғана алатын дәрежеге жеттім. Осыдан кейін ермектің қытай тіліндегі газет-журналдары, кітаптары оқу болды.

– Дайындық курсынан соң қандай мамандық оқыдыңыз?

– Көмір шахтасының электр жұмыстарын жүргізетін мамандық бұйырды, бірақ бұл оқуға зауқым болмады, сабақ үстінде қытай тіліндегі кітап-журналдарды оқып отырам. 1958 жылы «Үрімжіде Тіл институты ашылыпты» деген хабар естідік. Сол жаққа кеткім келді. Бірақ жібермеді. Басқаларға қарағанда дайындық курсын үздік бітіргем. 1959 жылы наурыз айына бір апта қалған кезде, «бұдан әрі оқуды жалғастыра алмаймын, ауылға қайтамын» деп жатақханамда бір аптадай жатып алдым. Жазалап, қорқытпақшы болды. «Сабаққа бармасан, тамақ бермеймісі» деп ашы та қалдырды. Басқа амалдары болмаған соң оқудан шығарып тыңды. Қаңдым. Ит тірлікпен Үрімжіге, одан әрі Жиекпен үйіме зорға жеттім...

Ауылыма келсем, коммуна құрылып, ел тайқазанын тамақтанатын болыпты. Алыстан баласы келді деп, менің құрметіме бір шөміш жүгері боткасын артық беріпті. Әкем коммунаның өгінішісі, шешем коммунаның асханасында жұмыс істейді екен. Содан апта өткен соң коммуна ай-шайға қарамай, алдыма бір қора қойды салып берді. Мамыр айы келгенде үйдегілер жайлауға көшіп кетті де мені ешкім жұмысына алып қалды. Үрімжіде оқитын, жазғы демалысқа келген кейбір сабақтастарым: «Үрімжідегі Тіл институтына барып оқымайсың ба?» деді. Сол оймен коммунаға барып: «Оқуым келеді» деп едім, құптамады, сөйтсем, коммуна: «Наймаңғазы ауылдағы орталау мектепке қытай тілінен сабақ беретін мұғалім болады, осыны бекітіп берініздер!» деп аудандық оқуағарту мекемесіне өтініш жолдап қойған екен. Бірде Толы ауданы әкімінің орынбасары ауылға қызмет бабымен келе қапты. Аудармашысы жоқ кезін пайдаланып, кеңсесіне іздеп барып, өзім білетін қытайшаммен жағдайымды айтып түсіндіріп едім, ол кісі: «Мына баланың оқуға барғысы келеді екен, барсын, білім алсын, таныстыру жазып беріндер» деді. Хатшыға рақметімді айтып, таныстыруды төсқалтама салып, жаздағы еңбекақымды алдым да Үрімжіге тартып кеттім.

1959 жылдың қырқүйегінде Үрімжіге бардым. Мұғалімдер институты мен Тіл институты бірігіп педагогикалық институт болып құрылыпты және тек орта мектеп бітірген оқушыларды қабылдайды екен. Оқуға қабылдайтында: «Шартың бізге келмейді екен, оқуға қабылдай алмаймыз» деп отырып алды. Сол институтта оқып жүрген жерлес жігіттер: «Институттың партия хатшысына өтініш жазып кір. Мүмкін бір қайыр болып қалар» деп ақыл айтып, жол көрсетті. Қытай тілін екінші курстан бастап оқысам деген мазмұндағы өтінішімді жазып алып, жігіттер айтқан қарияның үйіне бардым. Өтінішімді қолына бердім. «Мына өтінішті өзің жаздың ба?» деді, «Иә». «Қытайшаң өте сауатты екен, бізде екі-үш жылдан бері оқып жатқан студенттер бар, олар сенің мына өрене әлі жеткен жоқ» деп күлді. Әлгі кісі: «Институттың II курсынан бастап оқуына болады» деп бұрыштама жазып, қол қойып берді. Ақыры қырқүйектің соңында оқуға түстім.

– Қытайдың жоғары оқу орындарында «орта курс» және «толық курс» деп бөлінеді гой, сіз қай курста оқыдыңыз?

– Менің оқығаным орта курс, толық курста кейіннен Шынжаңға танымал ақын-жазушылар Шөкен Оналбаев, Тұрсынәлі Рыскелдиев, Дутан Сәкей, Қанаділ Тұрысбекөвтер оқыды. Толық курс оқитындар қытай тілін 4 жыл оқиды, ал орта курстағылар үш жыл оқиды. III курста жүргенде бір қытай жігіт іздеп келіп: «Сені оқушылар басқармасы шақырып жатыр» деді. Бардым. Орта жаққа келген бір қытай отыр екен, жөн сұрай келіп: «Мұғалім болғың келе ме?» деді. «Мұғалім болғым келмейді, аудармашы болсам...» дедім. «Жақсы, онда бара бер» деді ол. Екі-үш күннен кейін «Шынжаң халық баспасына қызметке барасың» деген хабар алдым. Баспагер, аудармашы, редактор, қаламгердің арасына топ ете түстім. Әлі есімде, бұл 1960 жылғы қыркүйектің 23-күні болатын. Ойда-жоқта Шынжаң халық баспасына келдім. Ол кезде редакция деген атымен жоқ, «Қазақ тобы» деген топ қана екен, бөлімге де толмайтын. Топ жетекшісі Мұқаш Жәкеулы деген кісі мені қабылдап жұмыстың жөнін айтып, қызметтің барысын түсіндіріп, «ертеңнен бастап біздің қызметкер болыңыз, жұмысқа кіріссің» деді.

– Ең алғашқы аударған аударманыз есіңізде бар ма?

– Баспаға келгенде топ бастығы мені бірден аударма қірістірген жоқ, кеңісінше аудармашылар аударған, редакциялаған материалдарды көшіру жұмысына салды. Осылайша, көшірме жасай жүріп тілдік қорымды молайта түстім және емлені қатесіз, дұрыс жазуға машықтандым. Бірде бастығым жарты беттік мақала әкеліп, «мынаны аударып көрші» деді. «Қасқыр бала» дейтін үнді ертегісі екен. Аударып бердім. Топ басшысы есептелетін Нұрдолла Оспанов деген баспагер, редактор ағамыз аудармамды оқып көріп, «Түбінде адам болатын бала той» деп қалды. Ең соңында, тырнақалды аударған сол болатын.

– Шынжаң халық баспасында аудармадан баска, редакторлық және басшылық қызмет те атқардыңыз гой.

– Иә, аудармашы болып істеп жүргенде арада әйгілі «Мәдениет төңкерісі» басталып, қоғам алаасапқа болып кетті. Кейін Шынжаң халық баспасының ұстанымы өзгере бастады. Бұрынғы Қазақ тобы Қазақ редакциясы болып өзгерді. Баспа бұрын 95 пайыз аударма кітаптар шығарса, енді біртіндеп ұлттық тілдегі кітаптар шығаруға ден қойды. Аз санды ұлт тілінде көркем шығарма жазатын ақын-жазушылардың қатары көбейе түсті. 1977 жылы қазақ редакциясының орынбасар меңгерушісі, 1980 жылы редакция меңгерушісі, 1983 жылы Шынжаң халық баспасы бас редакторының орынбасары, 1985 жылы Шынжаңдағы баспагерлер ішінен тұңғыш рет аға редактор атағына ие болдым. 2003 жылдың наурызына, зейнетке шыққаннан кейін осы баспаның түрлі жауапты қызметтерін атқарыппын. Қазақ редакциясынан шығатын «Шалғын», «Көкжиек» және «Оқырман ересі» журналының бас редакторлығын қоса атқардым. Шынжаң қазағының тұңғыш романдары саналатын Жақып Мырзаханұлының «Арман асуы», Жұмабай Біләдұлының «Жондағы жорықтары» және Шайсұлтан Қызырұлының «Дабылы», Қажықұмар Шабданұлының «Қылмысы» секілді отыздан астам роман және одан басқа да ақын-жазушылардың өлең, әңгіме, повестер жинағы 2003 жылға дейін менің қолымнан өтті.

– «Қазақ-қытай» сөздігін жасағанда қандай оқу құралы көп көмектесті?

– Бізге үлкен көмек жасаған, қолғабыс тигізген көмекші құрал академик, ғалым Нығмет Сауранбаев жасаған, 1954 жылы Қазақстанда шыққан «Орысша-қазақша» сөздік еді. Мен жетекшілік етіп құрастырған алғашқы «Қытайша-қазақша сөздіктің» мұқабасының «көк» болып шығуының басты себебі осы еді.

– Өзіңіз жетекшілік етіп шығарған «Қытайша-қазақша» сөздікті қалай құрастырғандарыңызды айтып берсеңіз?

– «Мәдениет төңкерісі» әлі аяқталмаған, мен қатардағы көп аудармашының бірі едім. Баспанын сол кездегі басшылығы «Қытайша-қазақша сөздік» жасау туралы ұйғарым жасапты. Ол кезде біздің қоғамда Сауранбаевтың «Орысша-қазақша сөздігі» және Қазақстанда 1960 жылдары шыққан «Орысша-қазақша терминология сөздігінің» бірен-сарана бар болатын. Жұмысқа кірісіп кеттік. Басшылықтың қолдауымен сауатты аудармашылары жинай бастадық, олардың айлығын өзінің мекемелері беретін болып келісті. Латын жазуы бойынша 23 әріптен тұратын сөздік мәтінінің «D», «K», «S» әрпін өзім дайындадым. Қолжазбаны редакциялау жұмысын қызыл қаламды қолыма ала отырып түгел өзім жүргіздім, қаралғандарын кешкісін үйіме алып кетіп шамның түбінде қайта қараймын. Редакциясы қаралып, көшірілген болған қолжазбаны Бейжіндегі Ұлттар баспаханасына жібердік. «Теріліп жатыр» деген хабар келген соң, 1978 жылы 1 қаңтарда Бейжінге барып, он ай сонда жаттым. Ол кезде Шынжаң баспаханаларының техникасы өлкі еді. Мұндай күрделі дуниені біздің әріп терушілер тере де алмайды. Сөздіктің бастапқы бөлігі теріліп болып, корректорсын қараған кезімізде әліппелік тәртіптің орны ауысып кеткенін байқадым. Баспаханаға шауып барып, жұмысты дереу тоқтатып 17 мың парақты мәтінді жалғыз өзім күнітүні, өліп-талып жүріп қайта қарап шықтым. Қателерін түзуі барысында жаңа табылған сөздерді қосымшалап, үстемелеп жанталасамын. 16 форматтық, біреуінің салмағы 8 келі шығатын қорғасын беттер бірінің үстіне бірі қатталып жатады. Қателерін түзету үшін бәрін қозғау керек, оған жұмысшылар көнбейді. Теріліп қорғасын беттерді сапырылыстырып терімшілерге жалынышжалпайып жаңа сөздер қостырамын. Осы жүріспен 1978 жылдың қазан айында сөздік толық теріліп бітіп, корректорсы әлдееше рет оқылып, соңғы нұсқасына «осы бойынша басылса болады» деп қол қойып беріп Үрімжіге оралдым. Бұл сөздіктің жұмысы 1974 жылы мамыр айында басталған еді, 1979 жылғы қазан айының басында баспадан шықты. «Қытайша-қазақша сөздік» 1979 жылдан 2000 жылға дейін жеті рет басылып, 30 мың данамен таралды.

– «Қытайша-қазақша идиомалар сөздігін» жасау қиын болмады ма?

– Қытай тілінде шыққан газет-журнал, кітап, тыңдаған баяндама, көркем ғана, жолданған доклад, керек десеңіз көшете ілінген жарнамалар менің идиомалар іздейтін аланыма айналды. Қытайша кітаптарды көп оқып, оның ішіндегі қажетті идиомаларды ерінбей, жалықпай бір-бірден теріп, маржандай тізе бердім. Тезек терген қазақтың баласындай термиштеп жүріп, 1983 жылға келгенде 10 мың 200-ден аса қытай идиомаларының басын құрап, 1987 жылы баспадан шығардым. Үшінші жасаған сөздігім – «Қытайша-қазақша қысқаша сөздік». «Көк сөздікте» түбір әріптерге балама аз берілген, кейбір әріптерге балама берілмей қалған болатын.

– Алғашқы «көк сөздікті» латын әліпбиімен, кейінгі «үлкен көк сөздікті» Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиімен шығарыпсыз...

– Мектепті төте жазуда оқып бітірдім, кейін жазымыз латын әліпбиіне көшіп кетті, осы аралықта біз құрастырған «көк сөздік» латын әліпбиімен шықты. 1978 жылдан кейін қытайдағы саясат оналып, әр ұлт өзінің төл әліпбиін қайта қолдана бастады. Сол қатарда Шынжаңдағы қазақтар бұрын қолданған төте жазуды қайта қолданысқа енгізді. 2003 жылдың наурыз айында зейнетке шыққан да, 2006 жылы қараша айының соңында «Қытайша-қазақша үлкен сөздік» баспадан ресми шыққанға дейін босай алмадым. «Қытайша-қазақша үлкен сөздіктің» тұсаукесері 2006 жылы Үрімжіде өтті.

– «Қытайша-қазақша үлкен сөздікке» қанша сөз кірді?

– Бұл сөздікке қытай тілінің 120 мыңнан аса сөзі, сөз тіркесі, мақал-мәтелдері, идиомалары және алуан пәннін атаулары кіргізілді. Осылардың үштен бірі, яғни 40 мыңдайы редакция барысында қосылды. Екі рет басылып, 10 мың данамен тарады. 2007 жылы Қытайдың тұңғыш рет үкіметтің баспасөз сыйлығын (күлді Қытай бойынша сыйланған 60 кітаптың бірі ретінде, ал Шынжаннан тек жалғыз өзі ғана), 2008 жылы Шынжаң кітаптарының төтенше сыйлығын иеленді. Зейнетке шыққаннан кейін бұрынғы «Қытайша-қазақша идиомалар сөздігіне» қайта қайырылып, 17 мың идиомға жеткізгенмін. 2017 жылы Шынжаң жастар-өрендер баспасына берген үшін, олар 16 формат бойынша теріп, мен Қазақстанға кеткеннен 929 бетін әкеліп берген, үстінен оқып шыққанмын, қалған 260 бетін үлгертіп бере алмады. Ол қазір солардың қолында жатыр. 2016 жылдың жазынан бері тағы сол «Қытайша-қазақша үлкен сөздікті» өңдеп, толықтырып жатырмын, ары-бері ақтарыстырып, ойпы-солпысын ондап, тың сөздер мен атауларды қосымшалап сегіз рет сапырып шықтым.

– Отбасыңыз жайлы айта кетсеңіз?

– 1963 жылдың қыркүйегінде отау көтергенмін, әйелім де Қарағайбастаудың Қаныпа есімді бойжеткені еді, Шынжаң педагогика институтында оқыған, кейін Шынжаң халық баспасында корректорлық жұмыс атқарды. Үш нәрестемі шетінен кетті де Жанар атты қызым, Думан атты ұлым аман-есен ержетті. Қызым Шынжаң әдеріглік институтын, ұлым Шынжаң өнеркәсіп институтынан компьютер мамандығын тамамдаған, қызым мен ұлым Дәрига, Жібек, Жұпар, Дәрмен есімді немерелер сүйгізді.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Әліжан ӘШІМҰЛЫ

Баспагер, редактор, аудармашы, профессор, ғалым Наймаңғазы Сапанұлының атын өзі құрастырған «Қытайша-қазақша» көк сөздік арқылы білетін едік. Ол кісі баспадан шығарған, редакторлық еткен классик жазушылардың шығармаларын оқымаған оқырман Шынжаң қазақтарында кемде-кем. Бүгінгі әңгімеде ақсақалдың өмір мен өнеге жолы сөз болады...

Ақсақ қыз

(Әңгіме)

Аурухана төсегінде жата-жата еңсеңі езіліп, мүгедектер арбасында отыра-отыра әбден әрезсап болған Маржан бүгін протез аяқ кимек. «Төрт мүшесі сау, төрт құбыласы тең адам бақыт дегеннің не нәрсе екенін түстеп танып жарытпасы анық. Жер басып жүру дегенің теңдессіз бақыт екен-ау. Қалай білмегенмін? Сол бақыт құшқандармен ишықтаса алар күн туса ғой шіркін». Бір сәттік қуанышын демде күдік алмастырып: «Өз аяғымдай болу қайда-а, бірақ жасандының аты жасанды емес пе» деген сұрқайы ойлар қаумалап, тұңғиығына тарта жөнеледі. Маман дәрігердің жылы лебізі үміт отын үрлегендей көзінен қуаныш ұшқындайды бірде. «Шетелде әкеңнің тапсырысымен жасалған. Өз аяғыңнан кем болмайды».

Сол жасанды аяқпен алғаш бойын тіктегенде аяғын апыл-тапыл басқан сәбидей қалт-құлт етіп денесін әзер ұстағені рас. Бірақ бұл жай көпке созылмады. Әлсіздігін жеңуге тырысып бақты. «Қайтсем де жүруім керек» деген ішкі талпынысы жігерін қайрап, тек алға жетеледі. Бұдан былай жүруге жаттығу күні бойы айналыстан тиісті жұмысына айналды. Бірде Мөлдір үйінің іргесінен өтіп жатқан орталық көшеге түсіп, ин тірескен халық көпіріне қосылды да, алға қарай кете барды. «Екі аяғымнан тік тұрғызып тағы бір мүмкіндік берген Аллаға тәуба».

Айналасына самарқау көз тастап қояды. Қала көшелерінде сол баяғы көрініс. Ілгері-кейін қайшыласа зымыраған сан түрлі автокөліктер, ары-бері сабылған адамдар. Бірінің екіншісімен ісі жоқ. Өзін қызықтыратын ештеңе қалмағандай көңілі күңгірт тартты. «Өмірдің тарам-тарам жолдарынан өз соқпағына түсіп, тіршіліктің керек-жарағын тірнекетуге тыраштанып безектегендер басқаның қайғы-қасіретін қайтсін». Кенет жолдың арғы қапталында өзгелерден оқшауырақ бағдаршамның жасылын күтіп тұрған таныс жүз жылы ұшырағандай анықтан көз салды. Күйеуі. Ол жалғыз емес еді. Қолтықтаған әлде келіншек, әлде бойжеткен, әйтеуір біреуі бар. Қыз жүзін ары бұрып, күйеуіне бірдеңені айтып, назбен қарайтын сияқты. Жүрегі кеудесін бұзып сыртқа шығып кетердей атқақтай соқты. Көз алды тұманданып, бұлыңғыр тартты. Басы айналғандай ма, әлсіздікті сезінді, енді-енді жайлана бастаған көңілін мына көрініс ойран-асыр етті. Көпшілік арасынан сытылып, былай таман жол шетіне қарай ойысып, сол арадағы жуан терекке арқасын сүйеп, терең тыныстады. Жанарынан ағыл-тегіл моншақтаған жас бетін жуып, омырауына құйылып жатты. Осы сәт өкпе тұсынан «Маржа-а-н!» деген дауыска жалт қараған. Ойлы қара көздері кенеуіне түскен ақ құба, әдемі келіншек тұр қасында. Жанары шарпысып қалды. Бетінде тарам-тарам боп жүлгеленген жасты құрғатуды қажет деп таппаған Маржан:

– Есенқ-у-л! – деп екі қанатын жая ұмтылды. Есенқұл де қарсы жүріп кеп құрбысын құшақтады. Маржан Есенқұлдің бауырына жылу іздегендей тығыла түсіп, іш-құсасын білдіре ұзақ өксіді.

– Маржан, басыңнан өткен жағдайыңды естігенмін. «Болған іске болаттай берік бол» демей ме, даналар. Менің де кеңесім қол орамалын шығарып, көзін, бетін сүртті.

– Мені қайдан тауып келдің? – деді Есенқұлге.

– Көлікпен өтіп бара жатып көріп қалдым. Сау адамның тұрысы емес-ау деген күдік қолды-аяққа тұрғызбай осылай қарай жетеледі. Көлігімді сол тұсқа қалдырып кеттім.

– Алғысым шексіз өзіңе.

– Ебіл-себіл болуына себеп не?

– Осы әзірде ғана сатқын күйеуімді көріп қалдым.

– Сатқы-ы-н?

– Сау кезімде алдымда құртша жорғалайтын күйеуім кеселге ұшырағаннан кейін менен сырт айналды. Сүйіктісін тауып та үлгергені жаныма шаншудай қадалуда.

– Демек, үлкен есеппен үйленген.

– Қызметке әкемнің арқасында жеткені есінде жоқ. Екі баланы да ойламағаны той.

– Ымм...

– Есенқұл, тапталған намысым ашуызамды келтіріп, аналардың екіжұзділігін әшкерелеуім керегін санама себезгілеткендей. Тәуекел дария кештіретіні рас екен. Дәл қазір ештеңден тайынар емеспін.

– Не істемек ойың бар?

– Әлгілердің соңынан қуып барамын. Менің үйімде сайран салуға жол бермеймін. Көлігіңмен сонда алып баршы, өтінемін.

– Барайық. Бірақ ашуды ақылға жеңдіре білмесең, денсаулығыңа кері әсер етуі мүмкін екенін ескергейсің.

–Дұрыс айтасың.

Екеуі көлікке қарай беттегенде анадайдан Маржанның күйеуі Аслан төбе көрсетті.

– Олар осылай келе жатыр. Жолдың арғы жиегінде күтейік. Мен көрінбейін, – деп Маржан құрбысының тасасына бой жасыды. Есенқұл екеуін көзінен таса еткен жоқ. Міне, олар жақындай түсті. Тығырышқтай денелі жігіттің екі езуі екі құлағында. Аяңын санап басулары еш алаңсыз жайбарақат, орнықты жағдайды көрсеткендей.

– Өтірікті де адам иланатындай қисынмен айтсаңшы. Табансыздығың, тайғанақтығың, екіжұзділігің жыныма тие бастады. Қолыңмен істегенді мойнымен көтеріп, нағыз әр азамат сияқты ағыңнан жарылсаң... мүмкін... ойланар едім.

– Маржан, балаларымнан айыра көрме. Кешіре алсаң, кешір.

– Адам қиын-қыстау кезеңде танылады. Бұрын танымай келіппін. Мына бейшаралығыңды көңіліме сіңіре алмай, сен үшін ұялып тұрмын.

– Маржан, қандай бейшаралығымды көріп тұрсың? Бұрынғы сол Асланмын.

– Сенімен сөз жарыстыруға зауқым жоқ. Машинамды да әкеліп қоясың осында. Кілтін қолыма ұстатасың. Енді өзім жүргіземін.

– Дегенің болсын.

– Қызметіңде қалар-қалмасың да екі талай. Әкем опасыздығыңнан бейхабар. Енді шындықты жасырмаймын.

– Маржан, бәрі сен ойлағандай емес... Марал сөзге араласып еді, Маржан сөзін аяқтатпай тыйып тастады.

– Мен арқылы әкемнен көрген көмегіңді ұмыта қоятын жөнің жоқ еді. Жақсылығымды жамандықпен қайтардың. Сен... опасыз... аяр, мені туған күніне шақырып, сусынға ұйықтататын дәрі қосып беріп, апатқа ұшырап, өлгенімді тіледің.

– Маржан, не айтып кеттің? Ойыңнан шығара берме өйтіп.

–Нағыз шындық – тілге тиек етіп тұрғаным. «Арамзалығың үшін сені сотқа беруім де мүмкін».

Маржан айтарын айтып боп, Есенқұлді қолтықтап жөнеле берді. Былай шыға бере Есенқұл:

Маржан, Маралдың сусынына ұйықтататын дәрі қосып бергені рас па? – деді.

– Рас. Қанның құрамын тексергенде анықталды.

– Айтарға сөзім жоқ.

–Біздікіне барайық Есенқұл. Апаммен таныстыруын қояйық.

Есенқұл кеткеннен кейін Маржан төсегіне жата кетіп ойға шомды.

Уақыт өткен сайын алыстай беретін қайталанбас жастық шағының есінде қалған үзік-үзік суреттері, көріністері көз алдынан өтіп жатты.

Маржан ауқатты отбасында туып-өсті. Ішкені алдында, ішпегені артында дегендей байлықтың шалқарында балықтай жүзін бұлаңдап өсіп бойжетті. Бәрі... бәріне, тіпті қастерлі ұғым ретінде дәріптелетін құндылық атаулыға байлықты өлшем етті. Сөйтіп жүріп, мектеп бітірді. Жоғары оқудың да есігі Маржанға айқара ашылды.

Есенқұлмен алғаш бір бөлмеде тоқайласты. Қызға бастан-аяқ тыжырына көз жүгірткен Маржан жылаңша жиырылды. Суқаны суймегенін бет әлпетінен-ақ байқатқан. Бөлмелесіне ұнамағанын Есенқұл де сезді. Есенқұлдің бір аяғын сылтып басатын кемістігі бар еді.

Кемтарлығымен қоса кедей қызбен қатар жүріп-тұруды бойына мін санаған сыңайлы. Үлде мен бүлдеге оранып, «өзінде бармен өзге ұрған» сәнқой бойжеткен бақыт дегенді байлықтың баламасы деп ұқты. Және өзін бақытсылар сапына қоятын. Бірінші курста-ақ әкесі оған қымбат көлік сыйлаған-ды.

Есенқұл көп сөйлемейтін, ықпалдылардың ырқына қоғадай иілу әдетінде жоқ, біртоға, есті қыз. Сабаққа алғыр. Алдында құрақ ұшып жарамсақтануды әбестік санайтын мінезі Маржанды шапқа тұрткендей жындандыра түсті. Оны сырттай өз атымен емес, «ақсақ қыз» деп атайтынды шығарды. Маржанның қолтығына тығылушылар да Есенқұлді солай атай бастады. Бірде достарына: «Анау біздің бөлмедегі ақсақ қыздың суреті оқу озаттарының қатарында тақтаға ілінгенті» деп, сампылдай сөйлегені сабақ бастағаны мен кетеді? Тарпаң жүрісіннен-ақ жүйкені жұқартып біттің ғой!» деді оған ішіп-жеп қоярдай түнере қарап.

– Көтеріп басуға аяғым қаралмайтынын біле тұра, неге өшіп бардай шүйіле бересің, – деді Есенқұл ашуға булығып.

– Сені мүгедек қылған мендей-ақ шаптығасың ғой. Дауыс көтеретін кім едің?

–Мүгедек болмаймын деп Құдаймен келісімшартқа отырып пе едің? «Күлме доска, келер басқа» дегенді капелрінде ұстағайсың. Сен тым асып барасың. Әр нәрсенің де шегі бар. Айылдағы осы арадан жия қоймасаң: «Көп асқанға бір апат, кесірліге бір кірәпат» болары анық деді де, бұрылып жүре берді. Есенқұл сол күні-ақ бөлек бөлмеге ауысып, кесірлі бойжеткеннен ірегесін аулақ салған. Жаңа қонысының байырғы тұрғындары соңғы курс студенттері екен. Олар диплом жазу үшін пәтерге шығып кеткендіктен, Есенқұл бөлмеде өзі ғана. Әлгіндегі Маржанның өктемсуі, мүгедектігін бетіне басуы жаның күйзелтті. Көз жасына ерік берді. Жылап жатып ұйықтап кетіпті. «Есенқұл, орныңнан тұр. Мойыма. Бәрі жақсы болады» деген анасының даусынан ұйқысы шайдай ашылды. Апасының алдына алып айналып-үйіріліп, бетінен құшырлана сүйетіні есіне түсіп, жанарынан мөлдір тамшы соғалай жөнелді. Өгей шешесіне қаршадай қыздың жүріс-тұрысы да, өзі де, сөзі де жақпады. Әкесінің көзін ала беріп қағып жіберіп, иіпте қалып қақпақылдың тасындай қағыстыратын.

Бес жастағы кезі. Байқаусызда бір шынны сындырып қойғаны үшін шапалақпен жағынан салып жіберіп, шырылдап жылағанына да қарамастан, сыртқа қарай қолынан дедектетіп жетелей жөнелді.

– Қораның төбесіне шық, – деді сатығаушы көрсетіп. «Тырп етуші болма!» деді зекіп. Қимылсыз ұзақ отырудан жалыққан бүлдіршін ұйықтап кетіп, төбеден құлап кетеді. «Аяғым-ай!» деп жан дауысы шыға безілдеп жылап жатқаны үстіне, бақытына қарай әкесі кеп қалғаны. Қызын жерден көтеріп алып, не болғанын сұрап біледі. Үйіне кірсе, әйелдің қағанағы қарқ, сағанағы сарқ, бейтаныс келіншекпен ішімдік ішіп қызара бөртіп отыр екен. Адамға тән мейірімнен жұрдай қатығез әйелмен бір шаңырақ астында мынадай жағдайдан кейін өмір сүру мүмкін емесін сезінген әке әйелімен біржола қоштасады. Сол күннен бастап аудандық, облыстық білікті мамандарға қаратып, ұзақ емдетеді. Өкінішке қарай, Есенқұл аяғын сылтып басатын боп қалады.

...Маржан оқуын бітірісімен табысы мол қызметке орналасады. Әке дәулетінің арқасында қол жеткізген қоттеджі, өзін жақсы көретін күйеуі, қымбат көлігі, ұлы мен қызы бар.

Сол күні жан досы Маралдың туған күнінен келе жатқан. Күйеуі іссапарда, қалада жүр еді. Рөлге отырып, ызғыта жөнелді. Кенет, көзіне ұйқы тығылып, қалғып кетті. Көлігі жол жиегіне қарай кілт бұрылып, әлденеге қатты соғылды. Көзінің оты жарқ етіп, қап-қараңғы түнектабатындай әйтеуір оған деген көңілі алабөтен. Адам осылай да өзгереді екен-ау, Есенкүлсіз таңқалып, ұзақ шықпайтындай сезінген Маржан күйеуі Бақыт екеуін сенбі күні түске асқа шақырды. Бөлмеге бас сұққаннан-ақ, қабырғадағы кітап сөрелеріне назар салған Бақыт: «Маржан бай кітапханаң бар екен, кітаппен араларыңнан қыл өтпестей тату екенінді байқатқандай» деді жымиып.

– Өкінішке қарай, кітаппен кешірек басыма із тускенней кейін ғана достастым.

– Оқасы жоқ, ештен кеш жақсы.

– Кітапсыз адамның өмірі бос депті бір ойшыл. «Кітаппен дос бол, кітаптың жомарт беттері. Көзінді тосар адал дос одан жоқ тегі» деп Расул Ғәмзатов атамыз тегін айтпапты.

– Бақыт та кітапқұмарлардың бірі, – деп Есенқұл күйеуіне аялай қарады.

Астан соң Бақыт рақмет айтып, кетуге рұқсат сұрады.

– Сіздер асықпай әңгімелесе беріңіздер. Мен балаларға барайын.

– Есенқұл, қанша балаларың бар? – деп сұрауды естен шығарыппын той.

– Екі ұлымыз бар. Кеше Бақыттың атан-анасының үйіне қалдырып кеткенбіз. О кісілер қала сыртындағы ауылда тұрады. Немерелерін көріп тұрмаса, көңілі көншімейді.

– Есенқұл, – Маржан әңгіме ауанын басқа арнаға бұрды, – алдында кінәлімін. Саған жасаған қиянатым есіме түссе, кірерге тесік таппаймын. Назаңа ұшырадым. Жер басып жүргендердің бәрінен биікпін деп есептедім. Ақыры, тым асқақтығым салдарынан мынадай күйге ұшырадым. Кешір мені. Есенкүлдің алдына басын иді. Жанарынан мөлдір тамшы құйылып жатты. Есенқұл орнынан ұшып тұрып, Маржанды екі иығынан құшақтады.

– Бұның не, Маржан? Ол жайды әлдеқашан ұмытып кеткемін.

– Жүрекке түскен жара жұықта жазылмайды. Ұмытылуы да мүмкін емес.

– Жастық шақ қателікке ұрындыратын кезең ғой. Тәжаппар еңіп. Бірақ қайғырмды болатынсың. Басқаларға көмектесіп жүретінсін.

– Мені бұлай бағалайтынынды білмеппін.

– Кезінде қатты ренжігенім рас. Бірақ кек сақтап, жамандық тілегеннен аулақпын.

– Рақмет, Есенқұл. Сен болмасаң қайтер едім? Ішкі сырымды кім тыңдайды менің?

– Айтпақшы, күйеуің балаларды алып келді ме?

– Алып келді. Бақшаға бергенбіз. Таңертең әкетіп, кешке қарай жұмысынан соң әкеліп жүр. «Басқа тепсен кетпеймін. Маралмен ешқандай байланысым жоқ. Кездейсоқ кездесіп қалып, өткен-кеткенді еске алып келе жатқанбыз. Оның саған қастандық жасағанынан хабарсызбын» дейді. Тіпті не істерімді білмей далмын.

– Тағы бір мүмкіндік бергенің жөн.

– Қабырғаммен ақылдасып көрейін.

– Балаларды туған әкесінен ажырату, қиянат.

– Есенқұл, алдыма үлкен мақсат қойып отырмын, – Маржан жадырай сөйледі.

– Қандай? – Есенқұл елең етіп, құрбы жүзіне таңырқай қарады.

– Опасыз жігіттердің арбауына түсіп алданып, құрсағыңдағы баладан қтылудың жолын іздейтін қыздар мен тастанды балалардың, панасыз аналардың міндесін көздейтін бір іс ашсам деймін.

– Мынауың керемет қой, Маржан!

– Қаракөз бүлдіршіндердің шетеліге сатылуын болдырмауға, санамыздың артуына теңізге тамған тамшыдай үлесс қоссам, өзімді бақытты сезінер едім. Бұл арман ғана. Арман нақты іске айналу үшін әлі көп еңбектеніуім, жүгіруім, миды істетуім керек.

– Дұрыс айтасың. Бақыт заңғар ғой. Сұраңна жауап беруге әрқашан дайын.

– Рақмет. Сенің қолдайтынынды ішім сезген.

– Мұндай ізгілікті істі қалай қолдамасқа?!

Маржан мен Есенқұл тұңғыш рет сыр ақтарысып, ұзақ отырды. Досының көңілін аулаған Есенқұл жұмысы бастан асып жатса да, асығыстық танытпады.

Тұрсынхан ШӘЛДИБЕККЫЗЫ

ХАТ ЖОЛДАРЫНАН

АУЫЛЫМ – АЛТЫН БЕСІГІМ

Ауыл әрбір адамға етене жақын. Мейлі ол қалалық болсын, тағдыр жазуымен басқа өлкеде жүрсін, әйтеуір ауылға деген бір ыстық сезім қазақ баласының бойынан табылары анық. «Тарихынды зерттемесең анықтан, болашаққа ұша алмайсың шарықтап» демекші, тарих бүгінгіден гөрі болашақ үшін өткенге баға беру емес.

Егеменді еліміздің тәуелсіздік алып, өзге елдермен теңдесі тең, керегесі кең, жеке мемлекет ретінде қалыптасқан, дамып келе жатқанына, міне, 29 жыл. Тәуелсіздігіміздің 29 жылдығы республикамыздың саяси және мәдени рухани өміріндегі тарихи оқиға! Бүгінде еліміздің соңғы ғасырдар қойнауының қатпар-қатпар тарихын, ақыл мен парасаттың ұлы көріністерін еншілеген халқымыздың ежелгі заманнан бастау алатын қымбат тарихына теңеріңе үнілсек, көз алдымызға сонау қазақ елінің сан ғасырларға созылған ұзақ тарихында қилы-қилы асулардан өтіп, талай шерлі заманды басынан кешіргені елестейді. Қазақ еліне сай етіп ұлан-ғайыр жер берген, асты-үстін толтырып кен берген, мейірбан, ақ көңіл, адал ел берген, жаны үшін малын, ары үшін жанын садаға ететін ер берген демекші, біз – тарих пен тағдырдың бұралаңы көп жолдар мен ғасырларға созылған ұзақ уақыттағы қиындықтың барлығын басымыздан өткеріп келген елміз. Бүгінгі күні тәуелсіздікке қолы жеткен егеменді елміз. Ауыл – қазақтың қаймағы, нағыз бет-бейнесі. Ауылдың қадір-қасиетіне аса мән беріп келгені қазақи ұғымпайымдардан да байқалады. Бабаларымыздың төккен қаны, аққан тері, көз жасы арқасында қазақ халқының ұлағатты арман-мұраты орындалды. Тарыдай шашыраған ұрпағы жерге қарамады. Атабабамыз өмірден өзі жылап өтсе де, ұрпағының өмірі өксімесін, өгей баланың күнін кешпесін деп, қалған ұрпаққа аманат етті. Ұрпақтары өзіне жүктелген аманатты орындап, егемендікке қол жеткізген ғасырдың ерекшелігі де осынау жастық кезеңнен бастау табуында деп түсінемін. Бұл, міне, өзіне жүктелген аманатын орындау жолындағы бетбұрыс бүгінгі тәуелсіздіктің жемісі, соның айғағы емес пе?

Ал ауылымыздағы көрнекі жерлердің бірі, әрине, білім ордасы. Менің ауылымда, яғни Қазақстан ауылында Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері Жүнісбай Қайыпов атамыздың атында мектеп бар. Бұл мектептің негізі 1965 жылы қаланған. Мектеп ұжымында 80 ұстаз қызмет етеді.

Мектепте 900-ге жуық оқушы, мектепалды даярлық сыныбында 74 оқушы бар. Мектеп ішінен қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірігіп, «Мектепке жол» акциясы аясында мектептегі аз қамтылған отбасынан шыққан балалар мен көпбалалы отбасыларға көмек көрсетілді. Қазіргі пандемия жағдайына байланысты қашықтықтан оқып жатқан оқушыларға аудандық білім бөлімінен мектебімізге компьютер, планшет, ноутбуктар берілді. Бұдан әрі де ауыл жағдайын көтеру, жастарды ауылға тарту сияқты мәселелерді ынғайлы шешіп, ендігі жерде ауыл жастары ауылда тұрақтан еңбек етуі үшін ауылдық жерден жұмыс көзі қажет. Жастарды тұрақтандыру үшін қалалық жерлердегідей қазіргі заман талабына сай техникалық құралдармен жабдықталуы тиіс. АҚШ пен Канададағы, Австралиядағыдай ауылдар мен қалалардың айырмашылығы мүлде өзгеше, барлық жұмыс механикаландырылған. Менің ойымша, ауылға жастардың тұрақтауы үшін ауылда тұрып жатқан жастарды еңбекпен қамтамасыз ету және еңбек төлемі саясатын жаңғырту керек. Жас отбасына тегін үй беріліп, жастардың жағдайын оңтайландыру саясатын түбегейлі іс жүзінде жүзеге асыру қажет. Ауылдық жерлерде жастардың ақпарат алмасуы үшін интернет-клуб ашылса, Мәдениет үйінде аптасына бір рет кино немесе театрландырылған көрініс ұйымдастырылса, ауылдық жерлердегі жастардың қызығушылығы қалаға емес, ауылға ауады деп сенемін.

Әлия СЕРІК,
Ж.Қайыпов атындағы орта мектептің әлеуметтік педагогы

Алматы облысы

ҚАЗАҚ АТАУЫ ҚАЙДАН ШЫҚҚАН?

Мәскеуде аспирантурада оқып жүрген кезімде, КСРО Ғылым академиясы Шығыстану институтының аға ғылыми қызметкері, әлемге әйгілі түрколог Әмір Нәжіпұлы Нәжіп ғылыми жұмысыма жетекшілік етті. Аспирантураның соңғы жылдары еді. Бір күні: «Араб ғұламаларының өте ертеректегі бір географиялық картасын қолға түсірген едім. Араб жазуын жақсы ашыпты ғой. Мына бір сөзді оқышы» деді сұқ саусағымен көрсетіп. «Қазақ» дедім кідірместен. «Білесің бе, қазіргі Азов теңізі бір заманда Қазақ теңізі деп аталған екен. Европалықтар Азов теңізін Азақ теңізі деп атайды. Орыс патшаларының біреуі, саяси мақсатпен болса керек, Азақ теңізін Азов деп атауға бұйрық шығарыпты. Менің бұл жаңалық туралы мақала жазбақ ойым бар. Бәлкім, таяу уақытта шығып қалар» деді. Ұлты татар болғанымен, Қазақстанда туып-өскендіктен болар, ғылыми жетекшімнің қазақтарға іш тартатыны айқын сезіліп тұрды. Мақала шыққан соң оқып алармын деп, әрі қарай қазбаламадым. Көп ұзамай жетекшімнің көзі көрмей қалды. Осы жағдай себеп болды ма, әлде қолы тимеді ме, айтқан мақаласы жарық көрмеді. Жоғарыдағы оқиға есіме түсіп, кеш болса да, ойға түйгендерімді қағаз бетіне түсіруге бел байладым.

Азов теңізінің Каспий теңізінен онша қашық емес орналасқанын байқаймыз. Азов ежелгі дәуірлерде Қазақ теңізі аталғандықтан, Каспий мен Қазақ атауларының арасында этимологиялық байланыс бар екенін түсіну қиын емес. «Қазақ» сөзінің құрамындағы **з** дыбысы қатаң **с**-ның ұяңданған варианты екенін ескерсек, екі тұлғаның түбірі де – **Қас.** Этнос атауы. Қас тайпаларымен қатар өмір сүрген, онтүстікке ауып кеткен арий тайпалары туралы жеткілікті дәрежеде мағлұматтар бар. Академик, тарих ғылымының докторы, профессор Талас Омарбековтен ежелгі Қас тайпасы туралы сұрағанымда, ол мұндай тайпаның тарихта бар екенін айта келіп, бірақ ешкім жаза қоймағанын тілге тиек етті.

Каспий теңізі де, Қазақ теңізі де – топонимикалық атау. Алдымен, Каспий топонимін талдалық. Бұл атау өз заманында еркін сөз тіркесі болған, екі бөліктен тұрады: **Қас+пий**. Мұндағы ***пий*** тұлғасы ***бір*** деген сан есімнің түбірі екені түркологтарға бұрыннан белгілі. Оны жеңілдетіп тұрған түркі тілдеріндегі – **ир** элементі – сан есімнің көне жұрнағы. Тарихи даму жолын кестеге түсірегенде: ***пий<пийир<пиир<пир<бир>бір***. Түбір мен жұрнақ кіріккен. Тектес болғандықтан **и** дыбыстары үнемделіп, бір-біріне жымдасып сіңіскен. Одан әрі қатаң **п** дыбысы ұяңданған, **и** дыбысы жіңішкерген. Сонда Каспий (Қас бір) атауынан «Қастардың бірінші тайпасы» деген ұғым туындайды. Ерте замандарда анықтауыш, қазіргі замандағыдай емес, өзі анықтайтын сөзінің соңында келетінін алғаш рет профессор Құдайберген Жұбанов байқаған. Алтынсары, Құнсұлу, Айсұлу, Жансұлу, Таңжарық сияқты кісі аттары, кеш жарық, күн ұзақ сияқты тұрақты сөз тіркестері бұған мысал бола алады. Осы заңдылыққа бағынып, Каспий топонимінің құрамындағы ***бір*** саны зат есімнен кейін келіп, анықтауыш қызметін атқарып тұр. Сондай-ақ Қазақ теңізі де бірнеше өзгеріске түскен: ***Қас+ақ>Қасақ>Қазақ>Азақ>Азов.*** Ежелгі ***Қас+ақ***, қазіргі **Қазақ** атауының екінші бөлігі ***ақ*** екі түрлі омонимдік ұғым береді:

1. Бір нәрсенің екінші бір нәрседен ағылып шығып, бөлініп ажырап кеткенін білдіретін етістік.

2. Қазіргі «екі» сан есімінің көне жұан формасы.

Әдетте, түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде **қ,к,г,ғ** тіл арты дауыссыздары сөз басында да, сөз ортасында да, сөз соңында да түсіріліп айтылып, ақырында жойылып кетіп отырған. Осы себепті Қазақ сөзінің Азақ сөзіне айналуы заңды. Сонда Қасақ (Қазақ) топонимінен «Қастардың бірінші тайпасынан бөлініп, ажырап шыққан Қастардың екінші тайпасы» деген ұғымды пайымдай аламыз. Қазақ теңізі топонимикалық атауының шығу тарихы, міне, осындай. Бір ғажабы, Каспий теңізі құрамындағы **пий** (бір) саны бөлініп шығып, тайпа атауы болған. Пий тайпасы туралы тарихшылар еңбектерінде кездеседі.

Олай болса үш, төрт, бес, алты тағы да басқа есептік сандар іске қосылуға тиіс емес пе?! Тайпа атауына айналып кеткен пий (бір) сияқты сандарды, бөлек, тарих сақтап қалған шығар. Іздестіріп көрелік. Қазақстардың Ұлы жүз аталатын бөлігінде Үйсін аталатын үлкен тайпа бар. Бұл этнонимнің үш деген ұғым беретінін екінің бірі біле қоймас. Аталған тұлғаны ежелгі қалпына келтірсек: ***уқ+ун=утс+ун.*** Алғашқы бөлігі – үш санының көне формасы, екінші бөлігі есім (зат есім, сын есім, т.б.) екенін білдіретін көне жұрнақ. Біздің байқауымызша, деректілікті білдіргенде қосылып, дерексіздікті білдергенде түсіріліп айтылған. Ауызекі сөйлеу тілінде үш саны мынадай өзгерістерге түскен: ***утс>утш>уш>уш.*** Яғни ц (тс) аффрикаты жұмсарып ч (тш) аффрикатына айналған. Одан әрі **т** жапсары түсіріліп, **у** дауысты дыбысы жіңішкерген. Бұл сөз қытай жазбаларында **усун** формасында сақталып қалған. Яғни **утсун>усун**. Бір ғана өзгеріс: аффрикат құрамындағы **т** қатаңы элизияға ұшырап кеткен. Ал қазақ тілінде басқаша дамыған. Бір бұынды сөздерде немесе тубірлердің алғашқы буынында **т** дыбысы өз орнын әрдайым сонор (ұнді) **й** дыбысына босатып беріп отырған. Жеңілдетіп айту мақсатымен. Яғни ***утсун>уйсун***. Одан әрі дауыстылар дамуынын ***у>ұ>ү*** формуласы бойынша: ***уйсун>ұйсун>үйсун.*** Соңғы буындарда **ү**-нің орнына қысаң **і**-ні жазу біздің әліпбимізде қалыптасқан: **үйсун>үйсін**. Ежелгі үйсіндерді «Қастардың үшінші тайпасы» деп пайымдауға болады.

Келесі есептік сан – төрт. **Тұран, түрік** атауларының құрамында кездеседі. Бұл тұлғалардағы **-ан** мен **-ік** түбірге сіңіскен өлі жұрнақтар. Түбірлерін – «тұр» мен «түрді» ежелгі қалпына келтірсек – **тур.** «Төрт» санының түбірі де **тур** сипатында. Орыс тіліндегі че+тыр+е санының да, алдыңғы, соңғы қосымшаларын есептемегенде, «төрт» ұғымын беретіндігі белгілі. Жүйесі бөлек тілдерді **т** мен **р** дауыссыздары сабақтастырып тұр. Түріктерді «Қастардың төртінші тайпасы» десек қисынға келеді. Бес, алты, жеті сандарының іздері түркі тілдерінде сақталып қалғанымен, өте көмескі. Сондықтан олар туралы сөз қозғамадық. Ал қазіргі «сегіз» санының ежелгі формасын тарихта ағы шыққан сақ тайпалары сақтап қалған. Бұл санды диахрония дәуіріндегі бұрынғы қалпына келтірейік: ***сақ+ус***. Сан ретінде даму жолы: ***сақ+ус>сақ+уз>сағ+ыз>сег+із.*** Мұндағы ***-ус/-уз--ыз/-із*** қосымшалары қымыз, тамыз, тығыз, семіз, егіз сияқты сөздердің құрамында ұшырайтын көне жұрнақ. Түбірі Сақ тайпа атауына айналып кеткен. Сақтарды «Қастардың сегізінші тайпасы» деп атауға негіз бар.

Ал «оғыз» атануына келсек, «тоғыз» санының өз пішінін өзгертken формасы екеніне көз жеткізуге болады. Тілдік фактілерге қарағанда, ежелгі дәуірлерде **т** дыбысы сөз басында, кейде буынымен қоса, көп түсіріліп айтылған. Мысалы, оғыз тілдерінді тоғул (туыл) етістігінің алдындағы **т** дыбысы түсіп қалып, оғул (ұл) зат есіміне айналғаны ғылыми жолмен дәлелденген. Оғ буыны түскенмен кейін қазақ тілінідегі ұл сөзі пайда болған. Көне түркі сөздігінде **артут** сөзіне *дар, подарок, подношение* деген анықтама берілген. Бұл тұлға қазіргі кездің тұрғысынан мүлдем түсініксіз – архаизм. Сөз басында жойылып кеткен **т** қатаңын қалпына келтірсек – ***т+артут***. Сөз соңындағы **т** дыбысы – көптік мағына беретін көне жалғау. Көне көптік жалғауын сөз құрамынан шығарып тастасақ, қазақ тілінідегі **тарту** сөзі шыға келеді. Мағынасы – *біреуге арнап берілетін ерекше сый, арналған бағалы зат.* Көне түркі сөздігіндегі мағынамен тең. Алдыңғы **т** дауыссызынын жойылып кетуі, соңғы **т** дауыссызынын ұяңдануы, ал қазақ тілінде басқаша дамыған. Бір бынды сөздерде немесе түбірлердің алғашқы буынында **т** дыбысы өз орнын әрдайым сонор (ұнді) **й** дыбысына босатып беріп отырған. Жеңілдетіп айту мақсатымен. Яғни ***утсун>уйсун***. Одан әрі дауыстылар дамуынын ***у>ұ>ү*** формуласы бойынша: ***уйсун>ұйсун>үйсун.*** Соңғы буындарда **ү**-нің орнына қысаң **і**-ні жазу біздің әліпбимізде қалыптасқан: **үйсун>үйсін**. Ежелгі үйсіндерді «Қастардың үшінші тайпасы» деп пайымдауға болады.

Келесі есептік сан – төрт. **Тұран, түрік** атауларының құрамында кездеседі. Бұл тұлғалардағы **-ан** мен **-ік** түбірге сіңіскен өлі жұрнақтар. Түбірлерін – «тұр» мен «түрді» ежелгі қалпына келтірсек – **тур.** «Төрт» санының түбірі де **тур** сипатында. Орыс тіліндегі че+тыр+е санының да, алдыңғы, соңғы қосымшаларын есептемегенде, «төрт» ұғымын беретіндігі белгілі. Жүйесі бөлек тілдерді **т** мен **р** дауыссыздары сабақтастырып тұр. Түріктерді «Қастардың төртінші тайпасы» десек қисынға келеді. Бес, алты, жеті сандарының іздері түркі тілдерінде сақталып қалғанымен, өте көмескі. Сондықтан олар туралы сөз қозғамадық. Ал қазіргі «сегіз» санының ежелгі формасын тарихта ағы шыққан сақ тайпалары сақтап қалған. Бұл санды диахрония дәуіріндегі бұрынғы қалпына келтірейік: ***сақ+ус***. Сан ретінде даму жолы: ***сақ+ус>сақ+уз>сағ+ыз>сег+із.*** Мұндағы ***-ус/-уз--ыз/-із*** қосымшалары қымыз, тамыз, тығыз, семіз, егіз сияқты сөздердің құрамында ұшырайтын көне жұрнақ. Түбірі Сақ тайпа атауына айналып кеткен. Сақтарды «Қастардың сегізінші тайпасы» деп атауға негіз бар.

Ал «оғыз» атануына келсек, «тоғыз» санының өз пішінін өзгертken формасы екеніне көз жеткізуге болады. Тілдік фактілерге қарағанда, ежелгі дәуірлерде **т** дыбысы сөз басында, кейде б

Азаматтың суреттері

Құнды жоба аясында

Алматыдағы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Дала фольклорының антологиясы» он томдығының, «Ұлы даланың көне сарындары» үш томдығының 2-томын, сондай-ақ «Ежелгі дәуір әдебиетінің» бес томдығының 2, 3-ші томдарының тұсауын кесті. Аталған томдықтар ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында жүзеге асырылып жатқан «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жобасы аясында дайындалған.

Ақбота МҰСАБЕКҚЫЗЫ
«Ana tili»

Тұсаукесер рәсіміне жобаның құрастырушылары, редакциялауға атсалысқан ғалымдар, редакторлар мен әдебиет саласының сарапшылары мен БАҚ өкілдері қатысты.

Алдымен сөз алған институт директоры Кенжехан Матыжанов жобаны мамандар аса зор жауапкершілікпен орындағанын айтып өтті.

«Жобаның орындалуы барысында алыс-жақын шетелдердегі әріптес ғалымдармен тығыз қарым-қатынастар жасалды. Бірнеше құрастырушы мамандар Чехия, Мажарстан, Словакия, Түркия, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан сияқты елдерге іссапармен барып, түрлі кездесулерге, ғылыми отырыстарға қатысып, пікірлесіп, тәжірибе жинақтады және ұлттық фольклорды насихаттау жұмыстарын жүргізді. Әсіресе Түркияның Әгей университетінің Түркі әлемін зерттеу институты, Ресей ғылым академиясының Орыс әдебиеті институты, Татарстан Республикасы Ғылым академиясының Г.Ибрагимов атындағы Тіл және әдебиет институты, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тіл, әдебиет және өнер институты, Қырғыз Республикасы Ғылым академиясы Ш.Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институты, Ресей ҒА Уфа зерттеу орталығының Тарих, тіл және әдебиет институты және Қарашай-Шеркеш ғылыми-зерттеу институтымен шығармашылық байланыстар орнатылды. Ал аудио нұсқасын дайындау барысында халқымызға танымал өнер майталмандары, өнертану мамандары да қатысып, елеулі үлестерін қосты. Бұл жұмыстарға 35 жыршы, 25 әншітермеші қатысты» деді Кенжехан Матыжанов.

Бұл туындылар – халықпен бірге жасасып келе жатқан үлкен мәдени, тарихи тағлымға толы танымдық рөл атқарушы рухани қуш. Бұрынғы дәстүрлі қоғамда ол әдебиеттің, өнер мен педагогиканың қызметін атқарды. Сол себепті ұлттың дүниетанымы, философиясы, этикасы, эстетикасы, тарихы айшықты да анық көрініс тапқан.

Шара барысында «Дала фольклорының антологиясы» он томдығының жауапты редакторы, филология ғылымының кандидаты Тоқтар Әлбеков, «Ұлы даланың көне сарындары» антологиясының жетекшісі, өнертану ғылымының кандидаты Айнұр Қазтуғанова, «Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы» жобасының жетекшісі, филология ғылымының кандидаты Төрәәлі Қыдыр баяндама жасады.

Жинда алдымен таныстырылған «Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясының» екінші және үшінші томдары жөнінде жоба жетекшісі Төрәәлі Қыдыр қысқаша айтып өтті.

«Бабалар сөзі» жүз томдық сериясы ғылыми басылым болғандықтан, жоба жетекшісі онда жинақталған эпостық мұралар, халық прозасы мен өлендері, ғұрыптық фольклор, шағын жанрлар, ғибраттық құндылықтар, т.б. өзгеріссіз қолжазбалардың негізінде ұсынылып, кей шығармалардың бірнеше нұсқалары ұсынылғанын атап өтіп, жобаның жүзеге асырылуы барысына ерекше тоқталды.

«Енбекте фольклорлық мұралар мен халықтың көне сарындарының бүгінгі қоғамдағы орны, жас ұрпақты тәрбиелеудегі маңызы жан-жақты ашылып, олардың таңдаулы үлгілерін заманға лайықты форматта жарыққа шығару мәселесі қозғалды. Институт ғалымдары бұл құжатпен терең танысып, жан-жақты зерттеп, сирек қорлардағы қолжазба мұраларды зерде елегінен өткізді. Барлық қолжазба мұра жүйеге түсіріліп, мәтіндер іздестіріліп,

сараланды. Бұл жұмысқа еліміздің белгілі фольклортанушылары, жетекші мамандары да жұмылдырылып, бірнеше семинарлар, ғылыми басқосулар ұйымдастырылды. Нәтижесінде фольклорлық шығармалардың таңдаулы үлгілерін 10 томға жинақтап, оларды бүгінгі аудиторияға қолжетімді ету мақсатында цифрлық нұсқаларын (электронды және аудио нұсқаларын) баспаға қатар дайындаудың, сондай-ақ жинаққа енген мәтіндердің таңдаулыларын орыс (3 том), ағылшын тілдеріне (3 том) аудару жұмыстарының жоспары бекітілді» деді жоба жетекшісі Тоқтар Әлбеков.

Ал «Ұлы даланың көне сарындары» атты антологияның 2-томының шығарылуына білікті кәсіби мамандар, күй өнерін тарихи-теориялық тұрғыдан зерттеген күйтанушы-ғалымдар, көне аспаптардың сақталуына ерекше үлес қосып жүрген белсенділер жұмылдырылып, домбыра күйлерінің аймақтық дәстүрлерін жалғастырған күй шеберлерінің тәжірибесі мен білімі ұштастырылған. Бұл туралы жоба жетекшісі былай дейді:

«Антологияның 2-томы «Дәуірлер көшіндегі күй сарындары» атты кіріспе мақаладан, редакция алқасының сөзінен, «Аспаптық көне сарындар» мен «Дәстүрлі күй өнері» деген бөлімдерден, ескертпелерден тұрады.

«Аспаптық көне сарындар» атты бөлімге – шаңқобыз, саз сырнай, сыбызғы, жетіген, қобыз, үш шекті домбыра сарындары жинақталған.

Антологияда фольклорлық аспаптар күйлерінің үздік үлгілерінің ішінде халық күйлерінің «Қыз мұңы» (шаңқобыз), «Балжыңкердің желісі» (саз сырнай), «Ертіс толқыны» (сыбызғы), «Қоңыр қаз» (қобыз), «Нар идірген» (шертер), «Толғау» (үш ішекті домбыра) және т.б. туындылар іріктеліп алынды. Сондай-ақ 2012-2014 жылдардағы іссапар кезінде Қытай және Моңғолия республикаларын мекендеген қазақ диаспорасынан жазылып алынған сыбызғышылар Енбек Абдоллаұлының, Арыстан Абдоллаұлының, Самырық Боғдаханұлының, Жұмағазы Бейілханұлының өнерлері таныстырылса, отандық сыбызғышылар Болат Сарыбаевтан бастап, Шанақ Ауғанбаевтың, Талғат Мұқышевтің орындауындағы күйлер берілді» деді Айнұр Қазтуғанова.

Сонымен бірге «Дәстүрлі күй өнері» бөлімінде халық күйлері мен кәсіби күйші-композиторлардың туындылары: Арқадан – Тәттімбет, Тоқа, Әшімтай, Шығыс Қазақстаннан – Байжігіт, Хұсайын Малшыбайұлы, Бейсенбі, Жетісудан –Байсерке, Қожеке, Қаратаудан – Сүгір, Сыр, Ақтөбе өңірлерінен – Әлшекей, Досжан, Мырза, Қазанғап, Бөкей ордасынан – Махамбет, Құрманғазы, Дәулеткерей, Манғыстаудан – Абыл, Есір, Есбай, Өскенбай күйлері мен олардың ізбасарларының туындылары ұсынылған.

«Ұлы дала жауһарлары» сериясының басты мақсаты – ұлы даланың ежелгі заманнан бергі жазба мұралары мен әдеби жәдігерлерін жинақтап, жүйелеп, зерттеп, жас ұрпақ назарына ұсыну, түркі халықтарына ортақ ежелгі және орта ғасыр әдеби ескерткіштерін неғұрлым толық жарыққа шығару екені белгілі. Осы орайда «Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы» жобасының жетекшісі Төреәлі Қыдыр былтыр жарық көрген антологияның бірінші томына исламға дейінгі әдеби жәдігерлер қамтылса, екінші томына Қарахандықтар дәуірінде жазылған әдеби жәдігерлер енгенін атап өтті.

«Биыл елімізде 750 жылдығы кеңінен аталып өткен Алтын Орда билігі тұсында бірнеше шығармалар жазылғаны белгілі. Антологияның үшінші томына осы дәуірде жазылған діни-дидактикалық жәдігерлерді енгізгенді жөн деп санадық. Себебі Алтын Орда тұсында түркілік рух пен ислами құндылықтар тұтастанып, түркі мұсылман дүниетанымын қалыптастырған болатын. Насируддин Рабғұзидың «Пайғамбарлар қиссасы», Махмұт Кердеридің «Жұмақтардың ашық жолы», Исламның «Мұғинулмүрид», Хусам Кәтіптің «Жұмжұма» секілді туындыларымен бірге, осы дәуірде жазылған, бірақ авторлары белгісіз «Кесікбас кітабы», «Сиражулкулуб» және «Китәби Әбу Ләис Самарқанди» атты шығармалар да енгізілді. Осы жәдігерлерді жете түсіну үшін томның соңына діни ұғымдар мен ататулардың сөздігі де берілді.

Қарахандықтар мен Алтын Орда билігі тұсында жазылған жәдігерлер, тек қазақтың ғана емес, барша түркі халықтарының рухани мұрасы екені анық. Қарахандықтар тұсындағы жазба ескерткіштер түркі мұсылман жұртының мақтанышы болса, Алтын Орда дәуірінде жазылған әдеби жәдігерлерде Орталық Азия, Еділ-Бұлғар және Кавказ түркілерінің де үлесі бар екені анық. Екі томды дайындауда бауырлас түркі ағайындардың пікірлері ескерілді» деді ол.

Осы орайда айта кетейік, «Дала фольклорының антологиясы» онтомдығының тұсауын филология ғылымындокторы Сейіт Қасқабасов, ҚР Мәдениет саласының үздігі Сауық Жақанова, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Дәурен Куат кессе, «Ұлы даланың көне сарындары» антологиясын Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Шәміл Әбділтаев, Мәдениет саласының үздігі Әбділхамит Райымбергенов, «Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясына» қатысты Еуразия ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары Суат Бейлур мен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы Н.Келімбетов атындағы Түркітану орталығының директоры Асқар Тұрғанбаев тұсаукесер рәсімін жасады. Антологиялар 10000 данамен басылып, Қазақстанның барлық кітапханаларына тарайды.

Салтанатты іс-шарада К.Матыжанов және институт ұжымы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ұзақ жылдар басшылық қызмет атқарған көрнекті ғалым, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы, профессор Сейіт Қасқабасовты 80 жылдық, осы институттың бұрынғы қызметкері, фольклортанушы ғалым Бақытжан Әзібаева мен жазушы, әдебиеттанушы ғалым Нұрдәулет Ақышты мерейтойларымен құттықтап, сый-сияпат жасады.

ӨНЕР

ТЕАТРДАҒЫ МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАР

Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында үш күн қатарынан мерекелік шаралар ұйымдастырылып, жыл қорытындыланды. Алғашқы күнінде Шығыс Айтматовтың «Қызыл орамалды шынарым» қойылымының 10 жыл ішінде 150-ші рет қойылуы өтті. Аталған шараға Қырғызстан Республикасының Алматы қаласындағы бас консулы Кайратбек Жакыпов пен Қазақстандағы қырғыз этно-мәдени бірлестігінің өкілі Сүйінбай Абылкасымов қатысты. Шара аясында 10 жыл бойы осы қойылымда өнер көрсетіп келе жатқан артистерге ерекше құрмет көрсетілді.

Екінші күні өзбекстандық Саид Ахмадтың «Келіндер көтерілісі» қойылымының 10 жылда 100-ші қойылуы аталып өтті. Бұл шараға Өзбекстан Республикасының Қазақстандағы бас консулы Аброр Фатхуллаев пен Алматы қаласындағы Өзбек этно-мәдени орталығының төрағасы Абдулла Исматуллаев қатысты.

Аталған екі күнде де екі елдің музыкалық аспаптары ойнап, арнайы көрме де ұйымдастырылды.

Айтулы мерекенің үшінші күні Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры медицина қызметкерлерінің құрметіне «Абзал жанға алғыс» атты іс-шара өткізді. Күллі әлемге келген короновирус індеті кезінде жанкештілік танытып, ел үшін қызмет еткен ақ халаттыларға арнап М.Ладонын «Адам-зат» қойылымын қойып, дәрігерлерге алғыс айтты.

«Адам-зат» пьесасын қазақ тіліне ауылдағы екі отбасының басындағы күйбең тіршілік. Бақуатты тұратын қожайын мен оның қорасындағы үй жануарларының айтыс-тартысы көрсетіледі.

Қойылым режиссері Данияр Базарқұловтың айтуынша, спектакльдің түпкі идеясы – түсік жасатуға қарсылық. «Қойылымның ерекшелігі – формасында. Эмоция шектелген, ойға құрылған. Адам қандай жағдайға тап болып, шарасыз, дәрменсіз күй кешсе де, ешқашан тіршілік иесін өлтіруге құқы жоқ. Себебі Алла құрсақта нәрсеге бітірсе, ол періште дүниеге келуі керек. Сондай-ақ ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас та сөз болады. Өкіншіті, қазір біз бір-бірімізді тыңдамаймыз, естімейміз. Кез келген түйткілді ақылға салып, шешуге болатыны жайында, әр адамның таңдау еркі өз қолында екенін біле бермейміз. Міне, көрермен қойылым астарынан осыны аңғарады» дейді режиссер.

Айта кетейік, шара соңында

тәржімалаған – Құжырғали Төлеуішов, қоюшы режиссері – Данияр Базарқұлов. Қойылым әдеттегі көріп жүрген спектакльдерден мүлде өзгеше. Адамзат, қоршаған орта, пендешілік, тағы басқа тұла бойымызды қуй сайын шырмап алатын жайттарды көз алдыңызға әкеле отырып, сан алуан сұраққа жауап іздеуге шақырады. Бұл кәдімгі бұйығы жатқан

Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының ұжымы пандемия кезінде елге күндіз-түні қызмет еткен ақ халатты абзал жандарға ерекше құрмет көрсетіп, сый-сияпаттарын жасады.

А.ҚУАТОВА

ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ

Құрылтайшы және шығарушы: **«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ»** Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор – Редакторлар кеңесінің төрағасы **Шәмшидин ПАТТЕЕВ**

қабылдау бөлмесі 272-87-30
kaz_gazeta@mail.ru
www.kazgazeta.kz

ANA TILI

- Бас редактор **Жанарбек ӘШІМЖАН**
- Бас редактордың бірінші орынбасары **Нұрперзент ДОМБАЙ**
- Бас редактордың орынбасары **Қарагөз СІМӘДІЛ**

- **Бөлім редакторлары:** Нұрболат СҰЛТАНҒАЗИЕВ – Тіл мәселелері және этнография; Ақбота МҰСАБЕКҚЫЗЫ – Білім, ғылым және мәдениет; Бағдағул БАЛАУБАЕВА – Әлеуметтік мәселелер және ақпарат
- **«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдіктері:** Ғалым ОМАРХАНОВ 8 775 750 9444 (Нұр-Сұлтан); Жанғабыл ҚАБАҚБАЕВ 8 771 769 6322 (Ақтөбе обл.); Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ 8 (701) 774-21-41 (Маңғыстау обл.)
- Ⓐ материалдың жариялану ақысы төленген
- **Меншікті тілшілер:** Өтеген НӘУКИЕВ (Атырау) 8 701 518 46 81; Орал ШӘРІПБАЕВ (Семей) 8 705 661 14 33; Оразалы ЖАҚСАНОВ (Қостанай) 8 777 230 71 84; Жарқын ӨТЕШОВА (Маскеу) Zharkyn-1@yandex.ru
- **Фототілші** Азамат ҚУСАЙЫНОВ
- **Беттеуші** Нұржан АСАНОВ
- **Корректорлар** Алмағүл ҮЛТАНБЕКОВА, Нұрғаиым БАТЫР
- **Хатшы-референт** Назғүл БЕЙСЕМБАЕВА
- **Қоғамдық негіздегі кеңесшілер:** Ғарифолла ӨНЕС – филология ғылымының докторы; Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ – филология ғылымының докторы, профессор; Аяуқ МИРАЗОВА – педагог-ұстаз, Қазақстанның Еңбек Ері; Талас ОМАРБЕКОВ – тарих ғылымының докторы, профессор
- Апталық Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 28 наурызда №17007-Г куәлігі берілді.
- Газет аптасына бір рет, бейсенбі күні шығады.
- «Ана тілі» газетінде жарияланған материалдардың авторлық құқы «Қазақ газеттері» ЖШС-на тиесілі, жарнаманың мәтіні мен тілінде редакция жауапты емес.
- «Ана тілінде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Газет авторларынан мақалалардың 3 беттен (14 кегль) аспауын, электрондық нұсқасымен қоса жеткіруін сұраймыз. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, қолжазба кері қайтарылмайды.
- Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында жасалды. Индекс 65367. Офсеттік басылым.
- Газет: Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 үй. «Дауір» РПБК ЖШС-нда, Тел: 273-50-53; Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі, 9/2, «Хабар-Сервис» ЖШС баспаханаларында басылып шықты

Тапсырыс №1055 / 1646

- **МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:** 050013, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 175, 4-қабат
- **РЕДАКЦИЯ ТЕЛЕФОНДАРЫ:** 2-72-49-78 (қаб.бөлмесі/факс) **Бөлім редакторлары:** 267-40-07 **E-mail:** anatili_gazeti@mail.ru
- **Таралымы 15 000**
- Кезекші редактор **Ақбота МҰСАБЕКҚЫЗЫ**